

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНДЕГІ  
«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛГЕ» АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ  
ТҰЛҒАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТАНШЫЛДЫҚТЫ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РОЛІ**

*Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде*

**1-кітап**

2-ші басылым, өңдел. және толық.

ӘОЖ 323 (574)=512.122  
КБЖ 66.3 (5 Каз)=632.4  
Қ 18

**ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен.**

**Құрастырушы авторлар:** Байжабагинова Г.А., Матвеевкова Л.Г., Волкова А.В., Сламбекова А.К., Смағұлов Н.Қ., Шаймұханова С.Д., Колесникова Л.И., Сиводедова А.В., Нығметова Н.Т., Нөкербекова А.Х., Баймұханова Ә.М., Марченко К.С., Жұмақанова Ұ.С., Колесникова Л.И., Ивлева Е.Н., Қарасартова М.М., Шорманбаева Д.Г., Сүлейменова М.Ж.

**Қ 18 Қазақстан Республикасы Президентінің тұлғасының қазақстандық отаншылдықты қалыптастырудағы ролі.** Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде. 1-кітап / ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен. – 2-ші басылым, өңдел. және толық. - Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті баспасы, 2011. – 135 б.

Жинақта Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың көп қырлы қызметінің әр түрлі жақтарын ашатын мақалалар берілген. Жинақ материалдары кураторларға Қазақстан Республикасы Президентінің тұлғасы өнегесінде қазақстандық отаншылдықты қалыптастыру бойынша куратор сағаттарын және басқа іс-шараларды дайындау үшін ұсынылады.

ӘОЖ 323 (574)=512.122  
КБЖ 66.3 (5 Каз)=632.4

© Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университеті, 2011

## Кіріспе

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың білім ордасы. Университет ректораты, профессорлық-оқытушылар құрамы қазіргі заманғы қоғамның талаптары мен сұраныстарын қанағаттандыруға қабілетті, білікті, бәсекеге қабілетті инженер кадрларын даярлауды өздерінің басты міндеті деп санайды. Оны жүзеге асыру үшін біздің университетте жоғары кәсіпті оқытушылар, қазіргі заманға сай жабдықталған оқу-әдістемелік және зертханалық база бар. 2008 жылы университетте Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев атындағы Электрондық оқыту технологиялары орталығы (ЭОТО) ашылды, ол қазіргі заманғы ең жаңа технологиялар мен әдістемелерді, соның ішінде бейнедәрістерді, мультимедиалық тұсаукесерлерді және т.б. пайдалануға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, біз әлеуметтік бағытта жол бастаған экономикасы бар, демократиялық қоғамды құру үшін жастардың өнегелі және рухани дамуы қажет деп ойлаймыз. Қазақстан дамуының қалай және қаншалықты сәтті болуы көбінесе осы жастардың саяси жігеріне, құндылықтарына, мақсат-мұраттарына байланысты болады. Сондықтан біз қазақстандық жас ұрпақтың бойында отаншылдық, азаматтық және әлеуметтік жауапкершілік сияқты қасиеттерді қалыптастыру мақсатында, тәрбие жұмысын жетілдіруді өзіміздің тағы бір маңызды міндетіміз деп білеміз.

Қазіргі Қазақстанның көптеген табыстары тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атымен, оның саяси ерік-жігерімен, дана көрегендігімен, Қазақстанды экономикалық тұрғыдан мықты, демократиялық мемлекет етуге деген орасан зор ынтасымен тығыз байланысты екенін білеміз.

Қазақстандықтар ел экономикасын тұрақтандыру мен жаңартуды, Қазақстан халқы өмірінің сапасы мен стандарттарын жоғарылатуды, экономикалық серпін стратегиясын әзірлеуді және Қазақстанның әлемнің 50 бәсекеге қабілетті елдерінің қатарына кіруін, саяси жүйені демократияландыруды, құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам негіздерін құруды, адамның қоғамдағы құқықтары мен бостандықтарын іске асыру үшін жағдай тудыруды, ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің сақталуы мен нығайтылуын Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атымен байланыстырады. Оның басшылығымен Қазақстан мемлекетті күшейту және көпшілік мойындаған демократиялық құндылықтарды дамыту арасында үйлесімді баланысты ұстай алып келеді.

Еліміздің көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бірегей қабілеттерінің арқасында Қазақстан Республикасы посткеңестік елдер үшін дамудың моделі болып табылады. Қазақстанды ауқымы бойынша аймақтық көшбасшыға айналдырудағы, қоғамды тиімді реформалаудағы, аймақтық және жаһандық тұрақтылықты нығайтудағы, мемлекетті әлемдік қауымдастыққа кіріктірудегі мемлекет басшымыздың табыстары шүбә келтірмейді. Ол Еуразия экономикалық қауымдастығын (ЕурАзЭК), Азиядағы өзара іс-қимыл және

сенім шаралары бойынша Кеңесті (АӨСШК), Шанхай ынтымақтастығы ұйымын (ШЫҰ) құрған бастамашылардың бірі болды.

ҚР Тұңғыш Президенті тұлғасының даналық, көрегендік, табандылық және қажымас қайрат сияқты қасиеттері, сондай-ақ Қазақстанды гүлдендіру мен дамытуға шақырған үндеуі үшін бүгінгі күні көптеген Қазақстан азаматтары Н.Ә. Назарбаевқа деген ерекше ілтипатын білдіруде. Қазіргі таңда Н.Ә. Назарбаев - еліміздің Президенті ғана емес. Ол - жаңа типті көшбасшы, мемлекеттік көшбасшы, Қазақстан Республикасын қазақстандықтардың алдында ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлемдік қауымдастықтың алдында бейнелейтін көшбасшы.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінде студенттер тәрбиесінің кешенді бағдарламасы әзірленген, оның құрамдас бөлігі - Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тұлғасының өнегесінде студенттерге отаншылдық тәрбие беру бағдарламасы болып табылады. Аталған бағдарлама теориялық, құқықтық негіздеуден және тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру бойынша ұсыныстардан тұрады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өнегесінде студенттерге отаншылдық тәрбие беру бағдарламасын іске асыру барысында студенттер Н.Ә. Назарбаевтың өмірлік жолының негізгі кезеңдерімен, оның егеменді Қазақстанның экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани негіздерінің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесімен, оның әлемдік қауымдастықта еліміздің жағымды бейнесін қалыптастырудағы және Қазақстан Республикасын аймақтық көшбасшыға айналдырудағы рөлімен танысады. Ол үшін тәрбие жұмысының әр түрлі түрлері, соның ішінде куратор сағаттары, «дөңгелек үстелдер», баяндамалар мен рефераттар конкурстары, пікірталастар, диспут және т.б. пайдаланылады. Студенттердің тәрбиелік шаралар барысында алған ақпаратын өз тұлғаларының дүниетанымдық көзқарасына айналдыру қажет. Сондықтан тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастырушылар дайындық кезінде мүмкіндігінше көп студенттерді жұмылдыра отырып, осылайша оларды әрбір қатысушыға максимум жақындата түсіп, нысаншылдық пен алдын-ала ұйымдастырудан аулақ болуға тырысады.

Осы жинақта ұсынылған материалдар Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің оқытушыларымен әзірленген және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өнегесінде студенттерге отаншылдық тәрбие беру бойынша куратор сағаттарын өткізуде кураторларға ақпараттық және әдістемелік көмек көрсетуге арналған. Жинаққа берілген қосымшада куратор сағаттарының үлгі тақырыптамасы, сондай-ақ конференциялар, «дөңгелек үстелдер», диспуттер тақырыптамасы ұсынылған.



**Қазақстан Республикасы  
Тұңғыш Президентінің өнегесінде  
қазақстандық отаншылдықты  
қалыптастыру  
(ҚарМТУ тәжірибесінен)**

*Қарағанды мемлекеттік техникалық  
университетінің ректоры,  
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,  
ҚР ҰҒА академигі  
**Ғазалиев А.М.***

***Құрметті әріптестер!***

Отаншылдық тәрбие беру қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Отаншылдық тәрбие беру идеясына негізделген, қуатты мемлекеттің жарқын үлгісі Америка Құрама Штаттары болып табылады. АҚШ-та отаншылдық, осы елдің азаматы болғаны үшін мақтаныш сезімі балалық шақтан бастап бойға сіңіріледі. Мысалы, Вашингтонда Арлингтон зиратында Бірінші дүниежүзілік соғыста қаза болған, Белгісіз солдат қабірінің жанында әр сағат сайын қарауыл ауысып тұрады. Тарихи жағдайларға байланысты Еуропаның көптеген елдерінде тарих пен отаншылдық өз ара ажырамас байланыста деген ұстанымнан шыққан, отаншылдық тәрбие берудің жалықтырмайтын әдісі пайдаланылады.

Қазіргі қарқынмен өзгеріп келе жатқан қоғамға тән ерекшеліктердің бірі оның дүдәмалдылығы мен тәуекелдігі болып табылады. Тәуекелділік әр түрлі топтардың әлеуметтік мәселелерінің негізінде жатыр. Оның басты себебі қоғамның барлық салалары мен адамдар арасындағы қарым-қатынас түрлерін қамтитын, кешенді өзгерістер болып табылады. Осындай жағдайларда қоғамның ерекше типі - тәуекелшіл қоғам қалыптасады. XX ғасырдың 90-жылдарындағы ұзаққа созылған әлеуметтік дүдәмалдылық кезең жас қазақстандықтардың дүниетанымына қатты әсер етті. Орта мектептер мен кәсіптік мектептердің оқушылары арасында, олардың өз айтулары бойынша, әрбір үшінші оқушы, ал ЖОО студенттері арасында әрбір екіншісі оқу үрдісі барысында үнемі тәуекелдік әрекеттер жасауға мәжбүр болады. Тәуекелдік орта жастардың әлеуметтік және рухани-адамгершілік дамуын едәуір баяулатады. Нәтижесінде қоғамда терең идеологиялық вакуум пайда болады.

Сонымен бірге, қазіргі әлемде жас адамдардың ойы мен санасы үшін нағыз соғыс жүріп жатқаны күпия емес. Қазіргі жағдай жаһандық қаржы дағдарысымен асқынып тұр, дағдарыс жағдайында ескі проблемалар шиеленісіп, жаңалары пайда болып жатады.

Осындай қиын жағдайда бұрынғысынша күресуге болмайды және біздің барлығымыздың ортақ міндетіміз күресуге сай келетін әдістерін іздеп табу болып тұр. Біз нақты адам - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті

Н.Ә. Назарбаевтың өнегесінде тәрбиелік сипаттағы мәселелерді шешудің тиімді әдістерін ұсынамыз.

Қазіргі Қазақстан тарихындағы қоғамдық өмірдің барлық саласында еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қосқан үлесі, атқарған маңызды рөлі бірден байқалып тұрады. Н.Ә. Назарбаевтың ел Президенті болуына ғана емес, өз халқының да, шетел халықтарының да алдында Қазақстанның мүддесін қорғайтын, нағыз ұлттық Көшбасшы бола білуіне ерекше мол ішкі қайраты, керемет ерік-жігері, табандылығы және даналығының арқасында қол жеткізді.

Осы айтылғандардың барлығы Н.Ә. Назарбаевтың тұлғасын өз Отанына, өз халқына шексіз беріліп қызмет етудің жарқын мысалы, отаншылдық үлгісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

2008 жылдан бастап ҚарМТУ-да студент жастарда қазақстандық отаншылдықты қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің өнегесіндегі студенттерге отаншылдық тәрбие беру моделі өңделді және ойдағыдай іске асуда, ол Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына Президент Н.Ә. Назарбаевтің маңызды стратегиялық бастамаларын есепке ала қайта өңделген және толықтырылған.

Отаншылдық тәрбие беру Моделінің мазмұнды бөлімі тәрбиелеу процесінің қисынды сабақтас 7 оқу семестрін қамтитын кезеңдерден тұрады: «Қазақстан Республикасы Президенті тұлғасының қазақстандық отаншылдықты қалыптастырудағы ролі», «Қазақстан Республикасы әлемдік саясат жүйесінде», «Қазақстан тарихындағы ұлы тұлғалар», «Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы», «ҚарМТУ-дың даму тарихы», «Экология және ұлт денсаулығы», «Құқықтық тәрбие негіздері».

Отаншылдық тәрбие беру Моделін тиімді дамыту үшін ҚарМТУ-да тәрбиелеу процесіне «Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру: теория және практика» атты монография шығарылды, қазақстандық отаншылдықты ғылыми-зерттеу ретінде студент жастарда оны қалыптастырудың құбылысы мен процесін ұсынады. Сонымен қатар, «ҚарМТУ-да студенттерді патриоттық тәрбиелеу моделінің шеңберінде ендірілген куратор сағаттарын өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар» DVD дисктермен, онда ашық куратор сағаттары жазылған. Отаншылдық тәрбие беру Моделі Президент Н.Ә. Назарбаевтың қызметіне арналған видеолекциялар топтамасына басты роль аударған.

2008 жылдан ҚарМТУ-да отаншылдық тәрбие берудің даму қарқыны мен әлеуметтік зерттеу жағдайы жыл сайын өткізіледі, ол отаншылдық тәрбие беру Моделінің іске асу тиімділігін айқындауға мүмкіндік береді.

Сондықтан, ҚарМТУ-дағы отаншылдық тәрбие беруді іске асыру тәжірибесі ҚР Парламент Мәжілісінде екі рет талқыланды: 2009 жылы 21 сәуірде ҚР Парламент Мәжілісіндегі «Нұр Отан» ХДП Әлеуметтік Кеңес фракциясында ұйымдастырылған Парламенттік тыңдаулар барысында және 2009 жылы 10 желтоқсанда Мәжіліс шеңберінде болған «Қазақстан жастарының отаншылдық тәрбие берудегі ролі: мәселе, болашақ, шешу жолдары» атты дөңгелек үстел. Екі талқылау барысында Модель құрылымы

және оның іске асу нәтижесі депутаттардан, білім беру қызметкерлерінен, қоғамдық және жастар ұйымы өкілдерінен қолдау және көмек алды.

2009 жылы 17 қыркүйекте отансүйгіштік тәрбие беру Моделін талқылау мамандар жағынан жоғары баға алған, Болон қаласындағы (Италия) халықаралық конференцияда өтті.

2010 жылы 8 қазанда «Жастардың отансүйгіштік тәрбиесі: жағдайы және болашағы» республикалық семинар-кеңес өтті, онда азаматтылық және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру, сонымен қатар мемлекеттік рәміздерді насихаттау бойынша жастар ұйымы қызметін белсендіру және оқу орындарында біріктіру туралы қарар қабылданды.

2011 жылы 10 желтоқсанда «Қазіргі жастар арасындағы қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың мәселелері мен әдістері» I Республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды және өткізілді, онда ҚР БҒМ жастар саяси департаментінің өкілдері, республиканың ЖОО бастаушы ғалымдары ат салысты.

Сайып келгенде, ҚарМТУ да өңделіп және енгізілген отаншылдық тәрбие беру Моделі қажетті теориялық және әсерлі негіздерге ие, өзімен жүйелік, әр түрлі тәсіл мен әдістерді есепке ала отырып отансүйгіштік тәрбие беру кешенін игерілген қазіргі педагогикамен жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оның практикалық тиімділігі әлеуметтік зерттеу қорытындысы ретінде бекітілді, сонымен қоса университетте өткізілетін қоғамдық-саяси және басқа шараларға студенттердің нақты оң өзгерісті қатынасы.

***Құрметті достар!***

***Теодор Рузвельт: «Сен өз елің үшін өлімге дайын болуың қажет, бірақ ол үшін өмір сүруге дайын болуың одан да қажет, - деген.***

Біздің ұсынған жұмысымыз бәріміз үшін ортақ іс – мемлекетімізді нығайтуға қосқан елеулі үлес болып, өз елінің шынайы отаншыл азаматын тәрбиелеуге көмектесетініне сенімдімін!



## Отаншылдық әлеуметтік өмір құбылысы ретінде

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының профессоры, с.ғ.к.  
Матвеевкова Л.Г.*

Қоғамдық өмірде дүние танымның негізін Отанға арналған идеялар құрайтын, саяси және басқа көзқарастардың патриотизммен байланысы бар болған жағдайда ғана жеке тұлға үшін маңызы болатын кезеңдер бар. Бұл – ұлттық сыналу, ұлттық жандану және жаңа мемлекеттердің қалыптасу дәуірлері, олардың саяси өміріндегі күрт өзгерісті кезеңдер дәуірлері. Осы кезеңдерде құнды бағдарлар ауысып, халықтың барлық топтарының әлеуметтік жағдайы мен мүдделері өзгеріп жатқанда, патриотизм оның маңында қоғамның салауатты күштері топталатын нығайтушы өзек болады. Атап айтқанда, осы отаншылдық адамдардың өмірі мен қызметіне мән-мағына береді, олардың бірігуіне көмектеседі және Н.Ә. Назарбаев сөйлеген сөздерінің бірінде атап өткендей, «елді құрудың іргетасы» болады.

Патриотизм деген не? Егер осы сөздің этимологиялық мағынасына сүйенсек, онда бұл «patris» деген латын сөзінен шыққан, сөзбе-сөз аударғанда «Отан» деген сөзді білдіреді. Осыған негізделіп, әр текті сөздіктер патриотизмді мазмұны өз Отанына сүйіспеншілік пен жан қиярлық, оның өткені мен болашағы үшін мақтаныш, өзінің жеке және топтық мүдделерін елдің ортақ мүдделеріне бағындыруға әзірлік, Отанға қызмет етуге ұмтылу, оны қорғау болып табылатын әлеуметтік сезім ретінде түсіндіреді.

Дәл осы идея әр дәуірдің ұлы адамдарының айтқан ұлағатты сөздерінде де басым болып табылады. Біздің дәуірімізге дейін көптеген ғасырлар бұрын Цицерон былай деп жазған: «Бізге ата-анамыз, балаларымыз, жақын туыстарымыз қымбат. Бірақ бір нәрсеге сүйіспеншілік туралы барлық түсініктер «Отан» деген бір сөзде қосылады». Т.Г. Шевченко өзінің өлеңдерінде патриотизмнің не екенін жарқын, бейнелі көрсеткен: «Кімнің туған еліне сүйіспеншілігі болмаса, онда ол жүрегі жұтаң жарымжан адам». Бауыржан Момышұлы: «Ұлттық намыс – ұлттың бойындағы қасиеті және бұлжымайтын қағидасы. Өз ұлтын құрметтей білмеген, оны мақтан ете алмаған адам – сөз жоқ тексіз, бұралқы адам. Намысты адам намысы барды қадірлейді және намысы жоқты сыйламайтыны заңдылық». Сондай-ақ, ақырында, А. Толстойдың пікірі бойынша: «Патриотизм – бұл өз Отанына деген махаббат қана емес. Бұл анағұрлым үлкен... Бұл - өзінің Отаннан ажырамайтынын сезіну және оның бақытты да, бақытсыз күндерін ажырамастан онымен бірге бастан кешіру».

Біз, патриотизмнің қоғамды бірлестіру, үйлестіру, көп дидарлы адамзат қауымдастығындағы оның өзіндік ерекшелігін сақтау негізі болып табылатын,



ерекше маңызды рухани құндылықты білдіретінін көреміз. Оны тар, бір мағыналы ұғымға келтіруге болмайды. Ол көп қырлы және біртекті емес. Бір кездері: «С чего начинается Родина? С картинки в твоём букваре...» - деген сөздермен басталатын өлең өте танымал болған. Шындығында, адам үшін Отанына деген сүйіспеншілік оның туып-өскен, өмірі өткен, оның барлық қуанышы мен қайғысын көрген жеріне деген сүйіспеншіліктен басталады. Мұны Г. Бельгер өзінің повестерінің бірінде өте кең білдірген: «Сколько же смысла, оттенков, добра и любви в коротком слове «Эль»! Оно означает мой край, моя родимая сторонushка, близкие мои люди - сородичи, мой аул и его окружение, край моих предков, моя малая родина, край, где капнула первая капля крови от моей пуповины, край - опора, край - защита, край - отрада, земля моей чести, моей совести. Люди, живущие на той земле, где каждый друг перед другом в ответе, где издревле, может, даже с незапамятных времен один за всех и все за одного».

Сонымен, патриотизм – бұл кешенді рухани және әлеуметтік феномен, оған өз еліне деген сүйіспеншілік, оның тарихы мен мәдениетіне деген зор құрмет, өзінің күші мен қоғамның күштеріне деген сенім кіреді. Бұл - тарихқа қатыстылықты жоғары сезіну және ел болашағы үшін жауапкершілік. Патриотизм – бұл идеология және психология, саясат пен адамның Отанға деген ерекше, көтеріңкі, шын берілген қатынасын білдіретін қызмет. Патриотизмнің құбылыс ретінде үш негізгі аспектіден немесе деңгейден тұратынын атап кету керек: когнитивті, өз Отанының тарихы мен мәдениетін білуді жорамалдайды, эмоциялық, өзінің еліне деген мәдени, тарихи және рухани тиесілілігін сезінуден, яғни өзін халықтың құндылықтарымен сәйкестендірумен айқындалады және тәртіптік, осы құндылықтар негізінде белсенді әрекет ету қабілеті мен қалауы ретінде түсіндіріледі. Сонымен бірге қазақстандық патриотизмнің ерекше құбылыс екенін ескеру маңызды, өйткені Қазақстанның көп ұлтты халқының бір, оны мекендейтін барлық халықтар үшін ортақ Отанға қатынасы жайында сөз болып отыр.

КСРО ыдырауы және егеменді Қазақстанның қалыптасуы қоғамның тіршілік әрекетінің барлық салаларында – экономикадағы, саясаттағы, әлеуметтік және рухани салалардағы құрылымдық өзгерістермен жалғасты. Олар адамдар санасында өзгерістер тудырмай қоймады, олар көпшілігінде ескі құндылықтар мен мақсаттарды жоғалтумен, дүние таным дағдарысымен жалғасты. Егемендігін жариялаған Қазақстанның алдында жаңа қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси базасын құру ғана емес, сонымен бірге ел азаматтарының мемлекеттік сәйкестігін, яғни азаматтықты, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру үшін жағдайлар жасау міндеті тұрды. Берілген факторды есепке алып, Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «В потоке истории» кітабында мемлекеттік сәйкестік проблемасын шешу принциптерін тұжырымдады. Уақыттың өзі дәлелдегендей, осы бағдарламаның басты акцентін Н.Ә. Назарбаев өте көрегендікпен және даналықпен этникалық ортақтықты қалыптастырудан (бұл көптеген посткеңестік республикалардың негізгі идеясы болды және кейіннен этникааралық даулар тудырды) азаматтықты қалыптастыруға ауыстырды: «Еліміздің көп ұлтты құрамы, көп

конфессиялылығы – осының барлығы сәйкестік туралы мәселені шешуге, ал атап айтқанда, біріншіден, біртұтас азаматтық және саяси ортақтық ретінде Қазақстан халқына қатысты, ал екіншіден, басты саяси құндылық – ұлттық тиесілігіне байланыссыз, барлық қазақстандықтардың Отаны – бірыңғай, аумақтық тұтас және тәуелсіз Қазақстанның айналасында құрылатын ұлттық мемлекеттік идеяға қатысты екі деңгейлі амалдың қажеттілігін ұсынады». Бұдан бұрынырақ бұл идея ҚР Конституциясының бастама бөлімінде: «**Біз**, ортақ тарихи тағдырмен біріктірілген, **Қазақстан халқы...**», - деп жарияланған болатын.

Дүниетаным дағдарысының және пайда болған адамгершілік-идеологиялық вакуумның, халықтың аса аз қорғалған және кез келген текті идеяларға аса көп ұшырайтын бөлігі ретінде жастарға әсер еткені сөзсіз. Неліктен? Көптеген жас адамдар егеменді Қазақстанда дүниеге келді ғой. Бұл сұраққа жауапты Ш. Монтескье береді: «Балаларға Отанға деген сүйіспеншілікті дарытудың ең жақсы тәсілі – осы сүйіспеншіліктің әкелерінде болуы». Яғни проблема мынада: бүгінгі жастар – бұл жоғарыда айтылған қоғамның құрылымдық өзгерістері кезеңінде, дүниетаным дағдарысы. Бұл жағдайларда студент жастарға патриоттық тәрбие беру, олардың бойында белсенді азаматтық позицияны қалыптастыру және олардың өздерінің болашағы және өз елінің болашағы үшін жауапкершілікті сезінуі бүкіл қоғамның маңызды міндеті болады. Қазақстан дамуының қалай және қаншалықты сәтті болатыны, атап айтқанда, жастардың саяси еркіне, құндылықтарына, мұраттарына көбінесе байланысты болады. Н.Ә. Назарбаев атап өткендей, «көп ұлтты жастарды өздерін Қазақстанның тарихымен, алдыңғы ұрпақтың маңызды өмірлік құндылықтарымен теңестіруге үйрету керек, жастарға нақты өмірлік бағдарлар беру керек».

Патриотизм сезімі туа біткен сезім болып табылмайды, оны тәрбиелеу керек. Бұл - күрделі, көп жоспарлы процесс. Оған тарихи сананы, яғни елдің батырлық және қайғылы беттерін есепке алып қалыптастыру, елдің тарихына, мемлекеттік рәміздерге, заңдарға, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге құрметпен қарау кіреді. Бұл процесс отбасы тәрбиесіне, қолданылып жүрген дәстүрлерге, еліміздегі өмірдің деңгейі мен сапасына, әлеуметтік бағдарламалармен қанағаттандырылғандыққа, яғни адамның өзінің берілген елдің қатарында болуын мақтан тұтуына мүмкіндік беретін барлық факторларға едәуір дәрежеде байланысты болады. Оған Н.Ә. Назарбаев ерекше көңіл аударады: «Әрбір қазақстандық өзінің ұлттық тиесілілігіне қарамастан, Қазақстан – бұл оның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ылғи да дайын болатын, оның қанына сіңген туған мемлекеті екенін сезінуі тиіс. Тек осы жағдайда ғана қазақстандық патриотизм сезімін арттыру және тәрбиелеу үшін түпкілікті негіз пайда болады, тек осы жағдайда ғана отандастар қазіргі уақытта Қазақстан ретінде бүкіл әлемге әйгілі мемлекетке тиесілілігі үшін мақтаныш сезімін байқайды». Мемлекетте еліміздің азаматтарын біріктіретін ұлттық идеяның бар болуы патриотизм қалыптасуының осы «түпкілікті негізі» болуы мүмкін. «Қазақстан-2030» Стратегиясын – егеменді Қазақстанды дамыту бағдарламасын толық негіздемемен осындай идея деп санауға болады.



## **Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті**

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі,  
т.ғ.к., доцент  
Смағұлов Н.Қ.*

1980 жылдың аяғында саяси орталарда қысқа уақыт ішінде Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге оның шекарасынан тыс елдерде орасан зор құрметті иеленген, көбінесе өмір сүріп жатқан дәуірмен үндес адамның аты шықты. Бұл Н.Ә. Назарбаевтың аты болатын. Экономикалық және саяси реформаларды батыл, әрі белсенді түрде алға жылжытатын, республика қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, сондай-ақ ел азаматтарын жанжалдар мен даулардан қорғайтын Қазақстан басшысы тұлғасының беделі мен тартымдылығы миллиондаған адамдарға үлкен жағымды әсер етті.

Толықсыған социалистік экономиканың шиеленісіне, ыдырап бара жатқан Кеңес Одағының даму перспективалары мен жолдарын іздеуге толы, 1990-1991 жылдардағы күрделі кезеңде Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев орасан зор елдің бүкіл кеңістігінде тұратын адамдардың көңілін өзіне аударып, қоғамдық пікірді сұрау нәтижесінде екі рет «Жыл адамы» атанды.

«Мен 1990 жылдан бастап Қазақстанның дағдарыстан, кеш қайта құру тұйығына тірелуден өз бетімен шығуына тура келетіні туралы шындап ойлана бастадым. Орталықтың күшіне енді ешкім сенбеді. Осы кезеңде ел аумағында біртұтас экономикалық кешен болмады. Қазақстан үшін бұл жағдайдың ерекше драмалық реңкі болды. Менің есептеуім бойынша, біздің кәсіпорындарымыздың 95 пайыздан артығы Орталықтан басқарылды. Сонымен бірге басқарушылық, қаржылық, әкімшіліктік байланыстар үзілген жағдайларда, дәрменсіз Орталық жағдайларында осының барлығы республика экономикасының жағдайына тікелей әсер етті», - дейді Н.Ә. Назарбаев (Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. с. 86-87).

Толық күйреуге жол бермеу, мүлдем басқа экономикалық және саяси жағдай шарттарында ыдырау салдарын жұмсарту үшін Н.Ә. Назарбаев Жоғары экономикалық кеңес құру және одақтық республика ретінде КСРО құрамына кірген Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны дайындау туралы шешім қабылдады. Берілген Декларацияны дайындау туралы шешім Президенттің еліміздің болашақ егемендігіне қаншалықты байсалдылықпен қарағаны, қаншалықты көреген болғандығы туралы куәландырды. 1990 ж. 25 қазанда республиканың мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны қабылдауы Қазақстанның және оның болашақ Президентінің саяси дербестігінің алғашқы актілерінің бірі болды. Сол кезде қалыптасқан саяси жағдай және Қазақстанның маңында

болған оқиғалар республикадағы жағдайға тікелей әсер етті. Бұрынғы КСРО оңтүстік шекараларын тұрақсыздық белдеуі, тіпті әскери даулар белдеуі ретінде сипаттауға болады. Ауғанстандағы соғыс шекарадан өтіп, Тәжікстандағы азаматтық даумен тығыз байланысқан болып шықты. Қырғызстан аумағында Ош қаласында өзбектер мен қырғыздар арасында дау туындады, қырғыз-тәжік шекарасындағы су және жер ресурстарына байланысты қақтығысулар болды. Әзірбайжан мен Армения арасындағы жарияланбаған соғыстың жалындауы жалғасып жатты. Грузиядағы соғыс лап ете түсті.

Қазақстан үшін Қытаймен шекаралық проблемалар ауыр мұра болды. Ал бұл – бұрынғы жылдары онда орасан зор әскери құрамдар негізделген және онда кеңес уақытының өзінде шиеленісу ошақтары жиі туындаған, ұзындығы 1700 километрге жуық жолақ.

Қалыптасқан жағдайды сипаттай отырып, Н.Ә. Назарбаев: «Бұл біздің шекараларымыз маңындағы әлеуетті және нақты даулардың бірінші шеңбері ғана болатын, - деп атап өткен. Егер Қазақстан қауіпсіздігі проблемасын ядролық жазықтыққа ауыстырса, - дейді әрі қарай Президент, - онда тұрақсыздықтың екінші шеңберінің жоғарыда белгіленген дауларымен ғана шектелмейтінін еске саламын. Біздің Пәкістан, Үндістан, Иран, Ирак, Израиль, КХДР, ОАМ сияқты ядролық қаруға жақын державалармен қарым-қатынасымыз қалай қалыптасса да, олардың ядролық қаруды өндіру мүмкіндігі тек жақын көршілері және осы елдердің әлеуетті қарсыластары үшін ғана қауіпті емес. Ядролық қару – ғасыр жазасы, одан бастаушылар ғана зардап шекпеуі мүмкін. КСРО құлаған соң, осы қорқынышты қарудың таралуын бақылаудың бұзылуы мүмкін болды. Берілген проблемаларды кешенді шешу қажет болды» (Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. 211 с.).

Дәл осы кезде көптеген республикаларда КСРО-да бар болған шекараларды қайта қарау туралы мәселе күшті болды. Бұл жағдайларда Қазақстан Президенті өз елінде және Ресейде ұлттық негізде туындаған шиеленісті батыл саяси қадамдармен және принциптік ұстаныммен шешті, Армения мен Әзірбайжан арасындағы ұлтаралық және аумақтық дауды тоқтатуға шақырды.

Саяси қауіптердің шиеленісуі бойынша күштілігі кем болмаған басқа оқиға, 1991ж. жаңа Кеңес шартын жасасудың дәлме-дәл қарсаңында күшті әсер еткен, «тамыздық бүлік» болды. Күрделі тарихи сәтте Қазақстан көшбасшысы өзін қайтадан салмақты және дана саясаткер ретінде көрсете білді. Жағдайды анық қабылдау елдегі тұрақтылық пен тыныштықты сақтауға, Қазақстанда төтенше жағдайды енгізуге жол бермей, конституцияға қарсы сөз сөйлеуге тосқауыл қоюға мүмкіндік берді.

КСРО-дағы 1991ж. тамыз оқиғалары ескі жүйенің қорғанышы ретінде Коммунистік партияда перспективалар жоқ және осыған байланысты Қазақстан басшысы республика Компартиясын КОКП құрылымынан шығарып, сонан соң коммунистік идеология парызынан тіпті бас тартып, шебер және дәл саяси жүрістерді жүзеге асырды.

Қалыптасқан жағдайды талдап, Н.Ә. Назарбаев өзінің кейінгі әрекеттерін негіздейді: «Республиканың сол кездегі басшыларының көпшілігі Мемлекеттік

төтенше жағдай комиссиясына (МТЖК) қолдау көрсетуді қажет деп санады. Қазақстан Компартиясы ОК және облыстық комитеттер хатшылары, кейбір парламент басшылары МТЖК айыптап сөз сөйлемеуге көндіре бастады. Кейбір шенеуніктер М. Горбачевтің портреттерін кабинеттерінен шығара бастады. Бүгінгі күні әлдекім мұны қаншалықты теріске шығарғысы келсе де, бірақ шындығында солай болды.

Біз Қазақстанда төтенше жағдай енгізуден үзілді-кесілді бас тарттық. Онда былай делінген: «...КСРО Жоғарғы Кеңесінің және республикалардың қатысуынсыз, үш тұлғамен құрылған комитет әдейі заңсыз құжаттарды тудырады, олар басқаны қойғанда, егемендік туралы республикалық декларацияларды аяққа таптайды...». Республикада тұрақтылықты қолдау және болуы мүмкін дауларды болдырмау мен үшін бірінші міндет болды. Бақытымызға қарай, орындалды. Жағдайдың айқындалуына және оның талдануына қарай— бүлікшілердің ұтылатыны анық бола бастады. Дегенмен, мен МТЖК дербес құрамын білгендіктен, бұған әуел бастан сенімді болатынымын, бірақ бір нәрседен қорықтым — билік басында қалуға жанталасып жүргенде олардың соншалықты көп зиян келтіруі мүмкін еді...» (Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. с. 96-97).

Сол кезде Н.Ә. Назарбаев туралы қазір жақын шетел деп аталатын кеңістікте ғана емес, сонымен бірге, мысалы, онда 1990 ж. өзінде-ақ бірқатар құжаттарда екі жақты ынтымақтастық негіздері қаланған және бекітілген Түркияда да жақсы білді.

1991 ж. наурызда Қазақстанға түрік басшылығы келді. Қазақ КСР және Түрік Республикасы арасындағы ынтымақтастық туралы Келісімге қол қойылды, онда тараптар саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени, гуманитарлық және басқа салаларда ұзақ мерзімді негізде жүргізілетін өзара ұтымды ынтымақтастықты әрі қарай кеңейту мен нығайтуға ынтымақтастық білдірді.

Осы келісімдердің мүлде қағаз жүзіндегі дипломатия болмағаны туралы Түркиядағы Қазақстан күндерін өткізу фактісі куәландырады. Оларды түрік баспасы «қазақ мәдениетінің үлкен десанты» деп атады. Апта бойында Анкара мен Стамбул тұрғындары қазақ өнерімен танысты, ал әртістермен бірге келген министрліктер мен ведомстволар өкілдері бұл кезде іскерлік көпірлер тұрғызумен айналысты.

Қазақстан көшбасшысы толық хаттама бойынша кездесуімен сыртқы саяси аренаға екінші рет те шықты. Бұл жерде Н.Ә. Назарбаевтың 1991 ж. Қытайға барғаны көзделіп отыр. Сапар бағдарламасына сәйкес, Н.Ә. Назарбаев ҚКП ОК Бас хатшысы Цзян Цзэминьмен, Мемлекеттік кеңес премьерінің орынбасары Тянь Цзиюньмен және басқа қытай басшыларымен кездесті. Сапар Синьцзян-Ұйғұр автономдық ауданының басшыларымен келіссөздер жүргізумен аяқталды. Сапар нәтижесінде КХР, СҰАА және Қазақ КСР ынтымақтастығын дамытуды көздейтін маңызды құжаттарға және халықаралық туризмге арналған Дружба (КСРО) - Алашанькоу (КХР) шекаралық темір жол өткелін тиімді пайдалану туралы келісімге қол қойылды.

Осы алғашқы сапарлар барысында Н.Ә. Назарбаев өзін көпті көрген, тиянақты және сонымен бірге икемді саясаткер ретінде көрсетті, ал қытайлықтар өзінің меншікті, ешкіммен бекітілмейтін саясатын жүргізетін, толық құқықты, тәуелсіз мемлекеттер басшыларын қалай қабылдаса, Н.Ә. Назарбаевты дәл солай, жоғары деңгейде қарсы алды.

Тіпті өзінің халықаралық саясаткер жолының ең басында Н.Ә. Назарбаевтың өзін саяси қырағылықты иеленген жасампаз және интегратор ретінде көрсеткенін ерекше атап кету керек.

Сонымен, 1991 ж. қазан айында, яғни қоғамдағы алауыздық және солқылдақтар барынша жоғары шегіне жеткен кезеңде, Н.Ә. Назарбаев ерікті экономикалық одақ құруды ұсынды және халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету бойынша және, ең бастысы, біртұтас экономикалық кеңістікті және алуан түрлі шаруашылық байланыстарды сақтау бойынша келісілген шаралар қабылдау үшін Алматыда 13 егеменді мемлекет басшыларының басын қоса алды. Үкімет басшыларының Алматыдағы кездесуінің нәтижесі сәйкес экономикалық келісімді қайта қарастырып кейіннен бекіту болды.

Егер де сонау 1991 ж. желтоқсанда Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша он бір мемлекеттің басшылары Алматыда қайта жиналмаса, тәуелсіз Қазақстанның тағдыры қандай боларын кім білер. Ол кезде бұрынғы ядролық астам державада, бір кезде құрлықтың алтыдан бір бөлігін алып жатқан мемлекетте ретсіздік болды. КСРО көз алдымызда құлады. Сондай-ақ ел ғана құлаған жоқ - миллиондаған адамдарды байланыстырған, үстемдік етуші идеологиялардың бірі күйреуге ұшырады.

Қазақстанның оқиғалардың табиғи барысын жылдамдатпағаны белгілі. Оның тәуелсіздікті басқа одақтық республикалардан кейінірек жариялаған фактісі осының пайдасына куәландырады. Н.Ә. Назарбаев бүгінгі күні де ойсыз тасалау және сенімсіздік саясатының қарсыласы болып қалып отыр. Ол ықпалдасу әлсіретіп қана қоймай, сонымен бірге, керісінше, кез келген елдің тәуелсіздігін күшейтеді деп есептеген және санаған.

Көптеген аналитиктер Қазақстан өзінің көп ұлтты құрылымымен этникалық даулар аренасы болуы мүмкін деп ілгері болжаған. Экономикалық және әлеуметтік дағдарысты жеңу, басталған реформаларды жылдам және қайтымсыз жалғастыру үшін елімізде бүкіл қазақстандық қоғамды шоғырлау талап етілді. Мұндай шоғырлаушы күш бүкіл Қазақстан халқы сенімінің мандатын алған көшбасшы бола алды. Осындай күрделі жағдайларда Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Президентінің бүкілхалықтық сайлауын өткізу жөнінде қайратты және шынайы саяси шешім қабылдады.

1991 ж. 16 қазанда Елбасы Қазақ КСР Президентін сайлау туралы Заңға қол қойды. 1991 ж. 1 желтоқсанда сайлау алдындағы қиын күрестің қорытындыларын шығарған соң, Н.Ә. Назарбаев дауыс беруге қатысқан қазақстандықтардың 98%-дан артығының қолдауын тапқан, бүкіл халықтық сайланған тұңғыш Президент атанды.

Мемлекет басшысының алғашқы маңызды актілерінің бірі 1991 ж. 10 желтоқсанда өзінің бастамасы бойынша әзірленген, «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Заңға қол қою болды.

Қазақстан халқы үшін Н.Ә. Назарбаевтың 1991 ж. 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тәуелсіздік туралы» ҚР Конституциялық Заңына қол қоюы және оның негізінде жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасының нағыз егемендігін жариялауы оның тағдырын шешті. Дәл осы күні Қазақстанның тәуелсіздігін - Түркия, 20 желтоқсанда – Пәкістан, 26 - Венгрия, 31 - ГФР және Нидерланды мойындады.

Қазақстан мемлекеттік егемендік туралы Декларацияға және мемлекеттік тәуелсіздік туралы Заңға сәйкес өзінің дербес саясатын жүргізе бастады, шетел мемлекеттерімен және халықаралық ұйымдармен тікелей саяси, әрі іскерлік ынтымақтастықты жөнге келтіре бастады.

Алайда тәуелсіздікті алу және егемендікті жариялау әлемдік қауымдастықтың Қазақстанның алдында өз есігін ашатынын білдірмеді. Халықаралық қатынастар саласында белгілі орынды алудан бұрын, жеңуі қажет болатын көптеген проблемалар бар.

Қазақстан әлемдік саясат эпицентрінен табылды да, оған ерекше назар аударыла бастады, бұл оның өте үлкен табиғи байлығымен және этникалық құрамы бойынша алуан түрлі халқымен ғана емес, сонымен бірге, атап айтқанда, Қазақстанда бұрынғы Кеңес Одағының ядролық потенциалының едәуір үлесі болып табылу фактісінен туындайды.

Осы жағдай және Қазақстанның ақиқаттарын білмеу, бастапқыда ядролық қаруы бар және бүкіл әлемге қауіп төндіретін ислам мемлекеті ретінде республикаға деген жағымсыз қатынастың қалыптасуына ықпал етті.

Сонымен қоса, Қазақстан туралы ешқандай дұрыс ақпарат болмай, көптеген мемлекеттер оның мүмкіндіктеріне, оның экономикалық әлеуетіне және оның халқына қатысты ескірген мәліметтерді пайдалануға мәжбүр болды.

Тәуелсіз жас мемлекетке және оның көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевқа бірқатар проблемаларды шешу, соның ішінде Қазақстан Республикасының шын мәнінде нені білдіретінін көрсету, Қазақстанның халықаралық танылуын, оның қауіпсіздігін және аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету, халықаралық экономикалық байланыстарға қосылу қажет болды. Сондай-ақ сыртқы саяси қызмет саласында меншікті дәстүрлердің жоқ болуы сияқты проблема да болған. Шетелде бір де бір дипломатиялық өкіл болмады, білікті кадрлар болмады.

Қазақстанның бір де бір халықаралық шарты болмады. Н.Ә. Назарбаев жазғандай, «осы жағдайларда мемлекет аралық қатынастардың барлық шарттық базасын қайтадан құру керек болды. Ал бұл — орасан зор және қиын жұмыс. Достық және ынтымақтастық туралы келісімдерге, өзара қатынастар негіздері туралы шарттарға қол қойылмай, іскерлік қатынастар анықталмады. Біз тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен бастап көптеген дамыған елдердің бізбен толық ауқымды экономикалық келісімдер жасасуына қол жеткіздік, саудада қолайлы жағдай режимін орнаттық» (Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. 206 с.).

Н.Ә. Назарбаев республикадағы жағымсыз қатынастарды жеңу бойынша батыл шараларды қабылдады. Мемлекет басшысының шетелдік сапарлары және оның жеке байланыстары, әлемнің әр түрлі мемлекеттерінің, жетекші

экономикалық алыптардың, халықаралық ұйымдар басшыларымен келіссөздері шешуші рөл атқарды.

Н.Ә. Назарбаев халықаралық кездесулерге мұқият дайындалған, аналитикалық және ақпараттық-анықтамалық материалдарды асқан дәлдікпен зерделеген, шарттар мен келісімдер мәтіндерімен толық танысқан. Ол сұхбаттасушыларының тұлғасына үлкен көңіл бөлген.

Н.Ә. Назарбаевта КХР Төрағасы Цзян Цзэминьмен сенімді өзара қатынастар қалыптасты. Қазақстан Президенті Франция Президенті Жак Ширак өзінің лауазымына кіріскен соң қабылдаған, шетелдік мемлекет басшыларының біріншісі болды. Н.Ә. Назарбаев американдық саясаткерлер: Д. Бушпен, Б. Клинтонмен, Д. Бейкермен, А. Гормен, Г. Киссинджермен, сондай-ақ АҚШ-тың жетекші кәсіпкерлерімен достық байланыстар орната білді. Өз саясатында тұрақтылық басымдылығынан және позитивті эволюциядан бастау алатын, іскер көшбасшы ретінде ол туралы ресейлік ресми өкілдер құрметпен айтады.

Н.Ә. Назарбаевтың ерік-жігері ылғи да мемлекеттік саясаттан көрініс тапқан. Сондықтан Қазақстандағы мемлекеттік құрылыс процесін оның тұңғыш және әзірше жалғыз Президентінен бөліп алу қиын. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көптеген адамдар Н.Ә. Назарбаевты Қазақстан мемлекеттілігін іске асырушы ретінде қабылдады. Бастапқыда халық ішінде елімізде тұрақтылықтың сақталуы көп дәрежеде ол билік басында тұрғандықтан деген сөздер болған. Тіпті Н.Ә. Назарбаевтың көптеген белсенді сыншылары оның арқасында Қазақстанның көптеген бұрынғы кеңес республикаларында болған этникааралық ұрыс-таластардың құрбаны болмағанын мойындауға мәжбүр болды.

Ғалымдардың алдында Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанның мемлекеттілігін қалыптастырудағы, оның әлемдік қауымдастықтағы ұстанымдарын нығайтудағы рөліне баға беру міндеті тұр. Ал біз, оның замандастары, бұл рольді қазірдің өзінде-ақ ірі ауқымды және көп қырлы деп айта аламыз. Оған көбінесе Президенттің жеке қасиеттері де, оның жарқын даралығы мүмкіндік туғызған. Қазақстан басшысына қысқа уақыт ішінде қазіргі әлемнің саяси элитасында нығаюдың сәті түскені күмәнсіз. Оның тұлғасы әлемдік саяси элитада тұрақтылықпен және алдын ала болжау арқылы қауымдасады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. Алматы, 1996.
2. Токаев К.К. Международная политика Казахстана: сотрудничество, интеграция, добрососедство // Казахстанская правда. 1998. 27 ноября.
3. О Назарбаеве говорят // Казахстанская правда. 2000. 6 июля.





## Н.Ә. Назарбаевтың өмірлік жолы

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының профессоры,  
т.ғ.к.  
Шаймұқанова С.Д.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбек және өмір жолы көп қырлы және ғибрат аларлық, әлемдік ауқымды саясаткердің қалыптасу үлгісі болып табылады. Дипломатиялық, сындарлық және саяси икемділік сияқты қасиеттер Қазақстанның Тұңғыш Президентінің саяси Олимптің жоғарғы сатысына көтерілуіне мүмкіндік берді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1940 жылғы 6 шілдеде Алматы облысының Қаскелең ауданы Шамалған ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1960 жылы Қарағанды облысының Теміртау қаласында «Казметаллургстрой» трестінің құрылыс басқармасының жұмысшысы болып бастаған. Сонан соң Қарағанды металлургия зауытында құю машиналарының шойыншысы, домна пешінің көрікшісі болып жұмыс істеді.

60-шы жылдардың басында Қарағанды политехникалық институтында оқыды. 1967 ж. Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы ЖТОО бітірді. 1960 жылдан 1969 жылға дейін Қарағанды металлургия комбинатында жұмыс істеді. Теміртау жастары оны Қазақстан комсомолының X съезіне, сонан соң БЖОЛК XVI съезіне өздерінің өкілі етіп сайлады.

1970 жылы Н. Назарбаев Теміртау қалалық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды.

Ол 32 жасында Қарағанды металлургия комбинатының өте үлкен ұжымының партия комитетінің хатшысы болды, оны 1973 жылдан 1977 жылға дейін басқарды. Ақылды, атақ құмар, дене бітімі шыныққан, өзінің адамгершілігін сезінген Нұрсұлтан Назарбаев өз ортасында едәуір ерекшеленген және оны қоршаған адамдар оның іскерлік, адамдық қасиеттеріне сәйкес бағалай білді. Н.Назарбаевтың еңбекке деген шығармашылық көзқарасы, жұмысқа жоғары қабілеттілігі, ұйымдастыру талантына қоса тілектестігі, адамдарға деген сарқылмас тілегі – осының барлығы оны елеусіз қалдыра алмады.

Н.Назарбаев жұмысшылардың арасында үлкен беделге ие болды, ал олардың сенімін иелену әркімнің қолынан келмеген. Оның батылдылықпен, қайраттылықпен, табандылықпен үйлескен тілектестігі, парасаттылығы және прагматизмі адамдардың қандай лауазымды иеленуіне қарамастан, оларда жауапты әрекет тапқан.

1977 жылдан 1979 жылдарға дейін Н.Ә. Назарбаев – Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы. 1979-1984 жылдары – Қазақстан

Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы. 1984 жылдан 1989 жылға дейін – Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы. 1989-1991 жылдары – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы. Сонымен бірге, 1990 жылғы ақпан айынан сәуір айына дейін - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы.

1990 жылғы сәуір айынан бастап - Қазақстан Республикасының Президенті.

1991 жылғы 1 желтоқсанда республика Президентінің тұңғыш бүкіл халықтық сайлауы өтті, оның барысында Н.Ә. Назарбаев сайлаушылардың 98,7 пайызының қолдауын алды.

1995 жылғы 29 сәуірде бүкіл халықтық референдум нәтижесінде Президент Н.Ә. Назарбаевтың өкілеттіктері 2000 жылға дейін ұзартылды.

1999 жылғы 10 қаңтарда Н.Ә. Назарбаев сайлаушылар дауысының 79,78 пайызын алып, балама негізде қайтадан Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды.

2005 жылғы 4 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президентінің кезекті сайлауы өтті, оның барысында Н.Ә. Назарбаев сайлаушылар дауысының 91,15 пайызын алды.

Н.Ә. Назарбаев – «Нұр Отан» ХДП Төрағасы, экономика ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылымдар академиясының, Халықаралық инженерлік академияның, Ресей Федерациясының әлеуметтік ғылымдар Академиясының Академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің Құрметті профессоры, Белоруссия ғылымдар академиясының Құрметті мүшесі, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Құрметті профессоры, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы, Бүкіләлемдік қазақтар қауымдастығының Төрағасы.

Ол бірқатар жұмыстардың авторы болып табылады. Олардың арасында – «Стальной профиль Казахстана», «Без правых и левых», «Стратегия ресурсосбережения и переход к рынку», «Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства», «Рынок и социально-экономическое развитие», «На пороге XXI века», «Евразийский союз: идеи, практика, перспективы. 1994-1997», «В потоке истории», «Критическое десятилетие», «Эпицентр мира».

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. О. Видова. Нурсултан Назарбаев: Портрет человека и политика. Алматы: Білім, 1998.



**Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлауы мен дамуындағы Н.Ә. Назарбаевтың ролі. «Қазақстан - 2030» стратегиясы. Қазақстан Республикасының 2020 жылдарға дейінгі стратегиялық даму жоспары»**

*А.В. Волкова,  
Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің патриоттық тәрбие беру ҒЗИ директоры*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы қазанда Қазақстан халқына жолдаған «Барлық қазақстандықтардың өркендеуі, қауіпсіздігі және және әл-ауқатын жақсарту» Жолдауында үлкен тарихи және саяси мәндегі құжат - «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасы қабылданды. Бағдарламада ағымдағы сәттегі республиканың жағдайы толық талданған, «Қазақстан миссиясы» ашылды, сондай-ақ «ұзақ мерзімді басымдық мақсаттары» анықталды:

- ұлттық қауіпсіздік;
- ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның нығаюы;
- экономикалық өсу; шетелдік инвестиция мен ішкі қорлардың жоғары деңгейімен ашық нарықтық экономикаға негізделген;
- Қазақстан халқының денсаулығы, білімі және әл-ауқаты;
- энергетикалық ресурстары;
- инфрақұрылым, көлік және байланыс ерекшелігі;
- кәсіби мемлекет.

Бұл басымдықтар еліміздің дамуының нақты жоспарларын әзірлеуге негіз болды. Стратегия әлемнің ең дамыған елдерінің біріне айналуға бағытталған егеменді республикамыздың ұзақ мерзімді даму жолын айқындап берді.

Н.Ә. Назарбаев қазақстандық қоғамның ішкі 8 күшті жақтарын анықтап берді, ол бағыттар 2030 - Стратегиясын іске асыру үшін қолайлы негіз ретінде қызмет етеді:

1. Мемлекеттің тәуелсіздігі, оның атрибуттары мен символдары;
2. Ескі саяси-экономикалық жүйеден түпкілікті ажырау;
3. Жаңа саяси-экономикалық жүйенің бар болуы;
4. Адам ресурстары – бұл ғылыми және шығармашылық әлеуеттің жоғары деңгейде құрылған халық;
5. Қазақстанның бай табиғи ресурстары;
6. Ауқымды ауыл шаруашылық жер қоры;
7. Қоғамның саяси тұрақтылығын және бірлігін сақтау;
8. Қазақстандықтардың толеранттылығы мен шыдамдылығы, олардың қонақжайлығы мен мейірімділігі.

Сондай-ақ Стратегияда Қазақстанның 2030 жылға қарай бейнесі айқындалған:

1. Жоғары білімді, жауапты, жігерлі, дені сау ұрпақ.
2. Дүние жүзіне танылған белгілі, өркендеп, қарыштап дамып келе жатқан бейбіт еліміздің патриоттары.
3. Қазақстан және Қазақстан халқының мүдделерін өз мүдделерінен жоғары қоятын жақсы білім алған, сұранысқа ие мамандар.
4. Азаматтар 2030 жылы мемлекет олардың құқықтарын және мүдделерін қорғайтынына сенімді болады.
5. Ауасы таза және суы мөлдір, таза және жасыл елге айналу.
6. Қазақстан, Еуразияның кіндігі бола тұрып, жылдам өсіп келе жатқан үш аймақ – Қытай, Ресей және мұсылман әлемі арасында экономикалық және мәдени байланыстырғыш буын ролінде болады.
7. Елімізде өздерін Қазақстанның азаматтары деп санайтын барлық ұлттар үшін тең мүмкіндіктеріне сенімді көптеген ұлт өкілдері өмір сүретін болады.

«Қазақстан-2030» Стратегиясын іске асырудың алғашқы ұзақ мерзімді кезеңі Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейін Стратегиялық даму бағдарламасы болып табылады, бағдарлама 2001 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілді.

Қазақстанның Стратегиялық даму жоспары әлемнің көптеген дамыған мемлекеттерінің тәжірибесі есебінен әзірленген. Сол кезде ол ұлттық экономика, әлеуметтік сала, экология, осы кезеңде қалыптасқан саяси және әкімшілік жүйелердің әлсіз және күшті жақтарын объективті талдау мен есепке алуға негізделген.

Стратегиялық жоспарды жан-жақты талдау негізінде мемлекет пен қоғамның алдында алдыңғы он жылға есептелген экономикалық, әлеуметтік, саяси салаларда және мемлекеттік басқару саласындағы нақты міндеттер қойылды.

Экономикалық салада – бұл бәсекеге қабілетті экономиканың негіздерін қалау және ЖІӨ көлемін екі есеге арттыруға қол жеткізу, тұрақты экономикалық өсімді және экономиканың түйінді салаларына ұлттық капиталдың әсер етуін күшейтуге бағытталған мемлекеттік шаралар жүйесін жүзеге асыру, аграрлық сектордың дамуын ынталандыру, инфляцияның төменгі деңгейін қолдау, Қазақстанның қаржылық жүйесін әрі қарай дамыту.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу экономиканың өнеркәсіптік, аграрлық және ғылыми-техникалық секторларын біріктіріп дамытуды ұсынатын өнеркәсіптік технологиялық саясатты іске асыруға мүмкіндік береді.

Стратегиялық жоспарда экология және табиғат ресурстарын сақтау мәселелеріне қатты көңіл бөлінді. Осы мақсатта су ресурстарының тапшылығын азайту, сумен қамтамасыз ету деңгейін жақсарту, қолданыстағы табиғатты қорғау заңдарын жетілдіру, табиғатты пайдалану жүйесін оңтайландыру, қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде халықаралық ынтымақтастықты дамыту бойынша міндеттер қояды.

Әлеуметтік салада келесі міндеттер қойылды. Бұл - халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту, жұмыспен қамтамасыз ету және әлеуметтік жағынан аз қамтылған топтар үшін экономикалық мүмкіндіктерді кеңейту арқылы

кедейшілік деңгейін азайту, әлеуметтік көмек көрсетуді күшейту, экономикалық жағынан белсенді қамтылған халықты зейнетақы, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйесімен қамтамасыз ету, қол жетерлік медициналық қызмет көрсетуді, жалпы және кәсіптік білімді арттыру, мемлекеттік әлеуметтік функцияларын сапалы іске асыру.

2001 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттің әлеуметтік және саяси мәселелеріне арналған тарау республиканың демографиялық даму Стратегиясын енгізді, онда туу көрсеткіштерін ұлғайту, халықтың бала туу денсаулығын жақсарту мен қорғау, өлім деңгейін азайту, эмиграциялық процестерді кідірту, қоғамдағы әйелдердің алатын орнын жақсарту сияқты басымдықтары бар.

Білім, денсаулық сақтау жүйелеріндегі және халықты әлеуметтік жағынан қорғау мен жұмыспен қамтамасыз ету реформаларына көп көңіл бөлінді.

Мемлекеттік басқару саласында негізгі мақсат жаңа экономикалық және саяси ортада әрекет етуге қабілетті және өз функцияларын қазіргі заманғы қоғамда тиімді орындай алатын тиімді мемлекеттік аппарат құру екені анықталды.

Қазақстанның 2010 жылдарға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында сондай-ақ әкімшілік реформа стратегиясы анықталған, Үкіметтің оңтайлы құрылымын құруға, басқару әдістері мен жүйелерін жетілдіруге, сонымен қатар мемлекеттік қызметтегі кадрлармен қамтамасыз етуге, үйлестіру мен бақылаудың тиімді механизмдерін енгізуге, қоғам мен мемлекеттің өзара қарым- қатынастарында жаңа жүйе негіздерін жасау міндеттерін шешуге негізделген.

Қазақстанның 2010 жылдарға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының жеке тарауы орталық және жергілікті билік органдарының функцияларын анық бөліп беру міндеттеріне арналған.

Осылайша «Стратегиялық жоспар – 2010» "Қазақстан - 2030" Стратегиясын іске асыру үшін негізін қалады, әрбір басымдық сала бойынша күтілетін нәтижелерді анықтайды: өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру және мемлекеттік сектор.

Осы мерзім ішінде Қазақстан «Стратегиялық жоспар – 2010» анықталған кейбір түйінді салаларда маңызды прогреске қол жеткізді. Бірнеше мысал келтірейін: жыл сайын ЖІӨ өсуі орташа алғанда 8,5 % құрады, 2008 жылы өзінің бастапқы мәндерінен 2,3 есеге артты; өнеркәсіптік өндірістің өсуі 78 %-ға жетті, ауыл шаруашылық өндірісі 1,44 есеге артты; төменгі өмір сүру табысы бар халықтың үлесі 2000 жылғы 31,8 %-дан 2008 жылы 12,7 %-ға дейін азайды; өмір сүру ұзақтығы 65 жастан 68 жасқа дейін ұзарды. Осы қол жеткен табыстарға қарамастан бірқатар реформалар аяқталмаған күйде қалады, инновациялық жобаларды әрі қарай дамытуды талап етеді.

«Қазақстан - 2030» Стратегиясын іске асырудың жаңа кезеңі жаңа 2020 Стратегиялық жоспары – көшбасшылыққа қазақстандық жол Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына

Жолдауында айтылды (Астана, 2010 жылы 29 қаңтар). Бұл Стратегияның негізгі мақсаттары болып табылады:

1. Экономиканы дағдарыстан кейінгі дамуға әзірлеу;
2. Жедел индустрияландыру және инфрақұрылымды дамыту есебінен экономиканың тұрақты өсуіне қол жеткізу;
3. Адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін болашаққа белсенді инвестициялау;
4. Қазақстандықтарды сапалы әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету;
5. Ұлтаралық келісімді нығайту, ұлттық қауіпсіздікті арттыру, халықаралық қарым-қатынасты одан әрі дамыту

Қазақстан Республикасының 2010 жылдарға дейінгі Стратегиялық даму жоспары 2010 жылдан 2019 жылғы мерзімде «Қазақстан - 2030» Стратегиясын іске асырудың келесі кезеңі болып табылады. 2010 жылы Президент Қазақстан қоғамы алдында 2020 жылдарға дейінгі Қазақстанның стратегиялық даму жоспарында анықталған бес басым бағытты анықтады:

- дағдарыстан кейінгі дамуға дайындық;
- индустриалдандыру және инфрақұрылымды дамыту есебінен әртараптандыруды күшейту арқылы экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ету;
- болашаққа белсенді инвестиция – Қазақстанның гүлденуі мен әлеуметтік әл-ауқатының артуы, тұрақты экономикалық өсімге қол жеткізу үшін бәсекеге қабілетті адам капиталын арттыру;
- халықты сапалы әлеуметтік және тұрғылықты-коммуналдық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;
- ұлтаралық келісімді нығайту, ұлттық қауіпсіздікті арттыру, халықаралық қарым-қатынасты одан әрі дамыту.

Адам ресурстарының дамуы еліміз дамуының ұзақ мерзімді стратегиясының жоғары басымдығы ретінде анықталады, өйткені болашақтағы экономикалық пайда жұмыс күштерінің сапасын және жоғары өнімділігін маңызды арттыратын білім беруге және денсаулық сақтауға салынатын инвестициялармен тығыз байланысты. Сондықтан 2020 жылдарға дейінгі стратегиялық жоспарында білім беру және денсаулық сақтау қызметтерінің сапасын жақсарту ерекше маңызға ие болады: 2020 жылы білім берудің барлық деңгейлерін – мектепке дейінгі білім беруден жоғары білім беруге дейін түбегейлі жаңартылады; адам капиталының сапасын арттыру мақсатында медициналық көмек көрсетуді және салауатты өмір салтын ұстануға мотивациялар құруды жақсартуға бағытталған азаматтардың денсаулығын нығайту саясаты жүргізіледі.

Ең алдымен, халықтың санын ұлғайтуға, оның табиғи өсімі есебінен арттыруға және оңтайлы көшіп-қону саясатын жүргізуге көп көңіл бөлінеді. Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесінің тиімділігі артатын болады, отбасының жағдайсыздығы мен әлеуметтік кедейшіліктің, панасыздықтың, бақылаусыздықтың, құқық бұзушылықпен қылмыстың алдын

алу және ескерту мәселелерін кешенді шешуге бағытталған. Мемлекеттік жастар саясаты бәсекеге қабілетті жастарды қалыптастыруға бағытталған, олар қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық құрылымдарға белсене қатысады.

Ішкі саясат саласы бойынша 2020 жылдарға дейінгі мерзімде негізгі мақсаттары қоғамда келісім мен тұрақтылықты сақтау, ел қауіпсіздігін нығайту болып қала береді. Мемлекеттің сыртқы саясаты әлемдік аренада ұлттық мүдделерді белсенді қолдауға, Қазақстанның бәсекеге қабілетін арттыру, еліміздің халықаралық беделін нығайтуға бағытталған.

Қазақстан 2020 жылы әлемдік дағдарыстан шыққан неғұрлым күшті және бәсекеге қабілетті, халқы мен экономикасы әртараптанып дамыған, жаңа экономикаға белсенді тартылған ел қатарына енеді.

Қазақстан 2020 жыл еліміз экономикасының шикізат емес секторларына маңызды шетелдік инвестиция салуға мүмкіндік беретін қолайлы іскерлік жағдайы бар әлемнің бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында болады. Экономикамыз келесі экономикалық дағдарысқа дайын болады Қазақстан өзінің саяси және экономикалық байланыстарын белгілі бір мемлекеттер және басқа елдермен нығайтады.

2020 жылы еліміз әртараптанған экономиканың дамуы үшін қажетті адам ресурстарына, отандық кәсіпкерлер мен экспортқа шығарушыларға қызмет көрсету үшін қажетті инфрақұрылымы болады. Көлік инфрақұрылымы мен телекоммуникациялардың қарқынды дамуы есебінен қалған елдермен үздіксіз байланыс қамтамасыз етіледі. Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мен қызмет көрсетуші салалары тау-кен өндіру өнеркәсіптерімен қатар экономика құрылымында лайықты орын алады. Әлеуметтік ортада және қоршаған ортаны қорғау саласында маңызды нәтижелерге қол жетеді.

2020 жылға қарай Қазақстан экономикасы нақты көріністе 2009 жылдың деңгейі қатынасы бойынша неғұрлым үш есе өседі. Экономиканы әртараптандыру бойынша жоспардың табысты іске асуы есебінен 200 жылға қарай экономикамыздың қайта өңдеуші салаларының өсу көрсеткіштері өндіруші салалардың көрсеткіштеріне жоғары немесе оларға тең болады.

Жоғары макроэкономикалық саясатты жүргізудің арқасында 2020 жылға қарай алтын валюта қорының деңгейі (Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры активтері есебінсіз) мемлекеттік және корпоративті сектордың қысқа мерзімді сыртқы үлесінің көлемі немесе импорт үлесі үш айдан кем болмайды (1 жылға дейін) (қандай көрсеткіштің жоғары болуына байланысты). Ұлттық қор активтері ЖІӨ 30 %-дан кем болмайды. Инфляция осы мерзімде орташа алғанда жылына 5-8 % деңгейде болады. Айырбастау курсының саясаты Қазақстан экономикасының ішкі және сыртқы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

2020 жылы халықтың тіршілік етудегі ең төменгі үлесі 20 %-ға дейін азаяды. Халықтың әлсіз әлеуметтік тобы, мүмкіндіктері шектеулі адамдар, әйелдер, балалар мен жастар өздерін барынша қорғалған деп санайды және қоғамдағы өз мүмкіндіктерін кеңейте алады. Балабақшадан университетке

дейін сапалы білім беру еліміз бойынша қол жетімді болады, халықтың денсаулығы маңызды жақсарады. Денсаулық сақтау қызметті ең озық әлемдік стандарттарға сәйкес келеді. Қазақстандықтар салауатты өмір салтын ұстанады, темекі шегетіндер мен арақ ішетіндердің саны азаяды. Қазақстанның екі негізгі тілі – қазақ және орыс тілдері – қоғамда кеңінен пайдаланылады, ағылшын тілін білетін орта мектеп және жоғары оқу орындары түлектерінің саны артады. Әр түрлі этникалық топтар мен конфессия өкілдері ішкі тұрақтылық, қауіпсіздік, бейбітшілік пен келісім жағдайында өмір сүреді.

2020 стратегиялық жоспары Қазақстан азаматтары алдында болашақтағы мемлекеттік міндеттемелерді білдіреді. Міндеттемелерді орындау үшін мемлекеттің барлық деңгейі мен құрылымдарында белсенді қатысуды, сондай-ақ азаматтарды қолдауды талап етеді.

2020 стратегиялық жоспарын табысты іске асыру – «Қазақстан – 2030» Стратегиясында анықталған еліміздің жетістіктеріне жетудегі Қазақстанның анық жолын қамтамасыз етеді.

Осылайша, ХХІ ғасырдағы «Қазақстандық жол» негіздері жинақталған потенциалды барынша тиімді іске асыруға мүмкіндік беретін өзінің орнын табу білу, сондай-ақ Қазақстан жастары келешекте еліміздің тұрақты дамуының негізін қалайтындай болуы тиіс. Әсіресе «Қазақстандық жол» еліміздің барлық кезеңде Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ұлттық мемлекет құрудағы ролі айқын болатын дәлелдейді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Казахстан - 2030 Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех Казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана 1997 года.
2. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2010 года. Указ Президента Республики Казахстан от 4 декабря 2001 года N 735.
3. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2020 года. Указ Президента Республики Казахстан от 1 февраля 2010 года № 922.





## Қазақстанның экономикалық стратегиясын әзірлеудегі Н.Ә. Назарбаевтың ролі

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Кәсіпорын менеджменті»  
кафедрасының э.ғ.к., доцент  
Колесникова Л.И.*

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев посткеңестік кеңістікте стратегиялық жоспарлауға бағыт алған саяси көшбасшы бола білді. 1992 жылы «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасып, даму стратегиясы» еңбегінде ол қазақстандық қоғам мен мемлекеттің жаңаруының негізгі принциптерін баяндап, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі ерекшеліктерін бейнеледі. Істің мұндай амал-тәсілдері кейін тәуелсіз Қазақстанның бейімделіп жаңаруының тұтас тұжырымдамасы баяндалған «Ғасырлар тоғысында» еңбегінде одан әрі дамыды.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2008 жылғы ақпандағы Қазақстан халқына арналған «Азаматтардың әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты жолдауында осы стратегиялық құжатты жүзеге асырудың бағыттары көрсетілген және тағы да Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың әлеуметтік саласының маңыздылығы расталады. Бұл мақсат – қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру мәселесі сонау 90-шы жылдары белгіленген болатын және Қазақстанның ұзақ жылдар бойындағы даму барысында өзгерген жоқ. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 12 жылдық мерекесіне арналған салтанатты жиында (желтоқсан 2003 ж.) Н.Ә. Назарбаев атап көрсетті: «Біз кей уақытта еркіндік пен демократия, халықтың игілігі, өркендеуі мен мәдениеті туралы айтып жатамыз, бірақ соның бәрі бекер сөз, егер елде осы мәселелерді шешетін күшті экономика құрылмаған болса! Міне, осы себептен, мен өзімнің бүгінгі сөзімді экономикалық салаға арнаймын. Экономикаға емес, саясатқа баса назар аударғандар жеңіліс тапты».

Қазақстан қазіргі тарих беттеріндегі жылдар бойы мақсатты түрде нарықтық экономикалық жүйенің негізін қалап келді және әлемдік қаржы ұйымдарымен нарықтық экономикасы бар ел ретінде мойындалған бірінші елдердің бірі болды. Әкімшілік-әміршілдік экономикадан нарықтық экономикаға ауысу үшін тиісті стратегия әзірленді.

ҚР нарықтық экономиканың қалыптасу стратегиясының элементтері мыналар болып табылды:

- меншікті жеке қолға беру;
- ақша айналымын ретке келтіру;
- банк жүйесін нығайту;
- еркін баға белгілеу және сыртқы сауданы қарқындату;
- шетелдік инвесторларды шақыру.

80-жылдардың аяғындағы экономикалық дағдарыспен күресуге арналған осы стратегияны пайдалануды нарық элементтерін, еркін баға белгілеуді және сыртқы байланыстарды қарқындатуды бастай отырып, КСРО үкіметі алғаш қолданған еді. 90-шы жылдары осы саясатты Қазақстанда соңына жеткізу мәселесі Қазақстан Президентімен ұсынылған және қолдау тапқан экономикалық саясатының негізін құрады.

Еске сала кетейік, Қазақстан 1991 жылы кең ауқымды жекешелендіру жұмыстарын бастады, ал 1991-1992 жылдары 5 мыңнан астам объект жекешелендірілді. 1992 жылдың сәуір айында бағаны ырықтандыру саясаты жарияланды. 1993 жылы Ұлттық банк құрылды, ал қараша айында ұлттық валюта – теңге енгізілді, осы арқылы 1994-1995 жылдары ақша айналымын ретке келтіру мүмкін болды. Осы шаралар 1992-1994 жылдарға арналған «Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу және даму стратегиясының» шеңберінде жүзеге асырылды. Қазақстандық экономика инвестицияларға мұқтаж еді, бұл мәселені шешу үшін шетелдіктерді шақыру қажет болды.

1993 жылы Қазақстан «Шеврон» корпорациясымен Теңіз кен орнын қазуға келісім-шартқа отырды, сонымен шетелдік инвесторларға жол ашты. 1997 жылы шетелдік инвесторларды тарту саясаты өңдеуші өнеркәсіпте, Астана құрылысында, ауыл шаруашылығында және басқа да салаларда қолданылды.

Кей жағдайда шетелдік инвесторларды шақыру бірқатар салаларда дағдарыстан шығудың амалы болды. Мысалы, «Карметкомбинат» Лакшми Митталдың тобына сатылды, себебі комбинат өндірісті сақтап тұра алмады және айналымға жіберілетін де, жұмысшылардың еңбекақысын төлейтін де қаражат болмады. 1996 жылы «Жезқазғантүстімет» банкротқа ұшырау шегінде тұрды, сондықтан ірі кәсіпорынды жоғалтып алмау үшін ол «Самсунг» кәріс концерніне сатылды.

XX ғасырдың 90-шы жылдар ішіндегі экономикалық қиындықтардың және кәсіпорындарының жаппай банкротқа ұшырау мүмкіндігі әсерінен Қазақстанда шағын және орта кәсіпорындарды ғана емес, сонымен қатар, маңызды өнеркәсіп салалары болып табылатын, бірқатар ірі кәсіпорындарды жеке меншікке бере отырып, жекешелендіру ісі де әрі қарай дамыды. 1996 жылдың ақпан айында қабылданған «1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен қайта құру бағдарламасы» «жекешелендірудің секторлық бағдарламасын» жүзеге асыруды көздеді, оған сәйкес электроэнергетика, мұнай-газ бен мұнай-химия және тау-кен кәсіпорындары, сонымен қатар көлік-коммуникациялық кешендер жекешелендіруге тиіс болды.

Сонымен қатар, Қазақстандағы экономикалық даму стратегиясының маңызды элементі - экономикаға бақылау жүргізу мақсатында, бірқатар маңызды кәсіпорындар мен салаларды мемлекет меншігінде сақтау болып табылады. Қазақстанда мемлекет меншігінде мұнай-газ, көлік, байланыс, энергетика саласы қалды. Сонысымен Қазақстан барлық дерлік ірі кәсіпорындарын жеке меншікке тапсырған Ресейден ерекшеленеді.

Н.Ә. Назарбаев қоғамдық жүйелер тиімділігінің шешуші белгісі – экономикалық тиімділік екенін бірнеше рет дәлелдеді. «Осы белгі бойынша орталықтандырылған жоспарлы экономика, соңында, нарықтық экономикадан үзілді-кесілді жеңілді». Бірақ, ол, сипаты жағынан нарықтық болып табылатын және оған мемлекет белсенді қатысатын экономика ғана жетістікке әкеледі деп санайды: «Біздің дұрыс экономикалық даму стратегиямыз мықты нарықтық экономикаға, мемлекеттің белсенді араласуына және айтарлықтай шетелдік инвестицияларды тартуға негізделеді». Ол, өзінің басқа сөйлеген сөзінде, осы ойын анық білдірді: «Өндірістің бәсекеге қабілетті болып, өзін-өзі реттеуі мен мемлекет тарапынан экономикалық дамудың негізгі параметрлерін реттеудің үйлесіміне негізделген әлеуметтік-бағытталған аралас нарықтық экономиканы құру». Бұл мақсат «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді әлеуметтік және экономикалық даму стратегиясында көрсетілген. Мамандар Стратегия төңірегіндегі жұмыс Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша 1996 жылы басталды деп мәлімдейді. Оны жүзеге асыру үшін ондаған ғылыми кеңесшілер және Қазақстан мен алыс және жақын шетелден 43 сарапшы іске тартылды. Сарапшылар дайындаған және салалар бойынша салыстырып тексерілген құжат Қазақстанның және қазақстандық қоғамның экономикасының отыз жылдық даму кезеңіне арналған ұзақ мерзімді стратегиясы ретінде ұсынылады. Сол кезеңде мұндай ұзақ мерзімді жоспар посткеңестік республикалардың біреуінде де жоқ еді. 2001 жылы ғана мұндай – РФ ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлеу міндетін – Президент В.В. Путин қойған еді. Ұзақ мерзімді экономикалық және әлеуметтік даму стратегиясын бірізді жүзеге асыру Қазақстанға техникалық және технологиялық артта қалушылықты табысты жеңіп шығатын және экономикалық өсудің жоғары қарқынына қол жеткізген ел болуға мүмкіндік берді.

«Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустрия-инновациялық даму стратегиясы («Қазақстан-2030» стратегиясының шеңберінде) орташа жылдық өсу қарқынын 8-8,4%, инвестициялардың орташа көлемін 1,2 млрд. долл. деген көрсеткішпен белгіледі. Дағдарыс басталғанға дейін 2001-2007 жж. өсу қарқыны 8,6%-дан төмен түскен жоқ; ал инвестициялық ағындар белгіленген стратегиялық көлемнен асып түскенін атап айтқан дұрыс. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 2008 ж. (1-11 айларда) 3299,2 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылмен салыстырғанда 16,6%-ға жоғары. Тек мемлекеттік инвестициялардың өзі 875,4 млрд. теңгені құрады. Салыстырып қарасақ, 2004 ж. мемлекеттік инвестициялар 260 млн. долл. құраған.

Н.Ә. Назарбаев экономиканың аграрлық секторының дамуына ерекше назар аудара отырып, экономика мен қоғамның жаңаруының, экономикалық дамудың инновациялық типіне ауысудың маңыздылығын үнемі атап жүреді. Үлкен ресурстық әлеуетке ие, таразыланған экономикалық және әлеуметтік саясатты жүргізетін, өзінің барлық аймақтарының кешенді дамуы туралы ойлайтын Қазақстан өркендеуге қол жеткізеді. Саясаткердің даналығы мен көрегендігі, жан-жақты ұйымдастырушы дарыны, ең ынталы, қабілетті

адамдарды жұмылдыра білу таланты Н.Ә. Назарбаевты қазіргі әлемдегі құрметті және танымал саясаткерлердің бірі етті.

Қазақстан бүкіл әлемге ашық, болашағы мол дамып келе жатқан ел ретінде құрметпен қабылданды, осының бәрінде Н.Ә. Назарбаевтың еңбегі зор. Бүкіл әлемдік банк Қазақстанды әлемнің инвестициялар үшін едәуір қолайлы 20 елінің қатарына, сонымен қатар, жұмыс мигранттарын тарту ауқымы бойынша әлемнің 10 елінің қатарына қосты. Оның рейтингі Еуропалық Одаққа жақын арада енген елдердің деңгейінде тұр. 2007 жылдың қорытындылары бойынша экономиканың нақты өсуі 8,7% құрады, валюталық курс бойынша халықтың бір басына ІЖӨ 6000 долларға, ал сатып алу қабілетінің паритеті бойынша – 10.658 долларға жетті.

Бүгінде Қазақстан шетелдік инвестициялар үшін тұрақтылық пен қауіпсіздікті кепіл ететін, өзара тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ететін сенімді серіктес болып табылады. Елдің демократиялық бағыттағы саяси-әлеуметтік дамуының тұрақтылығы шетелдік инвестицияларға, компанияларға және жалпы бизнеске қауіпсіздіктің кепілін қамтамасыз етеді. Соның маңызды айғағы алдыңғы қатардағы батыс елдерінің ел экономикасын инвестициялауға қызығушылығы болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Алжанов Р. О мировом экономическом кризисе //Казахстанская правда. 2008. 1 августа.
2. Арыстанбеков К. Качество экономической политики и платежный баланс. //Вопросы экономики. 2008. № 12.



## Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдары үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Кәсіпорын менеджменті»  
кафедрасының э.ғ.к., доцент  
Колесникова Л.И.*

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев посткеңестік кеңістікте бірінші көшбасшы болды, ол мемлекеттің және оның экономикасының ұзақ перспективалы стратегиялық даму жоспарын дайындауды тапсырды және оны қолдады. «Қазақстан - 2030» стратегиясы пайда болардан көп уақыт бұрын 1992 жылы «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде құрылу және даму стратегиясы» атты үлкен мақаласында ол Қазақстан қоғамы мен мемлекетін түрлендірудің негізгі принциптерін мазмұндады, сосын «21 ғасыр қарсаңында» монографиясында осы принциптер жаңа заманғы тәуелсіз Қазақстанды түрлендірудің тұтас тұжырымдамасымен берілген.

Қазақстан қоғамын, мемлекетін, саясатын және экономикасын жаңартудың осы курсы он бес жылдан астам даму векторын анықтайды. Президент, Қазақстан қоғамының түрленуі қарапайым мәселе болып табылмайды, себебі оның мақсаты мен жүзеге асырылуы - бұл ел үшін түрлі мәселе, «мұнда тұтас буындар тіршілік әрекетінің мүлдем басқа жағдайларына бейімделген», осы мәселені шешу жүйелі трансформация бойынша 21 ғасыр реалийін ескергенде, айтарлықтай күшті талап ететінін атап өтеді. Қазақстан экономикасының ашық сипаты, жаһандандыру мен аймақтандырудың күшейе түсетін процесі, әлемдік конъюнктураға арта түсетін тәуелділік даму қарқынын жандандыру, сондай-ақ тежеу факторларының болуына байланысты.

Қазақстан Республикасы тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамудың қажетті деңгейіне шығу үшін технологиялық және әлеуметтік-экономикалық түрлендіру, қазақстандық тауарлар мен өндірісінің тұтастай бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру жағдайын жасау, өңдеуші өнеркәсіп өнімі есебінен экспорттық әлеуетін арттыру қажет. Бұл мемлекет ролін экономикада қайта қарауды, инвестициялаудың жаңа тәсілдерін іздеуді, ұлттық экономика салаларында инновацияларды және т.б. талап етеді.

Осыған орай 2009 жылы «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының 12 съезінде (кезектен тыс) Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы талқыланып, қолдау тапты. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында 2030 жылға дейін есептелген стратегиялық курсында үздіксіз байланыс атап өтілді, оны жүзеге асырудың екінші кезеңі Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейін дамуының

Стратегиялық жоспары және оның құраушысы Үдемелі индустриялық-инновациялық даму (ҮИИД) жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы болып табылады.

ҮИИД МБ мәні бойынша бұл инновациялық негізде экономиканы индустрияландыру бағдарламасы, бұл оны 20 ғасырда индустрияландырудан принципті түрде ерекшелендіреді. Бағдарлама әлемдік нарықта нашарлаған конъюнктура, бірқатар елдер игермеген циклдік құлдырау (ЕЕ елдері - Греция, Италия, Португалия, Испания, Исландия, АҚШ және басқалары) жағдайында жүзеге асатын жағдайды ескере отырып, бұл шикізат және энергия тасымалдаушылар бағалары деңгейінен байқалады, ҮИИД мемлекеттік бағдарламасы сандық көрсеткіштер мен бағалардан сапалық көрсеткіштерге ауысады.

ҮИИД МБ – бұл шикізат экономикасынан, өндіретін өнеркәсіп өнімін экспортқа бейімдеуден ауытқу. Осы бағытта алғашқы қадамдар 2003 жылы, ҚР Үкіметі еліміздің индустриялық-инновациялық даму стратегиясын 2015 жылға дейін қабылдаған кезде, жасалғанын есте сақтаған жөн. Осы стратегиялық құжат екі мәселені: экономиканы индустрияландыру және индустрияландырудың инновациялық арнаға бағытталуын шешуді болжайды. Бірінші бағытта қайта өңдеу салаларының секторы, ішкі нарықта және қазақстандық экспортта оның үлесінің артуы басымдық алды. Стратегия үш жүзеге асыру кезеңдерін болжады:

I кезең -2003- 2005 жж., II кезең – 2006 – 2010 жж., III этап – 2011 – 2015 жж. Бірінші кезеңде технологиялық даму мәселелері шешілді, заң шығару және нормативтік-құқықтық база дайындалды, салалық ұлттық экономиканың даму бағдарламасы жасалды.

Екінші кезеңде 2006 – 2010 жж. өнеркәсіпті түрлендіру және экономиканы диверсификациялау жөнінде мәселе шешілді. Берілген бағытты жүзеге асыру аспаптары мен механизмі «Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы» бағдарламасында бекітілді.

Инновациялық индустрияландыру шеңберінде жаңа индустриялық саясат басымдықтары анықталды:

1. АПК және ауылшаруашылық қайта өндіру. ҮИИД қойылған мәселе, ауылшаруашылық өнімінің үлесін экспорттың жалпы көлемінде 8 % дейін жеткізумен шектеледі. Жалпы қосымша құн саласында кем дегенде 16% ұлғаюы керек, 10 мың жұмыс орны құрылды.

2. Құрылыс индустриясын дамыту және құрылыс матеиалдарының өндірісі. 2015 жылға қарай ішкі өндіріс есебінен ішкі нарық қажеттілігін 80% қанағаттандырудан тұрады. Құрылыс кешенінің жалпы қосымша құны кем дегенде 76 % өсуі керек.

3. Мұнайды қайта өндіру және мұнайгаз секторының инфрақұрылымын дамыту. 2014 жылға қарай отандық мұнайды қайта өңдеу зауыттары бензинге және авиакеросинге ішкі қажеттілікті толық қанағаттандыруы керек.

4. Металлургияны және дайын металлургиялық өнім өндірісін дамыту. 2015 жылға қарай шығару көлемі мен экспорт көлемін екі еселеу жоспарланады.

Металды қайта өңдеу тереңдетілетінін ескере отырып, жаңа қайта балқытулар жасалды, металлургияда өндірілген қосымша құн 107 % артады.

5. Химиялық, фармацевтикалық және қорғаныс өнеркәсібінің дамуын жеделдету. 2014 жылға қарай дәрілерге қажеттілік отандық өндіріс есебінен 50% астам қамтамасыз етілетіні болжанады.

6. Энергетика саласында еліміздің электр энергиясына ағымдағы және перспективалы қажеттіліктерін жабу, экономиканың энергия сыйымдылығын 2015 жылға қарай 10 % төмендету мәселесі қойылды.

7. Көлікті, телекоммуникацияны жаңа заманғы индустриялық жүйелер деңгейінде дамыту, инновациялық инфрақұрылым жасау. Қазақстанда инновациялық инфрақұрылым элементтері бар. Бұл жұмыс жасайтын Институттар, құрылған Инновациялық Қор, Технология трансферті орталығы, Ғылыми қор, технопарктер және т.б. Республикада еркін экономикалық аймақтар бар: «Астана – жаңа қала», «Теңіз порты Ақтау», «Ақпараттық технологиялар паркі», «Онтустик», «Ұлттық индустриялық мұнай-химиялық технопарк», «Бұрымбай».

ҮИИД МБ басты аспаптары 2015 жылға дейін Индустриялау картасы және 2020 жылға дейін өндірістік қуаттарды тиімді орналастыру сұлбасы болып табылады. Индустриялау картасы республикалық мағынадағы құны 50,0 млн. долл. Астам инвестициялық жобаларды және құны 50 млн. долл. Төмен аймақтық мағынадағы жобаларды біріктіреді. Индустриялау картасына енгізілген барлық жобалар дайындық дәрежесіне қарай үш санатқа бөлінген.

Қазақстанда ҮИИД МБ сәтті жүзеге асыру үшін барлық қажетті жағдайлар бар: бай минералдық-шикізат базасы, қолайлы бизнес – заңмен қолданатын және әлеуметтік-саяси және экономикалық тұрақтылықпен байланысты климат. Нұсқалған шарттардан басқа орталық Азия мемлекеттері базарының сыйымдылығына сенуге мүмкіндік беретін жақсы географиялық жағдайды ескерген жөнекенін байқауға болады, бұл - Ресей Федерациясының оңтүстік-шығысы мен батыс Қытай. Бағдарлама жасаушылар Қазақстанды Азия мен ТМД-да әлеуетті тиімді келістіруші ретінде қарастырады. Қазақстан Республикасының қол жетерлік нарыққа белсенді араласуы үшін аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің шикізат секторының қолдауы емес, тоқыма өнеркәсіптің және туризмнің қолдауы қажет.

Ірі жобаларды алға жылжыту бастамашылары «Самұрық-Қазына» ұлттық молшылық қоры» АҚ, ұлттық экономиканың отын-энергетикалық және металлургиялық секторларының жүйе құрушы компаниялары, стратегиялық шетел инвесторлары болады. Осы жобалармен бір мезгілде, шикізат секторына байланыспаған және қазіргі кезде ішкі нарыққа, ал перспективада Кедендік Одақ пен Орталық Азия елдерінің өңірлік рыногына бейімделген салаларды қолдау және дамыту жүзеге асырылады.

Қазақстандық экономиканы 2015 жылға индустрияландыру саясаты белгілі бір институтционалдық, ресурстық, технологиялық және инфрақұрылымдық шектеулерге сәйкес құрылған және қолайлы макроэкономикалық шарттарды қамтамасыз етуге, бизнес-климатты жақсартуға, шетел инвестициялары ағымын

ынталандыруға, технологиялық түрлендіру жүргізуге, ұлттық инновациялық жүйені дамытуға және адам капиталы сапасын арттыруға арналған.

Қазақстан экономикасы алдында индустрияландырудың: немесе «басып озып даму», немесе «дәстүрлі мамандандыру», немесе «постиндустриялық даму» типін таңдау тұр. Экономиканың жаңа заманғы күйін бағалау, оның құрылымдары ҮИИД МБ жасаушыларға, Қазақстан Республикасының экономикасы үшін «дәстүрлі мамандандыру» стратегиясы қабылдарлық деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді, ол кейін шикізат бағдарынан қайта өңделетін өнім өндіруге көшуге мүмкіндік береді. Дәстүрлі мамандандыру салаларының қалған экономикалық салаларымен байланыстары сервистік қызмет көрсетудің жалғаспалы салаларын құруға мүмкіндік береді. Осылайша шикізат секторы кәсіпорындарының айналасында шағын және орта бизнес кластерлерін қалыптастыру жағдайы жасалатыны болжанады. Мемлекеттік бағдарламада, қазіргі кезде болашағы бар «селекциялық» деп аталатын салаларды қолдау қажеттігі атап өтілді.

Осы бағдарламаның принципті ерекшелігі - онда жаңа заманғы типі индустрияландыруға жататын сфералардың әрқайсының күйі келтіріліп, міндеттер, мақсаттық индикаторлары мен қаржы шығындары және қаржыландыру көздері туралы деректермен нақты іс-шаралар көрсетілгендігінде.

Қазақстан экономикасын индустрияландыру саясатын табыспен жүзеге асырудың басты шарты ретінде өндіріс факторларының артуы және оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету көрсетілген. ҮИИД МБ инновациялық индустрияландыру саясатының тиімділігі мемлекет пен бизнес күштерін экономиканың басым салаларын дамыту және институттар мен олардың өзара әрекеттесу механизмдерін қалыптастыру ісінде біріктіруге байланысты екені атап өтіледі.

2015 жылға қарай Қазақстан Республикасының экономикасы болжамдық көрсеткіштерге (мақсаттық индикаторлар) шығуы керек: ЖІӨ кем дегенде 7 трлн. теңгеге немесе 2008 жылмен салыстырғанда 50%-ға артады. ЖІӨ өсімі, нақты айтқанда, 15% құрайды. ЖІӨ жалпы көлемінде қайта өңдеу салаларының үлесі 12,5%-дан кем болмайтын деңгейге жетуі тиіс, шикізат емес сектор үлесі ЖІӨ көлемінің 40% деңгейіне дейін ұлғаюы тиіс. Өңдеу өнеркәсібімен айналысатындардың еңбек өнімділігі - кем дегенде 1,5 есеге, ал аграрлық-өнеркәсіптік кешенде кем дегенде 2 есеге артады. Экономика салаларын түрлендіру нәтижелері қалай өзгеруі керек. Мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың, ұлттық басқару холдингінің және т.б. қазақстандық сатып алу мөлшері үлесінің көрсеткіштері - тауарларды сатып алуда 60% дейін, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуда 90% дейін. Инновациялық белсенді кәсіпорындар үлесі іс жүзіндегі кәсіпорындары санының кем дегенде 10% құрауы керек.

Осы кезең ішінде шикізат емес сектор өніміне шаруашылық субъектілерінің шығындарын: көлік шығындары өзіндік құн құрылымында 8% аспайтын деңгейге дейін, өнімнің энергия көлемділігін 10%-ға төмендету белгіленді.



Инновациялық индустрияландыру бағдарламасын жүзеге асыру процесінде мемлекет әрекеті экономиканың басым секторларын, олардың ішінде:

- дәстүрлі секторды (мұнайгаз және металлургиялық кешендер, атомдық және химиялық өнеркәсіпті) дамытуға шоғырланады;
- жер қойнауын пайдаланушылар, ұлттық компаниялар мен мемлекеттер (машина жасау, құрылыс индустриясы, фармацевтикалық өнеркәсіп) сұраныстарына негізделген;
- шикізат секторымен байланыспаған және көбінесе экспортқа бейімделген өндірістерді (аграрлық-өнеркәсіптік кешен, жеңіл өнеркәсіп, туризм);
- «болашақ экономикасы» салаларының секторы, оған ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, биотехнологиялар, энергетика, ғарыштық зерттеулер енгізілген.

ҮИИД МБ одан әрі басымдыларға жатқызылған жоғарыда ескерілген секторлардың әрқайсысы бойынша ұстанымдар қарастырылған және негізгі міндеттер, мақсаттық индикаторлар, мемлекеттің экономикалық сипаттамасы көрсетілген. Сонымен, «дәстүрлі салаларда» өндірісті диверсиялау бойынша, оның ішінде мұнайгаз өнеркәсібі бойынша да өндірісті арттыру көздері, негізгі оператор («ҚазМұнайгаз» ҰК АҚ) көрсетілген, ол ірі жобаларға тікелей араласу, жаңа кен орындарын игеру, геологиялық-барлау жұмыстарын қаржыландыру және жүргізу арқылы мұнай өндіру бойынша отандық әлеуетті арттыруға топтасады.

Мемлекет саясаты жоғары қосымша құнды өндірістерді дамытуды ынталандыру арнасына, қызмет көрсету, қосымша жұмыстар және аутсорсинг арқылы қайта өңдеу жөнінде шағын және орта кәсіпорындар блоктарын қалыптастыруға, ірі жобаларда жергілікті құраушыны күшейтуге бағытталады. Бұл ірі мұнай өндіру компаниялары маңайында кластерлер құру мақсаттарына қызмет етеді, бұл одан әрі мұнайгаз секторымен бірлескен салалардың дамуымен қатар жүретін мультипликациялық әсер береді.

Бағдарламада принципті маңызды момент сервистік инфрақұрылымды қалыптастыру мәселелеріндегі акцент болып табылады (алдыңғы қатарлы технологиялардың көп функционалды орталығын құру жоспарланады (Каспий экономикалық хаб), оның міндеті ғылыми-зерттеу ресурстарын іздеу, жоғары білікті кадрларды іріктеу бойынша қызметтер, басқару, техникалық және коммерциялық қызметтер болып табылады.

Мұнайгаз секторының талаптарын қанағаттандыру үшін 16 мамандық бойынша кадрлар даярлау ЖОО-да және Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының техникалық және кәсіптік білім беретін 18 оқу орнында жоспарлануда. 2011 жылы Атырауда 700 оқушы орнына мұнайгаз саласы үшін кадрлар даярлау және қайта даярлау бойынша Өңіраралық орталық енгізілген. Кадрларды даярлау мемлекеттік тапсырыс пен ірі шетелдік мұнай компанияларының мақсаттық гранттары шеңберінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында үлкен экономикалық әсер алу және шығындарды жолға қою үшін көмірсутегі шикізатын тереңдетіп қайта өңдеудің толық циклін құру қажеттігі бар, себебі жуық уақытқа дейін тек мұнай мен

газды айыру жүргізілді, ал үш мұнай-газды қайта өңдеу кәсіпорындарының қуаты жеткіліксіз және жаңа заманғы стандарттар талаптарына техникалық жауап береді. «КазМунайгаз» ҰК АҚ қатысуымен мұнай-химиялық өндірістерді құру бойынша базалық жобалар дайындалды, «Ұлттық индустриялық мұнай-химиялық технопарк» әлеуметтік экономикалық аймақ құрылды. Осындай ауқымды түрленулер кен-металлургиялық салаларына қатысты, оның дамуы Қарағанды облысы үшін өте маңызды. Оның үлесі өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлемінде 17,5% құрайды, металл рудаларын өндіру үлесі - 3,8%, металлургиялық өренкәсіп үлесі - 11,8%, дайын бұйымдар өндірісі - 1,2% құрайды. Өңдеуші өнеркәсіптің шығару көлемінде металлургия үлесі 35% құрайды.

Өндірілетін металдар мен металл өнімдерінің үлкен бөлігі экспортталады, себебі анағұрлым жоғары қайта балқытылған өнімдер өндірісі бойынша әлеуеттілігі шетелде болады. Осыған орай негізгі мәселе - машина жасау, құрылыс индустриясын дамыту, экспорт көлемін ұлғайту келесі қайта балқытылғандардың металлургиялық өндірістерін құру.

2015 жылға қарай технологиясы жоғары бәсекеге қабілетті өнім өндірісі мен экспорты 2008 жылмен салыстырғанда 2 есе артуы керек. Ойластырылған шаралар кешені осы шекараға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Олардың ішінде: болат өндірісі бойынша қуаттылығын қуаты жылына 4 млн т дейін болат шығаратын жаңа зауыт құрылысы есебінен 6 млн. т дейін арттыру. (Қарағанды облысы), ферросиликомарганец өндірісін жылына 64,8 мың тоннаға дейін және феррохромды жылына 440 мың тоннаға дейін арттыру. Үлкен өзгерістер түсті металлургияға қатысты болады, бастапқы алюминий өндірісі 125 мың тоннаға, мыс концентратын шығару – 500 мың тоннаға, катод мысын – 95 мың т, кеуекті титан – 18 мың тоннаға, жиілігі жоғары кварц өндірісі 16,5 мың т артады.

Ауқымды жүйелі іс-шаралар Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы Заңды қабылдағалы тиімдірек болып келеді. Ол заңды түрде ұлттық даму институттары тарапынан мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуды бекітеді: кредиттеу, кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлеме, ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды бөлу заемдары, инвестициялар бойынша жарғы капиталына кепілдіктер беру, инновациялық және экспорттық гранттар, басқару және өндірістік технологиялар енгізу және т.б..

Халықаралық эксперттердің мойындауынша, Қазақстан қарқынды дамуды көрсетеді, орташа табыс деңгейі тұрғындар басына 9 мың доллардан келетін елдер қатарына енеді, салалық түрлендіру бағадрламасын табыспен жүзеге асырады, ақпараттық технологияларды өндірістер деңгейінде ғана емес, мемлекеттік басқару деңгейінде де енгізеді, бұл еліміздің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету бағыты ретінде АКТ туралы «Зерде» ұлттық ақпараттық коммуникациялық холдинг қызметінің нәтижелері туралы баяндамада атап өтіледі («е-үкімет» құру, 2000 астам ақпараттық қызмет көрсету, интерактивті қызметтер санын арттыру, ұялы байланыстың ену

тығыздығын арттыру). АКТ даму және пайдалану қарқыны бойынша Қазақстан ТМД мемлекеттері арасында үшінші орын алады.

Автомобиль жасауды дамыту табыстары байқалады: Өскемен мен Қостанайда оңтүстік Корея және Ресей компанияларымен бірлесіп, автомобильдер құрастыру, оларға рынокта сұраныс көп, шетел компанияларымен ынтымақтастықта осы өнімнің әлемдік рыногына шығудың үлкен мүмкіндіктерін көрсетеді.

2008-2009 жж. дағдарыс салдарын сеніммен игеру, 2010, 2011 жылдары Қазақстан экономикасының тұрақты өсуі ҮИИД МБ орындау нақтылығын және Қазақстан Республикасының бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарына енуін дәлелдейді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Государственная программа по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010 -2014 годы
2. [www.kazpravda/kz/\c127928862](http://www.kazpravda/kz/\c127928862)
3. [www/kazembassy/ru/economics/newindustrialisation](http://www/kazembassy/ru/economics/newindustrialisation)



## Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясат

*Сиводедова А.В.,  
Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының аға оқытушысы*

Қазіргі әлемде білім, соның ішінде жақсы білім өте маңызды роль атқарады. Адамдардың оқудағы, білім және ептілік алудағы мұқтаждығы бүкіл өмірі бойы – бала кезінен қартайған шағына дейін болады. Қазіргі өркениеттің әлеуметтік институттарының арасында білім жетекші ұстанымдардың бірін алады. Технологиялық, экономикалық, саяси прогресс қарқындары, қоғамдағы мәдениет пен руханилық күйі, ақырында, адамның амандығы негізінде білім сапасына байланысты болады. Білім жүйесі дәстүрлі түрде әлеуметтік ұтқырлықтың – адамдардың бір қоғамдық топтан екіншіге ауысуының бұқаралық арналарының бірі ретінде қарастырылады.

Бүгінгі күні білімді адамзат қызметінің стратегиялық маңызды сферасы ретінде түсінеміз. Білім беру проблемасы - әлемдік ғылым мен мәдениет үшін жаңа тақырып емес. Оны онжылдықтар бойы ғалымдар, педагогтар, ата-аналар талқылап келеді, бірақ қызығарлық тұрақтылықпен маңызды болып қалуда.

ҚР Конституциясы жеке дамудың қоғамдық дамуға ұқсастығы принципін бекітеді. Жоғары құндылықтардың бірі – адамның таным мен өзін-өзі маңыздыландыруға негізделген оқуда даму қабілеті, бұл білім беру жүйесімен және еңбек сферасымен қамтамасыз етіледі. Білім беру жүйесі қолданыстағы Конституцияда Қазақстан қандай түрде анықталса, сондай әлеуметтік мемлекеттегі базалық әлеуметтік институт болуы тиіс.

Білім – адам қызметінің ежелгі түрлерінің бірі. Барлығымыз бізді санасыз қамтитын қызметке қатысушылар болып табыламыз. 1999 жылғы маусымда Болонье қаласында бірқатар еуропалық білім министрлері «Еуропалық жоғары білім аймағы» бірлескен өтінішіне қол қойды, ол 300-ден астам еуропалық жоғары оқу орны және олардың өкілдік ұйымдары қатысатын Болон процесінің басталуы болды. Жалпы еуропалық құжатқа сәйкес, 2010 жылға қарай Еуропада жоғары мектеп жұмысының бірыңғай жүйесі болуы тиіс: жалпы еуропалық білім кеңістігі немесе «Білім Еуропасы» құрылады. Осы декларацияға Қазақстан да қосылды және Болон процесіне қатысушы атанды.

Осыған байланысты соңғы жылдары қазақстандық жоғары білім дамуының аса өткір әлеуметтік проблемаларының бірі оның бірыңғай еуропалық білім кеңістігіне кіруі болып табылады. Қазақстанның Болон процесіне енуі елімізде жоғары білімнің дамуына қойылатын бірқатар талаптарды ұсынады. Ол Еуропада құрылатын, жұмыс істеуінің бірқатар маңызды принциптерінің

жалпылығына негізделген бірыңғай білім беру жүйесінің ажыратылмас бөлігі ретінде қаншалықты қарастырылса, Қазақстандағы жоғары білімнің дамуы оның еуропада ресми танылуы үшін қажет болатындай шамада соншалықты есепке алынуы тиіс.

Болон процесіне қатысушылар бірқатар талаптарды орындауға: жоғары білімнің көп деңгейлі жүйесін енгізуге; студенттер мен оқытушылардың ұтқырлығын көтермелеуге; бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға және оқу аяқталған соң қос немесе бірлескен диплом, сондай-ақ әр түрлі елдердің ЖОО түлектерінің құқықтарын теңестіру құралы ретінде дипломға Еуропалық қосымша беруді, соның ішінде еңбек рыногында қолдануға; ECTS (European Credit Transfer System) еуропалық үлгілі академиялық кредиттерді пайдалануға міндетті [1].

Еуропалық білім кеңістігінің бірлігі (жоғары мектеп ескеріледі), ең алдымен, оқудың үш деңгейін – «бакалавриат», «магистратура» және «докторантураны» енгізумен қамтамасыз етіледі. Біріншісі кемінде 3 жыл оқуды; екіншісі 1 немесе 2 жылды қамтиды (егер берілген ЖОО-да бакалаврлар 3 жыл оқыса, онда магистратура – екі жылдық, ал егер 4 жыл болса, онда магистр бір жыл оқитын болады деп жорамалданады). Үшінші деңгей – докторантура (3 жыл). Соңғы жылдардағы көп деңгейлі оқытудың қазақстандық тәжірибесі: 4 жыл бакалавриат, 2 жыл – магистратура, 3 жыл күндізгі аспирантура моделіне негізделген. Бұл модель еуропалық қағидалардан ерекшеленеді, бірақ Болон процесімен рұқсат етіледі [2].

Университет бағдарламалары бірлескен және өмір бойы оқыту перспективасын есепке алып, жұмысқа орналастыру мүмкіндігін беріп, еуропалық еңбек рыногына бағдарланған болуы тиіс. Еуропалық университеттер танылу мен ұтқырлықтың қолданыстағы құралдарына (ECTS, дипломдардың танылуы, оқу бағдарламаларының сәйкестігі және т.б.) сүйеніп, көлденеңінен де, тігінен де ұтқырлықты көтермелеуге міндетті. Қатысушы елдердің барлық университеттері жоғары білімнің көп деңгейлі жүйесіне өтуі (бакалавр плюс магистр немесе доктор), ECTS-ке және басқа орында алынған кредиттердің қолайлылығы туралы шешімдер қабылдау құқығына негізделген жинақтаушы-қайта сынайтын кредиттік жүйені пайдалануы тиіс. Оқыту негізгі әлемдік тілдерде жүргізілетін болады, нәтижесінде Болон процесіне қатысушылар еуропалық профессорлар мен студенттер үшін ыңғайлы білім беру ортасын құруға үміттенеді, бұл орта олардың бір университеттен екіншіге еркін ауысуына мүмкіндік береді.

Бірыңғай еуропалық білім беру кеңістігінің қалыптасуы, берілген кеңістікке мүмкіндігінше көп мемлекеттердің кіруі – ерекше күрделі, көп жоспарлы проблема. Сонымен қатар бұл жас қазақстандық мемлекет үшін де маңызды. Білім беру сапасын арттыру, оқу процесіндегі дербес компонентті көбейту, педагог мамандығының беделін арттыру, қазақстандық дипломдардың бәсекеге қабілеттілігін ұлғайту – ҚР-дағы білім берудің негізгі міндеттері осындай.

ҚР Білім және ғылыми министрі Б.Т. Жұмағұлов атап өткендей, осы мақсаттарға қол жеткізу үшін қазақстандық жоғары білім кадрларды

даярлаудың үш деңгейлі моделіне ауыстырылған – «бакалавр – магистр – PhD докторы», кредиттік оқыту технологиясын іске асыратын ЖОО саны бірнеше есе көбейді, 25 ЖОО Болон процесінің негізі болып табылатын университеттердің Ұлы хартиясына қол қойды (Болонье қ.). Қаржыландырудың тағы бір өте қызықты құралы – мемлекеттік білім беретін жинақтау жүйесі (МБЖЖ). Оның ендірілуі Қазақстанның әрбір азаматына өз балаларының ЖОО және колледждерде оқуын төлеуге қаржыны жоспарлы жинақтауға мүмкіндік береді. Даярлықтың барлық деңгейлерін қозғайтын тағы бір маңызды аспект – электрондық оқу жүйесі – e-learning кеңінен ендіру. Дамыған елдерде – Жапонияда, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Финляндияда, Оңтүстік Кореяда электрондық оқыту бойынша ұлттық бағдарламалар орындалып жатыр. 2015 жылға қарай білім беру ұйымдарының 50%-ын электрондық оқытумен қамту, ал 2020 жылға қарай бұл көрсеткішті барлық даярлық деңгейлерінде 90%-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Мектепке дейінгі тәрбие беруде – компьютерлік оқытушы ойындар, орта мектепте – электрондық оқулықтар, колледждер мен кәсіптік лицейлерде – виртуалды жаттықтырғыштар, ЖОО-да электрондық ғылыми-зерттеу зертханалары пайдаланылатын болады [3].

Білім беру процесінің құрылымына өзгерістер енгізілген. 2011 жылғы 20 сәуірдегі оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру ережелерінің негізгі қағидалары міне осындай.

«Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) – демалыс күндері (каникулдар мен мерекелер) көрсетілген, оқу жылы ішіндегі оқу және бақылау шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі;

Академиялық кезең (Term) – теориялық оқу кезеңі, үш түрдің біреуінде: семестр, триместр, тоқсанда білім беру ұйымы өз бетімен анықтайды;

білім алушының академиялық рейтингі (Rating) – білім алушылардың пәндердің оқу бағдарламасын меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші, аралық аттестаттау нәтижелері бойынша құрастырылады;

академиялық дәреже (Degree) – білім беру ұйымдары қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша сәйкес оқу білім бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға тағайындайтын дәреже;

білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) – білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартымен көзделген оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;

білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушылардың оқу пәнін зерделеуден кейін оқу пәнінің бір бөлігінің немесе барлық көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында емтихан сессиясы кезінде өткізілетін рәсім;

білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау – оқытушы академиялық кезең ішінде аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда өткізетін, оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі тексеру;

кредит (Credit, Credit-hour) – білім алушының-оқытушының оқу жұмысы көлемін өлшеудің бірыңғайланған жүйесі;

қорытынды бақылау – білім алушылардың оқу пәнінің бағдарламасын меңгеру сапасын бағалау мақсатында аралық аттестаттау кезеңінде емтихан түрінде өткізілетін оқу жетістіктерін бақылау, егер пән бірнеше академиялық кезең ішінде зерделенсе, онда пәннің қорытынды бақылау берілген академиялық кезеңде зерделенген бөлігі бойынша жүргізіледі;

аралық бақылау – бір оқу пәнінің бөлімі (модулі) аяқталған соң білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау;

орташа үлгерім баллы (Grade Point Average - GPA) – білім алушының таңдалған бағдарлама бойынша бір оқу жылындағы оқу жетістіктерінің деңгейінің орташа өлшенген бағасы (кредиттер көбейтінділерінің пәндер бойынша аралық аттестаттау бағасы баллдарының цифрлық баламасына қосындысының ағымдағы оқу кезеңіндегі кредиттердің жалпы санына қатынасы);

Бір оқу жылы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады, оны ғылыми (педагогикалық) кеңес шешімінің негізінде білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

Оқу жылы академиялық кезеңдерден, аралық аттестаттау кезеңдерінен, каникулдар мен практикалардан тұрады. Бітіру курсына оқу жылына қорытынды аттестаттау кезеңі қосылады.

Академиялық кезеңнің ұзақтығы оның түріне байланысты семестр үшін 15 аптаны, триместр үшін 10 аптаны және тоқсан үшін 8 аптаны құрайды.

Аралық аттестаттау кезеңінің ұзақтығы кемінде 1 апта.

Білім алушыларға әрбір академиялық кезеңнен кейін каникулдар беріледі, сонымен бірге оқу жылындағы каникулдық уақыттың ұзақтығы кемінде 7 аптаны құрайды.

Аудиториялық жұмыстың бір академиялық сағаты 50 минутқа тең.

Кәсіптік практика жоғары білімнің оқу бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады. Ол оқу, педагогикалық, өндірістік және диплом алдындағы болып бөлінеді. Кәсіптік практикалардың барлық түрлерінің жалпы көлемі кемінде 6 кредитті құрайды.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды және магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысын апталарда жоспарлау білім алушылардың апта ішіндегі жұмысының нормативтік уақытынан алғанда анықталады, ол 54 сағатқа тең (6 күндік жұмыс аптасында, БӨЖ қоса алғанда, күніне 9 сағат).

Қорытынды аттестаттаудың бір кредитіне 105 (15x7) сағат, яғни 2 апта сәйкес келеді. Оның ішінде білім алушының оқытушымен жұмысы 15 қатынастық сағат және БӨЖ – 90 сағат.

Мамандық бойынша мемлекеттік емтиханға (кешенді емтиханды) дайындалуға және тапсыруға 2 аптаға (1 кредит) бөлінеді.

Дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік немесе докторлық диссертацияны жазуға және қорғауға сәйкесінше 2, 3 және 4 кредит, яғни сәйкесінше 4, 6 және 8 апта бөлінеді.

Оқу сабақтары басым көпшілігінде белсенді шығармашылық түрде өткізіледі (кейс-стади, іскерлік ойындар, тренингтер, пікірталастар, дөңгелек үстелдер, семинарлар).

Жеке білім беру траекториясын қамтамасыз ету және кредиттік оқу технологиясында оқытушылардың таңдаулылығы мақсатында оқу сабақтарының кестесі оқу пәндерінің және оқытушылардың шамасында құрастырылады

Кредиттік оқу технологиясында білім алушылардың өздік жұмысы екі бөлікке: оқытушының жетекшілігімен орындалатын өздік жұмысқа (БООЖ) және толығымен өз бетімен орындалатын бөлікке (БСӨЖ – дұрысын айтқанда БӨЖ) бөлінеді.

БӨЖ бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өздік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады.

БООЖ-ға оқу бағдарламасының аса күрделі мәселелері, үй тапсырмаларын, курстық жобаларды (жұмыстарды) орындау бойынша кеңестер, семестрлік жұмыстарды, есептерді және БӨЖ тапсырмаларының басқа түрлерін бақылау кіреді.

Кредиттік оқу технологиясы білім алушының білім беру бағдарламасын өз бетімен жоспарлауына, жеке оқу траекториясын таңдауына, өзіндік білім алу деңгейін жоғарылату уәжіне негізделген.

Шетелдік ЖОО-мен серіктестікте бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖОО, серіктес-ЖОО-да меңгерілген кредиттерді Қазақстандық кредиттерге және ECTS балама қайта есептеуді жүзеге асырады.

Білім беру бағдарламасын іске асыру сапасын жоғарылату және білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау шынайылығын қамтамасыз ету мақсатында оқыту және қорытынды бақылау процестері бөлінеді.

Білім алушылардың оқудағы жетістіктері (білімі, ілімі, дағдылары мен құзыреттері) 4 баллдық шкала бойынша сәйкес цифрлық баламасы бар халықаралық практикада қабылданған әріптік жүйеге сәйкес (кему шамасына қарай, «А»-дан «D» дейінгі оң бағалар, «қанағаттанарлықсыз» – «F») 100 баллдық шкала бойынша баллдармен бағаланады.

Пән бойынша қорытынды бағаға ағымдағы үлгерім және қорытынды бақылау бағалары (емтихан бағалары) кіреді. Ағымдағы үлгерім бағасының үлесі студенттің оқу пәнінің бағдарламасын меңгеру дәрежесін қорытынды бағалауда кемінде 60% құрайды. Қорытынды бақылауды бағалау берілген оқу пәні бойынша білімнің қорытынды бағасының кемінде 30% құрайды.

Оң қорытынды баға меңгерілген кредиттерді сәйкес пән бойынша кредиттер санымен толықтыру үшін негіз болады және білім алушының транскриптіне жазылады.

Білім алушы қорытынды бақылау (емтихан) бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алғанда, пән бойынша қорытынды баға есептелмейді.

Осы аралық аттестаттау кезеңінде қорытынды бақылау бойынша оң бағаны жоғарылату мақсатында оны қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Оң бағаны алу үшін білім алушы келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде ақылы негізде берілген пән бойынша оқу жұмыс жоспарымен



көзделген оқу сабақтарының барлық түрлеріне қайта қатысады, рұқсат алып, қорытынды бақылауды тапсырады.

Аралық аттестаттау қорытындылары бойынша мемлекеттік білім гранты бойынша білім алушыларға барлық емтихандарды «А», «А-», «В+», «В», «В-» деген бағаларға тапсырғанда стипендия төленеді.

Жазғы семестр нәтижелері есепке алынып, оқу жылының қорытындылары бойынша Тіркеуші офісі орташа үлгерім баллын (GPA) білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейін орташа өлшенген бағасы ретінде есептейді.

Курстан курсқа ауыстыру үшін ЖОО өз бетімен курстар шамасында ауыстыру баллын – білім алушыны келесі курсқа ауыстыруға рұқсат беретін, минимум орташа үлгерім баллының шамасын белгілейді.

Курс бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ ауыстыру баллын алмаған білім алушыға, өзінің орташа үлгерім баллын (GPA) жоғарылату мақсатында, жазғы семестрде жеке пәндерді ақылы негізде қайта зерделеу ("Қазақстан тарихы» пәнін қоспағанда, ол бойынша мемлекеттік емтихан тапсырылады) және олар бойынша қайта емтихандар тапсыру мүмкіндігі беріледі.

Жазғы семестр нәтижелерін есепке алғанда оқу жылының қорытындылары бойынша ауыстыру баллын алмаған білім алушы қайта оқу курсына қалады.

Қайта оқу курсына қалған білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспары бойынша оқиды немесе жаңа жеке оқу жоспарын құрайды.

Емтихандар мен дифференциалданған сынақтарды «А», «А-», «В+», «В», «В-» бағаларымен тапсырған және бүкіл оқу кезеңіндегі орташа үлгерім баллы (GPA) 3,5-тен төмен емес, сондай-ақ барлық мемлекеттік емтихандарды тапсырған және дипломдық жұмысты (жобаны) «А», «А-» бағаларымен қорғаған, бакалавриат немесе жоғары арнайы білім бағдарламасы бойынша білім алушыға барлық оқу кезеңі ішінде емтихандарды қайта тапсыру болмаған жағдайда (әскери даярлық бойынша бағаны есепке алмағанда) үздік диплом беріледі»[4].

Сондай-ақ ҚР Үкіметі 2011 жылғы 11 ақпанда Қазақстан Республикасының білімді дамытудың 2011-2020 жж. арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша шараларының жоспары бекітілген болатын. 2011 жылдан 2015 жылға дейін созылатын бірінші кезең үшін төменде берілген міндеттердің шешілуі ерекше маңызды.

Жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, патриотизм сезімін, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға қол жеткізу үшін: жыл сайынғы Ұлттық Дельфи ойындарын өткізу; жастар ортасында жобаларды іске асыру арқылы қайырымдылық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған шараларды іске асыру; волонтерлік, әскери-патриоттық ұйымдастыру, әскери-спорттық, әскери-іздеу және спорттық-техникалық клубтар желісін құру арқылы студент жастардың әскери-патриоттық тәрбиесін дамыту; ұйымдастыру дағдыларын және көшбасшылық қасиеттерді меңгерген студенттердің, сондай-ақ жастар ұйымдары жетекшілерінің арасында белсенді жастарды оқытуға бағытталған,

«Жастардың кадрлық резерві», «Мемлекеттік қызметкер мектебі» жобаларын іске асыру ұсынылады.

Еңбек рыногының қажеттіліктерін, еліміздің, жеке тұлғаның индустриялық-инновациялық дамуы міндеттерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік практикаларға сәйкес келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін келесі шаралар ұсынылады: бакалаврлар, магистрлер мен PhD докторларының біліктілігін Дублиндік дескрипторлармен сәйкестікке келтіру; ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеудің Қазақстандық моделі бойынша халықаралық семинарлар өткізу; 2013 жылға дейін магистрлерді (5000 адамға дейін) және докторларды (500 адамға дейін) даярлауға мемлекеттік тапсырысты және 2014-2015 жылдарда магистратура (бакалавриат тапсырысы көлемінен 20%) және докторантура (кемінде 1000 бірлік) бағдарламасы бойынша мемлекеттік тапсырыс үлесін көбейту; педагогикалық және техникалық мамандықтар бойынша практикаға кредиттер көлемін көбейту бойынша МЖМБС-ға өзгерістер енгізу; институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының жоғары білім саласындағы Еуропалық сапаны қамтамасыз ету желісімен (ENQA) әзірленген, «Еуропалық өңірдегі жоғары білімнің сапасын қамтамасыз ету стандарттарына және нұсқаулығына» сәйкестігін қамтамасыз ету; студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларға (АКТ) және кең жолақты интернетке тең қатынасын қамтамасыз ету; Болон процесінің міндетті, ұсыныстық және факультативтік параметрлерін орындау; Қазақстан ЖОО әлемдік рейтингтерге қатысуы; Назарбаев университет моделі бойынша ЖОО автономиясын іске асыру механизмін әзірлеу; ЖОО оқу әдебиеті қорын үнемі толықтыру; Қазақстан Республикасының ЖОО негізгі оқулықтармен, соның ішінде мемлекеттік тілде және экономикалық, техникалық, жаратылыстану ғылымдары бойынша шетелдік оқулықтармен қамтамасыз ету; шетелдік студенттерді жұмылдыру, халықаралық шарттар шеңберінде балама алмасуды жүзеге асыру, сондай-ақ ауған азаматтары үшін білім беру бағдарламаларын іске асыру; студенттердің Республикалық ЖОО аралық электрондық кітапхана арқылы әлемнің жетекші шетелдік университеттерінің үздік білім беру ресурстарына қатынасын қамтамасыз ету; бизнес-инкубаторларды, технопарктерді, «Энергетика», «Мұнайды қайта өңдеу және мұнай-газ секторының инфрақұрылымы», «Химия өнеркәсібі», «Металлургия және дайын металл өнімдерін өндіру», «Машина жасау», «Жеңіл өнеркәсіп» бағыттары бойынша ғылыми әзірлемелер мен технологияларды коммерцияландыру орталықтарын құру.

Қазіргі заманғы білім беру кеңістігінде педагог мамандығының беделін арттыру ерекше маңызды болып табылады. Ол үшін Бағдарлама шеңберінде келесі көзделген: біліктілік санаты үшін педагогикалық қызметкерлердің лауазымдық айлығының мөлшерін есептеу үшін пайдаланылатын дифференциалдық коэффициенттерді ендіруді көздейтін, педагогикалық қызметкерлердің еңбегін төлеудің жаңа моделіне ұсыныстар, нәтижеге негізделген еңбек төлемін ендіру механизмін әзірлеу, педагогикалық қызметкерлердің орташа еңбекақысын экономиканың жеке секторындағы

еңбекақыға жақындату; ЖОО басым бағыттар бойынша жетекші отандық және шетелдік өнеркәсіптік кәсіпорындармен жан-жақты үйлестіру мақсатында ПОҚ біліктілігін шетелде жоғарылатуды ұйымдастыру, жыл сайын 100 адамға дейін; педагогтың қоғамдағы жақсы беделін қалыптастыру бойынша жұмысты жүргізу («Жыл мұғалімі» конкурстары, акциялар, БАҚ-пен бірлескен жобалар, шебер-кластар, жаңашыл-педагогтор форумдары, конкурстар, педагогикалық ұрпақтар слеттері, ғылыми-практикалық семинарлар және симпозиумдар, семинар-тренингтер және дөңгелек үстелдер) және т.б.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Конституция Республики Казахстан. Алматы, 2007.
2. Закон РК «Об образовании»/ «Казахстанская правда», 22 .07.2011
3. Добренькова Е.В. Проблемы вхождения России в Болонский процесс//Социологические исследования. – 2007. - № 6. – С. 102.
4. [www.edu.gov.kz/ru/npa/gosudarstvennaja\\_programma\\_razvitija\\_obrazovanija](http://www.edu.gov.kz/ru/npa/gosudarstvennaja_programma_razvitija_obrazovanija).



## Қазақстан Республикасындағы жастар саясаты

*Е.Н. Ивлева,  
Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
әлеуметтік-гуманитарлы пәндер  
кафедрасының оқытушысы*

ҚР мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуы мен қалыптасуының құқықтық негіздерін ҚР 2004 жылдың 7 шілдесіндегі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы анықтайды.

Мемлекет жастар саясатын қалыптастыра отырып, жастардың мемлекеттік құрылыстағы ролі мен орнын жеткілікті түрде бағаланбауын болдырмайтын маңызды күш-қуаты мен болашағы бар қоғамның белсенді тобы саналатынын есепке алады.

Мемлекеттік жастар саясатының қажеттілігі үлкен өмір табалдырығын аттағаннан бастап қиындықтарға тап болу, қоғам алдындағы міндеттері мен құқықтарын тану үшін біршама кедергілерге ұшырауының салдарынан туындады.

Мемлекеттік жастар саясаты жалпы әлеуметтік саясатпен салыстырғанда тек өтемақы механизмдерін әзірлеуге бағытталған. Ол жастардың еңбек және шығармашылық ауқатын сипаттайтын белсенді инновациялық және табысты аспектілерді қамтиды. Бұл – мемлекеттік жастар саясатын қоғамның стратегиялық ресурстарын дамытудың маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік туғызады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық шарттарды құруды және жастардың рухани, мәдени, білім берудегі, кәсіптік, дене бітімі тұрғысынан дамуы, жалпы қоғам мүддесі үшін оның шығармашылық қасиетін ашу мақсатында жүзеге асырылады.

ҚР мемлекеттік жастар саясатының міндеттері:

- 1) жастардың құқықтық және заңды мүдделерін қорғау;
- 2) жастарға әлеуметтік көмек көрсету және қолдау;
- 3) жастардың әлеуметтік маңызды бастамаларын жүзеге асыру;
- 4) қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру;
- 5) жастардың денсаулығын сақтау және нығайту;
- 6) жастардың рухани және адамгершілік тұрғысынан дамуы.

ҚР мемлекеттік жастар саясатының негізгі принциптері:

- 1) ерекше әлеуметтік-демографиялық топтағы жастардың мүдделері мен қажеттіліктерін көздеу;

- 2) Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени құндылықтарының басымдықтары;
- 3) жастар мәселелерін шешудегі жүйелілік пен кешенділік;
- 4) мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мен қалыптастырудағы жастардың тікелей қатысы.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру құрылымы мемлекеттік атқару және сайлау, кеңесу органдарының, сонымен қатар, жастардың коммерциялық емес ұйымдарының республикалық және өңірлік деңгейде қатыстырылуын қамтиды.

Республикалық деңгейдегі жастар саясатын жүзеге асыру органы - Білім және ғылым министрлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы жастар ісі жөніндегі Кеңес – ҚР Білім және ғылым министрлігімен басқарылатын кеңесу органы және Республикалық азаматтарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі кеңесі қызмет атқарады. Кеңестер құрамына атқару және үкіметтің сайлау органдары, коммерциялық органдар кіреді. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары Әкімдері жанында кеңестік органдар ретінде негізгі мақсаттары мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру саласындағы мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың қызметін басқару болып табылатын жастар ісі жөніндегі Кеңес жұмыс атқаруда.

Облыстық деңгейдегі жастар саясатын жүргізуді реттеу бойынша қызмет Ішкі саясат департаментіне жүктелген. Қалалар мен аудандарда мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға жауапты – ішкі саясат, мәдениет және тілдер бөлімдері болып табылады.

Мемлекеттік жастар саясатын жетілдіруді ақпаратпен қамтамасыз ету келесі тақырыптық бағыттар бойынша жүзеге асырылады: «Мемлекеттік жастар саясатын ақпараттық қолдау», «Балалар мен жасөспірімдерге патриоттық, халықаралық, мәдени және адамгершілік рухта тәрбие беру бойынша материалдардың басылымдары», «Салауатты өмір салтын насихаттау», «Жастар мәселесі жөніндегі әлеуметтік маңызды жобалардың ақпараттық қолдауы».

Жалпы республикалық «Альянс kz» жастар газеті үнемі басылып шығарылып, zhastar.kz, asker.kz, youth.kz. сайттары қызмет істейді. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен жастар саясатының маңызды мәселелері мен жастарға арналған ақпараттық-статистикалық бюллетеньдер бойынша әдістемелік ұсыныстар басылады, жыл сайынғы республикалық әлеуметтік зерттеулердің қорытындысы бойынша «Қазақстан жастары» атты ақпараттық-статистикалық бюллетені басылып шығарылады.

Жеткен жетістіктерден тоқтап қалмай, ҚР «Жастар саясаты туралы» Заңына өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар одан әрі жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда талқылаулар мен концептуалдық өзгерістерді талап етуші басты мәселе – мемлекеттің жастарға қатысы болып табылады. Жас азаматтардың пікірінше, қолдау және көмектен серіктестікке көшу қажет.

Соңғы бірнеше жылдың ішінде жастар туралы заңға өзгертулер енгізу күтілген, осылайша 2011 жылдың басында жұмыс қарқынды бастады. Олар

2012 жылы қабылданады деп болжалуда, қазіргі таңда құрамына жастар саясаты жөніндегі департамент кіретін ҚР Білім және ғылым министрлігіндегі жұмыс тобының отырысы өтуде. Жастар ұйымдары қатыстырылатын жұмыс тобы әрекеттегі заңның нұсқасын реттеуде. Келесі жылы көтерілетін мәселелердің ішінде: жас отбасыларды тұрғын үймен, сапалы біліммен, жұмысқа орналастырумен, әлеуметтік және басқа да қызметтермен қамтамасыз ету бойынша мәселелері бар. "Біздің іс-әрекетіміздің негізгі бағыты – бұл жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, олардың нәтижелі әлеуметтендірілуіне тікелей қатысты мүдделерін ұйымдастыру болып табылады. Департамент тұрғын-үй, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешу бойынша белсенді жұмыстарды атқарады. Олардың мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірге белсенділігін арттыру процесі зор маңызға ие. Мемлекеттегі жастар саясаты кіршіксіз емес, алайда, кейбір мәселелер нәтижелі түрде жүзеге асырылуда. Әр аймақта жас қазақстандықтарға қолдау көрсететін бағдарламалар бар. Дегенмен, мемлекеттің әлі де болса жастар саясатын басқаруды орталықтандыру жүйесінің дамымағанына қатысты осал жақтары бар. Осыған орай, жастар саясаты саласында жұмыс атқаратын барлық құрылымдардың маңызды міндеттерінің бірі болып аймақтар арасындағы тәжірибемен алмасуды қамтамасыз ету және басқару табылады. Қазақстандағы жастар саясатының тағы бір осал жағы – кейбір шешілмейтін тұрмыстық мәселелер, соның ішінде, студенттік жатақханалардың жетіспеушілігіне қатысты мәселелердің болуы. «Осы жағымсыз аспектілердің осал жақтарының терең тамыр жаюы басты мәселеге айналуға», - дейді ҚР ҰҒА жастар саясаты департаментінің директоры Мәдияр Қожахмет.

### **Жастардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыруға қатысу түрлері**

Жастар Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен өткізуге қоғамдық маңызды бастамаларды жүзеге асыру, орталық және жергілікті атқару органдарына жүгіну, жастар ұйымдарының аталмыш органдармен қарым-қатынас орнату және басқа да ҚР заңнамасымен тыйым салынбаған түрлері арқылы қатыстырылады. Жастардың, жастар ұйымдарының мемлекеттік органдарға мемлекеттік жастар саясатын дамыту бойынша енгізілетін ұсыныстары мемлекеттік органдардың құзыреттілігіне және Қазақстан Республикасымен анықталатын заңнамасына сәйкес қарастырылады. Берілген ұсыныстарды қарастыру үшін қаржылық есептеулер, ақпаратты жинақтау, құжаттар жобаларын әзірлеу қажет болған жағдайда, мемлекеттік органдар ақпараттық көмекті жүзеге асырады және аталмыш ұсыныстарды енгізетін жастар және жастар ұйымдарының өкілдерімен кеңестер өткізеді.

Мемлекеттік органдар жастар ұйымдарын Қазақстан Республикасындағы жастар саясатын жүзеге асыру мен қалыптастыру саласындағы іс-әрекеттерді басқару мен кеңесу үшін олардың келісімімен жұмылдыруға құқылы. Жастар ұйымдары мемлекеттік жастар саясаты саласындағы мемлекеттік және өңірлік

шаралар жоспарларының шеңберінде қызмет көрсетуге, нақты жұмыстарды орындау мақсатында мемлекеттік органдармен ынтымақтастық орнатуға, ал олардың өкілдері мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру бойынша кеңестік органдардың құрамына кіруге құқылы. Аталмыш мақсаттарды жүзеге асыру мақсатында кеңестік органдар құрылуы мүмкін. Сонымен қатар, жастар ұйымының жетекшілері де Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жастар ісі жөніндегі Кеңестің құрамына кіреді. Кеңес Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы кеңестік орган болып табылады және өзінің іс-әрекетін мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер және басқа да заңды тұлғалармен қарым-қатынас орната отырып жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес, екі жылда бір реттен кем емес Жалпыреспубликалық Қазақстан жастарының форумы өткізіледі. Форумдардың мақсаты – Президенттің Қазақстан халқына жолдауы тұрғысынан мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру механизмдерін анықтау, оның болашақтағы даму жолдары мен ағымдағы жағдайлары жөніндегі ұғымдарды қалыптастыру, оңды қоғамдық бастамалар мен жастардың өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру болып табылады. Қазақстан жастарының Жалпы республикалық форумының өткізілу тәртібі, өкілдіктер нормалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік жастар саясатын дамыту бойынша кеңестік орган мен уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы үкіметімен бекітілетін Қазақстан жастарының жалпы республикалық форумы жөніндегі ережемен белгіленеді. Қазақстан жастарының жалпыреспубликалық форумы өз құзыреттілігінің шегінде жастардың ұсынысын қабылдап, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мен қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарын әзірлей алады.

Семинарлар, машықтану сабақтары, дөңгелек үстелдер және басқа да әңгімелесу түрлері мемлекеттік органдардың өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен үнемі өткізіліп отырады.

Жастар ұйымдары сыбайластық жемқорлықтың алдын алу бойынша ортақ шараларға, мемлекеттік аттестациялау мен білім беру ұйымдарын аккредитациялау, жоғары оқу орны рейтингін құру, Бірыңғай ұлттық тестілеуді жүргізу жұмыстарын жүзеге асыру үшін жұмылдырылады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәліметі бойынша мемлекетте шамамен 700 әрекеттегі жастар және балалар қоғамдық ұйымдары, республикалық бірлестіктер мен қозғалыстардың филиалдары тіркелген. Олардың ішінде 27,08% негізгі бөлігін құраушылар Павлодар облысында, 14,88% - Алматы қ., 6,1%, - Шығыс Қазақстан облысында, 3,87% - Астана қаласында тіркелген.

### **Жастардың әлеуметтік мәселелерін шешу**

Жастардың әлеуметтік мәселелерін шешу мақсатында арнайы қызметтің іс-әрекеті ұйымдастырылған, олардың әрекеттерінің қолдауына жыл сайын бюджеттен қаржы бөлінеді. Бөлінген қаржы шеңберінде қызмет іс-әрекеттері мемлекеттің 31,2% аумақтық бірліктерін қамтуға мүмкіндігі жетті. Сонымен қатар, екі қызмет республикалық: ақпараттық орталық және зерттеу қызметі

статустарына ие. Басқа да қызметтер облыс аумағы немесе республикалық мәні бар қалада жүзеге асады.

Қызметтердің өңірлерде орналастырылуы жастар ұйымдарының санын және жастарға арналған инфрақұрылым нысандарының қол жетімділігін, әлеуметтік қызметтердің жергілікті бюджеттен қаржыландырылуын есепке ала отырып жүргізілген. Қызметтердің әрқайсысы іс-әрекеттің жеке бағыттары бойынша мамандандырылған: ақпараттық қамтамасыз ету, әлеуметтік зерттеу, жастардың бос уақытын ұйымдастыру, девиантты жастардың бейімделуі, жастар ұйымдарын ресурстық қолдау, консалтинг, девиантты мінез-құлық пен наркоманияның алдын алу, жастардың еңбек әрекетіне ықпал жасау.

- әлеуметтік қызметтер іс-әрекеттерінің бағыттарына келесілер жатады: психологиялық-педагогикалық, медициналық-әлеуметтік, заң тұрғысында көмек көрсету және кәмелеттік жасқа толмағандар мен басқа да тұлғаларға кеңес жүргізу;
- аса жағымсыз жағдайларға тап болған тұлғаларға олардың дене бітімдерінің кемістігіне байланысты әлеуметтік көмек көрсету;
- жас отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету;
- еңбек және оқу ұжымдарында жастардың құқығын қорғау;
- девиантты мінез-құлқы тән кәмелет жасқа толмаған тұлғаларға, қараусыз және бақылауға алынбаған кәмелет жасына толмаған азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету;
- бостандықтан айырылу мекемелерінен шыққан, сонымен қатар, арнайы тәрбиелеу мекемелерінен қайтарылған, нашақорлықтан, токсикоманиядан, алкогольизмнен емделіп шыққан тұлғаларға, жұқпалы аурулар және ЖИТС ауруына шалдыққандарға әлеуметтік қайта қалпына келтіру бойынша көмек көрсету;
- құқықтық насихат, жұмысқа орналастыру, білім беру және кәсіптік даярлау, бос уақыт, туризм және спорт салаларында өз құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндіктері жөнінде жастарға мәлімет беру;
- мекен-жайы бойынша жастардың бос уақытын, соның ішінде, жасөспірімдер мен жастардың аула клубтарының және басқа да жастарға көмек көрсету бойынша қызметтердің мазмұнды ұйымдастырылуы;
- жастардың жұмысқа орналасуына көмек көрсету.

Қызметтердің іс-әрекеттерін ұйымдастыру үшін әлеуметтік қызметкерлер мен волонтерлер тартылады. Кеңес беру, бейімделу, құқықтық және психологиялық жәрдемдер бойынша қызметтер 11,5 мыңнан аса адамға көрсетілді, бұл жастардың жалпы санының 0,2% құрайды. Қызметтердің мәдени-демалыс және спорттық-сауықтыру шараларына жастардың арасынан 160 мың астамы қатыстырылды (жалпы санның 3,5% құрайды). Қызметтердің жанама ақпараттық-насихаттау іс-әрекетіне қатысқандардың саны 1 млн. жуық жастарды құрады (жалпы санның 22,2% құрайды), олардың ішіндегі ақпараттық, әдістемелік баспа өнімдерінің оқырмандары, акцияға, конкурстарға, жәрмеңкелерге, дөңгелек үстелдер мен басқа да талқылауларға қатысушылар ақпараттық сайттарға кірді.



Қазақстан Республикасының басқа да азаматтарымен қатар, жастар атаулы әлеуметтік көмек алу құқығына ие болады.

Жастар тұратын отбасының жан басына келетін табысы кедейшілік шегінен аспаған жағдайда, белгіленген облыстарда (республикалық мәні бар қалаларда, астанада) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік төлемдер туралы» Заңы негізінде аталмыш отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек көрсетіледі. Атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері жан басына келетін табыс пен кедейшілік шегі арасындағы айырмашылық түрінде саналады.

Егер отбасының жан басына келетін табысы азық-түлік қоржыны мен тұрғын үй жәрдемақысынан төмен болса, балалары бар жас отбасылар балалары 18 жасқа толғанға дейін мемлекеттік жәрдемақыны алуға құқылы.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес, «жас отбасы» түсінігін анықтау бөліміндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылдың 1 қыркүйегіндегі №923 Қаулысымен бекітілген Мемлекеттік тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде құрылған облыстық, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқару органдарымен Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге асыру Ережелеріне өзгертулер енгізу туралы ұсыныстар жасалды.

Облыстарда жас жұмыскерлерге тұрғын үйді ипотекаға беру, үйді жалға беру және пайызсыз қарыз беру сияқты әр түрлі көмек түрлері көрсетілуде. Жас отбасыларын қолдау мақсатында өңірлік деңгейде отбасы өмірі, психологиялық-педагогикалық, құқықтық және басқа да мәселелер бойынша, балалар мен жастардың жазғы демалысы мен сауықтыруын ұйымдастыру жүйесін дамыту мен сақтау бойынша кеңес беру жүйесін құру жұмысы ұйымдастырылған.

Өңірлердің бірқатарында жергілікті атқарушы органдар өздерінің жеке көмекті қажет ететін азаматтарға қосымша әлеуметтік көмек түрін белгілеу құқығын пайдалана отырып, аз қамтылған отбасыларынан шыққан студенттердің жоғары және орта мамандандырылған оқу орындарында ақылы түрде оқу үшін әлеуметтік көмек көрсетеді.

Республикалық және өңірлік деңгейлерде студенттердің жастар еңбек құрылыс отрядының іс-әрекеті мен жалпыреспубликалық «Жасыл ел» бастамасы қолдау табады.

Жастар саясаты шеңберінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру бағдарламасы әзірленген. Ауыл (село) жастарына оқуға түсер алдында орта және жоғары білімнен кейінгі білім беруді техникалық және кәсіптік оқыту бағдарламаларын жүзеге асыруды ұйымдастыратын ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын анықтайтын мамандықтарға түсу үшін қабылдау квоталары қарастырылады. Мұнымен қоса, білім беру гранттары бойынша оқитындарға ай сайынғы стипендия тағайындалады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылдың 21 желтоқсанындағы №1260 Қаулысымен «Салауатты өмір салты» Бағдарламасы бекітілген, оның мақсатты тобы жасөпірімдер мен жастар болып табылады.

Жастарға медициналық көмек көрсетуді жүзеге асыру мақсатында халықаралық тәжірибелер негізінде қызметтер енгізіліп, жастардың денсаулық орталықтары құрылуда. Жастарға көрсетілетін қызметтер кешенді болып табылады және медициналық көмектен басқа, әлеуметтік, психологиялық, заң жүзіндегі көмектердің толық тобын қамтиды. Қызметтерді көрсетудегі басымдықтар қол жетімділік, тілектестік қарым-қатынас пен кешенділік болып табылады.

Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жастар үшін әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын құру және іске асыруды қамтамасыз етеді. Республика бойынша жастарға арналған келесі инфрақұрылым нысандары қызмет атқарады: кітапханалар – 3664 бірлік; клуб үлгісіндегі мекемелер – 2409 бірлік; мұражайлар – 187 бірлік; театрлар – 51 бірлік.

Білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімінде оқытындар мен тәрбиеленушілердің қоғамдық көлікте қатынау үшін жолақы жеңілдігі жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша республиканың тек бірнеше өңірлерінде ғана жүзеге асырылады. Олардың ішінде: Алматы қ., Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Жамбыл, Атырау облыстары. Аталмыш өңірлерде мектеп оқушылары мен студенттерге қоғамдық қалалық көлікте қатынау үшін жәрдемақы мөлшері белгіленген. Заң нормалары жергілікті бюджеттің есебінен қамтамасыз етіледі.

Халықаралық еңбек ұйымымен бірлесе отырып, республикада балалар еңбегінің жойылуы бойынша Бағдарламаның шеңберінде Қазақстан Республикасындағы №182 ХЕҰ халықаралық Конвенциясын жүзеге асыру мақсатында балалар еңбегінің ең нашар түрлерінің жойылуы бойынша өңірлік жоба жүзеге асырылуда.

Өзін-өзі әлеуметтік-экономикалық жағынан жетілдіруге, қазіргі заман нарықтық шарттарға бейімделу мен қолдау көрсету жүйелерін қалыптастыруға, кәсіби даму үшін жағдайларды жасауға үлес қосатын жастарды жұмыспен қамтамасыз ету бойынша негізгі мемлекеттік шаралардың ішінен жастардың кәсіпкерлік іс-әрекетін дамыту қажеттілігін бөліп қарастыру қажет.

Қызметтер іс-әрекеті шеңберінде: орта және шағын бизнес саласындағы жастардың республикалық инновациялық жобалары мен бизнес-идеяларының байқауы, аграрлық сектор, демалыс және бос уақыт, туризм және спорт, қызметтер саласы. Ақпараттық бюллетеньдер, әдістемелік оқу құралдары әзірленіп, басылып шыққан. Жастар арасынан кәсіпкерлікпен айналысатындарға ауылдарда компьютерлік сауаттылықты арттыру және техникалық, ұйымдастырушылық құрылымдарға, қазіргі заман ғылыми-техникалық процестердің келешегі бар даму бағыттарына бейімделген арнайы өндірістік білім мен машықтарды арттыру бойынша кеңес беру қызметтері ұсынылған.

Жас таланттарды қолдау және дамыту мақсатында жыл сайын Қазақстанның Ұлттық жастар Дельфи ойындары өткізіледі. Ұлттық ойындарды өткізу мен дайындығын ұйымдастыру, сонымен қатар, ұлттық ойындарды өткізуді үйлестіру мәселелері Қазақстанның Ұлттық Дельфи комитетінің отырысында қарастырылады.

Мемлекеттің барлық жоғары оқу орындарында конкурстық негізде дарынды және талантты жастардың алыс және жақын шетелдегі білім беру және ғылыми-зерттеу ұйымдарында қайта даярлау мен машықтануға, білім беру бағдарламаларын меңгеруге, сонымен қатар, «Болашақ» Президенттік бағдарламасы мен «Дарын» Қазақстан Республикасының мемлекеттік жас таланттарды қолдау бағдарламалары бойынша білім алу мүмкіндіктері қамтамасыз етілген. Жоғары оқу орнының студенттері ғылыми іс-әрекетпен айналыса отырып, Ресейдің, алыс және жақын шетелдің жоғары оқу орындарымен тығыз қарым-қатынас орнатып, халықаралық ғылыми конференцияларға, конкурстарға, олимпиадаларға, семинарларға және т.б. қатысады.

Жастар саясатын жүзеге асырудың басым бағыттарының бірі – қазақстандық жастарды халықаралық мәдени, экономикалық, ғылыми және білім беру процестеріне халықаралық жастар ынтымақтастығы бағдарламасын одан әрі жетілдіру мен жастармен жұмыс істеу саласы бойынша алмасу арқылы жұмылдыру болып табылады.

Қазіргі таңда Германия Федералдық Республикасымен, Катар Мемлекетімен, Сауд Аравиясы Әмірлігімен, Украинамен, Беларусь Республикасымен, Әзербайжан Республикасымен, Қырғыз Республикасымен, Тәжікістан Республикасымен Келісім орнатылды. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы, сонымен қатар, Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы жастар саясаты саласы бойынша ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық Келісімдер жобасы әзірленген және Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделі органдарына келісуге тапсырылған.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. О государственной молодежной политике в Республике Казахстан: Закон Республики Казахстан от 7 июля 2004г. № 581 // Ведомости Парламента РК, 2004. № 16 //Казахстанская правда. 2004. 15 июля.
2. Справка к парламентским слушаниям об исполнении Закона Республики Казахстан «О государственной молодежной политике в Республике Казахстан» //www.edu.gov.kz (Сайт МОН РК).



## **Н.Ә. Назарбаевтың ішкі саяси тұрақтылықты нығайту және қазақстандық қоғамды біріктіру бойынша бастамалары**

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының профессоры, с.ғ.к.  
Матвеевкова Л.Г.*

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы аса қарқынды дамушы мемлекеттердің бірі болып табылады. Орасан зор ресурстар және оларды пайдаланудың тиімді механизмдері Қазақстанды тек посткеңестік кеңістіктегі ғана емес, сонымен бірге қазіргі әлемдегі жетекші ірі мемлекеттердің бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Егеменді Қазақстанның қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде көптеген сарапшылар республикаға этникалық негіздегі шиеленіскен даулармен байланысты, ауқымды әлеуметтік-саяси зілзалаларды алдын ала болжады. Сол сәтте полиэтникалық және мультиконфессиялық қоғам үшін этносаяси жағдайдың шиеленісуінің белгілі алғышарттары болғанын мойындау керек. Экономикалық құлдырау, әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы дағдарыс, азаматтық қоғамның дамымағандығы, тұрақсыз ішкі саяси жағдай, елдің сыртқы саясатындағы анықталмағандық, құндылықтар девальвациясы және, осының салдарынан, болашақтағы сенімсіздік сол кезеңге тән ерекшеліктер болды және әбден этникааралық қақтығыстар катализаторлары бола алар еді. Алайда еліміздің этникалық және діни белгілер бойынша терең әлеуметтік күйзелістерден, әрі қоғамның жіктелуін болдырмауда жолы болды.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы қадамдары этникааралық өзара әрекеттесуді реттеудің принциптік жаңа моделін тұрғызуға бағытталған болатын. Ел басшылығы нығаймаған республиканы ретсіздікке ұшыратуы және оның дамуын ондаған жылдарға артқа лақтыруы мүмкін болатын, ішкі саяси жағдайды тұрақсыздандыру қаупін анық түсінді және сезінді. Сондықтан ең алдымен ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевқа лайықты баға беру керек, ол ел үшін қиын кездерде саяси шешімдер қабылдауда көрегендік және салмақтылық таныта білді, Қазақстан халқының бірлігі мен келісімін сақтай отырып, талай рет халықты өзара шыдамдылық пен ұстамдылық көрсетуге шақырды.

Бүгінгі күн ұстанымынан этникааралық қатынастарды үйлестіру бойынша шаралар дер кезінде қабылданды деп сенімді айтуға болады, өйткені, атап айтқанда, осылар мемлекеттің тұрақты әлеуметтік-экономикалық көтерілуінің негізін қалады және қоғамдық-саяси салада жаңарту жүргізу үшін жағдайлар жасады. Қазіргі уақытта жалпы ұлттық келісім мен бейбітшілікті көптеген адамдар елдің әсерлі табыстарының маңызды факторлары және

тәуелсіздіктің басты жеңісі ретінде лайықты бағаланады. Көп ұлтты Қазақстан халқының бір жағынан, даналығы және толеранттылығы, әрі екінші жағынан, билікпен қабылданған ұйымдастыру, құқықтық және институционалдық шаралардың барлық кешені, республика дамуының бастапқы кезеңінде экономикадағы әлеуметтік коллапс пен тоқырауды салыстырмалы түрде ауыртпалықсыз жеңуге мүмкіндік берді. Мемлекеттік құрылыс негізіне Қазақстанның барлық этностарының өздерінің рухани және мәдени қажеттіліктерін іске асыру құқықтарына кепілдік беретін принциптер салынған болатын, бұл Қазақстан Республикасының Конституциясында (Ата заңында) және елдің басқа бағдарламалық құжаттарында көрініс тапты.

Аса күрделі өтпелі кезеңде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасы бойынша қазақстандық қоғамды жаңартудың іргетасы болған, ел дамуының «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламасы әзірленген болатын. «Қазақстан-2030» стратегиясының ТМД елдері үшін ұзақ мерзімді бағдарламалық жоспарлаудың алғашқы тәжірибесі болғанын атап кету керек. Н.Ә. Назарбаевқа дейін бір де бір посткеңестік көшбасшы ұзақ мерзімді даму перспективаларын анықтау үшін мұндай бағдарламалар жасауды бастамаған. Посткеңестік кеңістіктегі көптеген елдер 30-40 жылға бұрын жоспарлаудан бас тартып, мақсаттар мен міндеттер жүйесін 2-3 жыл ауқымында құрастырып, өздерінің бағдарламалық міндеттерін қысқа мерзімді немесе орташа мерзімді перспектива ауқымында іске асырады. Қазақстан басшылығы экономикалық, әлеуметтік және қоғамдық даму тұжырымдамасын реформалар идеологиясына, жаңарту процестерінің теориясы пен практикасына айналдыруға мүмкіндік беретін, басқа жолды анықтады.

Бағдарламаның басты артықшылықтары: ұлттық қауіпсіздік, ішкі саяси тұрақтылық және қоғамның нығаюы, шетелдік инвестициялар мен ішкі қорлардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген, экономикалық өсуді қамтамасыз ету, Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі және әл-ауқаты жайында қамқорлық, энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану, инфрақұрылымды, әсіресе көлікпен байланысты және ақырында, кәсіби мемлекеттік құру болды.

«Қазақстан-2030» стратегиясының ұзақ мерзімді басымдықтары стратегиялық бағдарлар мен координаталардың нақты жүйесін қалыптастырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізіне салынды. Көбінесе, Стратегияда белгіленген үдемелі дамудың түйінді міндеттерін іске асырудың арқасында, Қазақстан экономиканың қарқынды дамуына және әлемдік қауымдастықта танылуына, ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға және қоғамды шоғырлауға қол жеткізді, сауатты ұлттық саясатты тұрғызды, ашық, теңгерілген демократиялық саяси жүйеге қарай маңызды қадам жасады.

Алайда, егер елімізде осы жылдар бойы тыныштық пен бейбітшілік болмаса, жарияланған стратегия көркем мақсат болып қалар еді. Қазақстандық қоғамда бейбітшілікті нығайту, ішкі саяси тұрақтылықты, этникааралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету бойынша міндеттер ұлттық дамудың маңызды басымдылығы болды.

«Қазақстан-2030» Жолдауында Н.Ә. Назарбаев ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің және қазақстандық қоғамды нығайтудың принциптік шарттарын анықтады, соның ішінде:

- біздің еліміздің барлық азаматтары үшін мүмкіндіктер теңдігіне негізделген, біртұтас азаматтықты дамыту;

- барлық этникалық топтардың этникалық келіспеушіліктері мен тең құқықтығының мүмкін себептерін жоюды қамтамасыз ету;

- ауқаттылар мен жоқ-жітіктер арасындағы айырмашылықты азайту;

- қоғамды жаңарту процесінде пайда болатын әлеуметтік проблемаларды жоспарлы шешу;

- әр түрлі конфессиялар арасында өзара құрметті, төзімділікті және сенімді қатынастарды нығайту.

Ұзақ мерзімді перспективада саяси тұрақтылық мен қоғамды нығайту факторларының арасында Н.Ә. Назарбаевтың экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге белгілі мән беретіні өзіне назар аударады, өйткені «тұрақсыз және мықты экономикасыз саяси даму ауыртпалықпен, әрі баяу жүруі мүмкін, бүкіл халықтың наразылығына, елдің тұрақсыздануына әкелуі мүмкін». Бұл бір жағынан, рынокқа қарай қозғалыс, ол өзінің мәні бойынша космополитті және интернационалды, этникааралық карама-қайшылықтарды табиғи түрде бәсеңдетеді. Алайда, екінші жағынан, осы процестің салдары қарсы тұрудың жаңа полюстерін жасау, ал атап айтқанда – байлар мен кедейлер арасындағы карама-қайшылықтың пайда болуы және дамуы. «Егер Қазақстан байлар қабаты аз мемлекет болса, онда ол жақсы жағдайда – мақсатсыз тірлікке, жаман жағдайда әлеуметтік шиеленіскендікке душар болады», - деп атап өткен Н.Ә. Назарбаев. Сондықтан ішкі саяси тұрақтылық және даму барлық үш класқа сүйенуі тиіс: бай, орташа және кедей. Қоғамға олардың барлығы да керек, бірақ ол кезде қоғамның негізі барынша ұлғайып келе жатқан орташа класс болатындай, өркениетті үйлесімділік те керек. Сондықтан Президенттің пікірі бойынша, мемлекет стратегиясы мемлекеттік көмекті тікелей халықтың ең мұқтаж топтарына бағыттаудан тұруы тиіс.

Мемлекет саясатының маңызды бағыты бүкіл қазақстандықтардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша қызмет, терең әлеуметтік реформаларды жүзеге асыру болды. Сонымен, Қазақстан халқына 2006 ж. 1 наурыздағы жыл сайынғы Жолдауында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев халықты және, ең алдымен, халықтың қорғалмаған, аса мұқтаж топтарын әлеуметтік қолдаудың 2006-2007 жж. арналған жаһандық бағдарламасының басталуы туралы жариялады.

Елдің тұрақты және қарқынды экономикалық өсуі мемлекеттік шығындардың әлеуметтік бағытталғандығын едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді, бұл қазақстандық экономика беріктігінің елеулі қорын көрсетеді.

«Қазақстан-2030» Стратегиясында белгіленген, қазақстандық қоғамды нығайтудың басқа факторы ретінде Қазақстанның әр түрлі этникалық және конфессиялық топтары үшін біртұтас азаматтықты қалыптастыру, басқаша айтқанда, біртұтас қазақстандық халықты қалыптастыру болуы тиіс. Н.Ә. Назарбаев қоғамды біртұтастандыру және нығайту үшін нақты

платформаны белгіледі: «Бұл – шекарасы бар біздің жеріміз, бұл - оны көркейткен, біздің ата-аналарымыз, онда біз сәтсіздіктер дәмін бірлесіп тартқан және жетіс қуанышын бөліскен, біздің ортақ тарихымыз. Бұл - осы жерде бірге өмір сүріп, жұмыс істейтін біздің балаларымыз». Сөйтіп, мемлекеттік сәйкестік проблемасын шешу: «Қазақстандықтар – біз кіміз?» деген сұраққа жауаппен тікелей байланысты.

Ағылшын маманы Э. Смит баса айтқандай, ұлттық сәйкестікті қалыптастыру әлеуметтік және саяси тәртіпті заңды деп тану процестерінің негізгі элементі болып табылды. Ұлттық идеологияны тағайындау жеке тұлғалар мен әлеуметтік таптар арасындағы ынтымақтастық байланыстарын құрудан, осы мақсатта жалпы құндылықтар мен мәдени дәстүрлерді жұмылдырудан тұрады. Ұлттық доктриналар мемлекетті растау мен нығайту үшін қызмет атқаруға арналған идеологияны ұтымдылыққа апелляция беретін мифтерді, символдарды шығарады. Олар әрбір жеке тұлғаға жеке де, оның өзін қалған әлемнен және басқа мәдениеттерден ерекшелуіне мүмкіндік беретін, әлеуметтік те сәйкестікті ұсынады. Олардың таралуына мемлекеттік егемендікті заңды деп танитын барлық үкіметтер сол немесе басқа шамада мүмкіндік туғызады.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «В потоке истории» деген кітабында қазақ этносының ұлттық өзіндік санасының өскенін атап өтеді және Қазақстанның еліміздің халқын ұлттық сәйкестендірудің өзінің теңдессіз моделін іздеп, табу қажеттілігін негіздейді. Осыған байланысты ол қоғам сәйкестігінің екі деңгейін атап көрсетеді. Бірінші деңгей Қазақстан халқын азаматтық және саяси ортақтық ретінде қалыптастырумен байланысты. Басым суперэтникалық ортақтық ретінде қазақ ұлтын емес, Қазақстан халқын қалыптастыру қажеттілігі ерекше баса айтылады. Егеменді қазақстандық мемлекет біртіндеп жалпы құндылықтармен біріккен демократиялық бірлікке, біртұтас Қазақстан халқына айналды. Сөйтіп, бірінші деңгейдің сәйкестігінің мәні еліміз халқының бар алуан түрлілігінің біртұтас саяси құндылықтарға, өзінің азаматтық және саяси тағдырын тәуелсіз мемлекетпен сәйкестендіруге негізделген, азаматтық және саяси бірлігі болып табылады.

Екінші деңгей қазақтардың ұлттық сәйкестігімен байланысты. Сонымен бірге мемлекет саясатында қазақ ұлтының ішкі ұлттық сәйкестігі проблемасын шешу елімізде бүкіл Қазақстан халқының біртұтас азаматтық сәйкестігін құрумен тығыз байланысты. Осыған байланысты біртұтас халықты қалыптастыру процесінде мемлекет өзіне ерекше рөльді алады.

Қазақстандықтардың басым көпшілігінің мәдениетаралық және этникааралық өзара әрекеттесу, этникааралық тұрақтылық, кіріктіру және келісім идеясына шынайы берілгендігіне қарамастан, кез келген қоғамда қолданылып жүрген тәртіппен келіспейтін және ұлы құндылықтардың морттығын бұзуға әзір, бұзушы элементтер бар болатынын практика куәландырады. Атап айтқанда, Қазақстанда мәдениет аралық өзара әрекеттесуді, этникааралық келісім мен тұрақтылықты тереңдетуге бағытталған, бірқатар маңызды заңдар бар («Ұлттық азшылықтар туралы», «Тілдер туралы» Заң).

Жаһандандырушы даму бағыттарын күшейту, мәдени өзара ену және көші-қон ағындарын белсенділендіру жағдайларында қазақстандықтардың жаңа ұрпағын этникалық тиесілілігіне байланыссыз, өзара құрметтің, ашықтық пен сенімнің негіз құраушы құндылықтарында тәрбиелеуде қажеттілік өсті. Осы оңай емес, бірақ маңызды миссияны еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған, республикада тұратын этностардың ұлттық және мәдени орталықтарын біріктіретін, кеңес беру-кеңесу органынан конституциялық органға дейінгі эволюциядан өткен, Қазақстан халқының Ассамблеясы орындауға міндетті.

Қазақстан халқының Ассамблеясы жас егеменді мемлекеттің тіршілік әрекеті жүйесіне үйлесімді қосылғанын атап кету керек. Берілген құрылымның қоғамдық-саяси қызметі республикада әр түрлі ұлттар мен конфессиялар өкілдерінің бірігу және тең даму саясатын жүзеге асыруға оң әсер етеді. ҚХА өзінің қызмет еткен жылдарында республикадағы ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін практикалық ұсыныстарды әзірледі. Осы саяси емес және үкіметтік емес ұйым Қазақстандағы ұлтаралық келісімді бүкіл халықтық нығайту міндетін шешеді. Сонымен қоса, Ассамблея Қазақстанның барлық халықтарының және жеке алғанда, әрбір этностың мұраттары мен мүдделерінің барлық спектрін көрсетеді. Ресей Федерациясының бұқаралық ақпарат құралдарында «қазақстандық қоғамның өзара алмасумен байытылатын, әр түрлі этномәдени дәстүрлер синтезі ретінде ғана көрінуінің» атап өтілетіні кездейсоқ емес. Н.Ә. Назарбаев сөйлеген сөздерінің бірінде атап өткендей, «халық Ассамблеясы тұлғасында ұлттық саясат пен ұлтаралық диалогты іске асырудың теңдессіз және тиімді механизмі құрылған. Осы азаматтық қоғамның құнды институты бүгінгі таңда үш жүзден астам республикалық, аймақтық, облыстық және қалалық ұлттық-мәдени бірлестіктердің қызметіне сүйенеді».

Бүгінгі күні Қазақстан мәдени аралық және конфессияаралық диалогтың маңызды халықаралық орталықтарының бірінің қызметін орындайды. Атап айтқанда, бұл Қазақстанда әлемдік және дәстүрлі діндер съездерінің өткізілуімен айқындалады. Әрі Қазақстанның осы миссиясы басқа елдер мен халықаралық ұйымдар, атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан кең қолдау табады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына Жолдауында еліміз дамуының жаңа кезеңінің стратегиясын құрайтын, ішкі және сыртқы саясаттың 30 маңызды бағытын анықтады. Осы құжатта этникааралық келісімнің отандық моделін жетілдіруге, атап айтқанда Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) рөлін арттыруға маңызды көңіл бөлінеді. Біздің елімізде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын республикалық этникалық театрлар жұмыс істейді, ұлттық азшылықтар тілдерінде газеттер шығарылады. Республикада көбінде этникааралық келісім мен азаматтық бейбітшілікті орнатудың арқасында осыған қол жеткізе алғанымызды ерекше атап өту қажет.

Соңғы екі жылда ТМД елдерінде болған оқиғалар саяси транзит кезеңінде ішкі тұрақтылықты сақтаудың маңыздылығын тағы да көрсетті. «Барқыт



революциялар» деп аталған революциялар процесінде орын алған сыртқы қолдауға қарамастан, ТМД бірқатар елдерінде ішкі әлеуметтік наразылық, сондай-ақ биліктің байқалған дағдарыс себептері бойынша режимдер ауысты. Халықтың көп бөлігінің өзінің материалдық жағдаймен қанағаттанбағандығы, экономикалық процестер дамуындағы тоқырау, мемлекеттік аппараттың сыбайлас жемқорлығы, саяси жүйені демократияландыру процестерінің баяулауы сияқты факторлар да соңғы рөлді атқармады. Саяси транзит жағдайларында бір де бір ел мұндай қауіптен сақтандырылмаған.

Әр түрлі саяси күштер тарапынан үнемі қысымда болып, қоғамдық келісімнің қажетті формуласын таба алған, саяси және әлеуметтік реформалар жүргізу кезінде элиталардың және алуан түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін теңестірген Президенттің ерік-жігері мен төзіміне лайықты баға беру керек. Тәуелсіздік қалыптасқан қиын жылдары тек Нұрсұлтан Назарбаевтың ғана беделі елімізде ұлтаралық дауларды тұтандыруға мүмкіндік бермеді, ал мұндай ұмтылыстар болды.

Біздің даму перспективамызға қатысты жеке жағымсыз және пессимистік болжамдарға қарамастан, Қазақстан бүкіл әлемге проблемаларды ауыр күйге жеткізбей, өркениетті және демократиялы шеше алатынын бүкіл әлемге дәлелдеді. Қазақстан халқының бірігуі мен қажырлы еңбегінің нәтижелері бар күткенімізден асып түсті. Мұндай табыстың анықтаушы факторы едәуір дәрежеде мүдделерді өзара есепке алу, ымыралы жолдарды іздеу принциптерінде және оңтайлы консенсусты құрауда құрылған, салмақты және теңгерілген этникааралық және конфессияаралық саясатты жүргізу болды.

Бүгінгі таңда қазақстандықтарды бірыңғай мақсат біріктіреді: игілік және молшылық, келісім және достық үстемдік ететін, ортақ үйіміз — Қазақстан Республикасының құрылысы. «Біздің ортақ үйіміздегі бейбітшілік» - бұл жай ғана жалпы фраза немесе бір сәттік ұран емес, дегенмен түпкілікті принцип, қазақстандық жаңартудың іргетасы. Сонымен бірге этникааралық және конфессияаралық қатынастар саласы бұрынғыдай қоғамдық өмірдің аса сезімтал және нәзік жақтарының бірі болып қалады. Сондықтан Елбасы Қазақстан халқының бірігуі мен топтасуына бағытталған этникааралық келісім саясатын еліміздің стратегиялық басымдылықтары рангіне асқақтатып, үнемі өзінің бақылауында ұстайды: «Бүгін біз тәуелсіздігіміздің ең басты жетістігі — Қазақстанның көп этникалы халқының бейбітшілігі мен тыныштығын жоғалтып, біздің ортақ Отанымыздың әл-ауқаты мен гүлденуінің кейінгі перспективаларынан бір сағаттың ішінде айырылатынымызды анық түсінуіміз керек». Өткен кезең ішінде Стратегияның түйінді міндеттерінің іске асырылуы Қазақстанның экономиканың қарқынды дамуына, қоғамның ішкі тұрақтылығы мен нығаюын бекітуге, сауатты ұлттық саясат құруға мүмкіндік берді.

Бүгінгі күні халықаралық қауымдастық тарапынан қазақстандық ұлтаралық келісімді құру саясатының моделі тиімділігінің мойындалғаны анық. Берілген контекстінде көптеген басқа пікірлермен үндес келесі пікірді келтіруге болады: «Демократияның аса айқын тестісі адамдардың бір-біріне, әсіресе азшылықтарға қатынасы болып табылады. Қазақстан — бұл азшылық пен көпшіліктің үйлесім мен бейбітшілікте бірге тұра білуінің үлгісі. Мен ел

Президенті құрған модельді өте жоғары бағалаймын және бұл көптеген басқа елдер үшін үлгі болады деп ойлаймын. Біз әлемнің әр түрлі бөлігіндегі өте көп елдер қазақ моделін қолдануы тиіс деп санаймыз», — деп атап көрсетті Н.Ә.Назарбаевтың АҚШ-қа 2006 ж. қыркүйектегі сапарында Бүкіләлемдік еврейлер конгресінің саяси кеңесінің төрағасы И. Сингер.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.А. Стратегия «Қазақстан-2030». Послание Президента страны народу Казахстана //Казахстанская правда. 1997. 11 октября.
2. Назарбаев Н.А. Стратегия вхождения Казахстана в число пятидесяти наиболее конкурентоспособных стран мира //Казахстанская правда. 2006. 2 марта.
3. Новый Қазақстан в новом мире //Казахстанская правда. 2007. 1 марта.
4. Назарбаев Н.А. Повышение благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики //Казахстанская правда. 2008. 7 февраля.



## **Н.Ә. Назарбаевтың ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтудағы ролі**

*Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының профессоры, с.ғ.к. Матвеевкова Л.Г.*

Көптеген сарапшылар Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстанда этникалық негіздегі өткір даулармен байланысты ауқымды әлеуметтік-саяси өзгерістердің болуын болжады. Сол кезде полиэтностық және мультиконфессионалды қоғам үшін белгілі бір этносаяси күрделіліктердің болғанын мойындау қажет. Экономикалық құлдыраулар, әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы дағдарыс, азаматтық қоғамның артта қалуы, тұрақсыз ішкі саясат жағдайлары, мемлекеттің сыртқы саясатындағы белгісіздіктер, құндылықтардың девальвациясы, нәтижесінде, келешекке сенімсіздікпен қарау - сол кезеңдерге тән сипаттамалар болып табылды және толығымен ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстарды өршітушісі ретінде танылуы мүмкін еді. Дегенмен, мемлекет этникалық және діни сипаттамалары бойынша қоғамның бөлінуі мен терең әлеуметтік күйзелістерден арылуға мүмкіндік алды.

Полиэтностық және поликонфессионалды халық құрамы анық сипатталған Қазақстан үшін әлеуметтік тұрақтылыққа, тұлғалардың, жеке әлеуметтік топтар мен қоғам мүдделерінің үндестіктеріне қол жеткізу және нығайту этникалық қатынастар тұтастығының тиімді формалары, ұлтаралық және конфессияаралық келісімдерді нығайту, этносаралық және конфессияаралық мәдени қатынастарды дамыту, экстремизм және ксенофобияның алдын алумен тығыз байланысты болды. Сондықтан да, Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы қадамдары этносаралық қатынастарды реттеудегі түбегейлі жаңа үлгілерін табуға бағытталды. Толығымен аяғына нық тұрмаған республиканың астан-кестенін шығарып, оның дамуын кейінгі он жылға қалдыруға әкеп соғатын ішкі саяси жағдайларды тұрақсыздандыру қаупін түсіне отырып, ел үшін қиын-қыстау кезеңдерде саяси шешімдерді қабылдауда көрегендік пен салмақтылық танытқан ҚР Тұңғыш Президентіне шексіз алғыс білдіру қажет, ол халықты шыдамдылық пен өзара түсінісушілікке шақырды, солай бола отырып, Қазақстан халқының бірлігі мен ынтымақтастығын сақтады.

Қазақстан халқының қажырлы еңбегі мен бірлігінің нәтижесі барлық күткен үмітімізден асып түсті. Қазақстан өзінің дамуына қатысты жағымсыз және келешекке сенімсіздік болжамдарына қарамастан, бүкіл дүниежүзіне мәселелерді шектен шығармай, демократиялық және өркениетті көздеу

жолымен шешуге мүмкіндігі бар екенін дәлелдеді. Осындай табысты анықтайтын фактор ретінде өзара ортақ мүдделердің үйлесімділігі, тиімді консенсусты әзірлеу мен өзара келісімділік жолдарын іздеуге бағытталған теңдестірілген және тұрақты этносаралық және конфессияаралық саясатты жүргізу болды.

Мемлекетті құру негізіне Қазақстанда тұратын этностардың теңдігі, сонымен қатар, дінді таңдау еркіндігіне кепіл болатын принциптер жатады. Олар ең бастысы, Қазақстан Республикасының Конституциясында (Негізгі заңында) көрініс тапты. Осылайша, ҚР Конституциясының 14 бабында былай делінген: «Ешкім де нәсілі, ұлты... дініне қатысты... себептер бойынша кемсітушілікке ұшырамауы қажет», ал 5 баптың 3 бөлімінде «...нәсілдік, ұлттық, діни...ала ауыздыққа тыйым салынатыны» жөнінде айтылған. Бір жағынан ҚР азаматтарының ар-ұждан құқығының еркіндігін жариялайтын, екінші жағынан, «ар-ұждан еркіндігі құқығының жүзеге асырылуы жалпы адамзат және азаматтық құқықты шектеуге және міндеттеуге негізделмеуі керектігін» бекітетін ҚР Конституциясының 22 бабы басты назар аудартады. Бұл ар-ұждан еркіндігінің (дінді таңдау еркіндігі) адамның жеке құқығы болып саналатынын білдіреді, оның жүзеге асырылуы азаматтық міндеттерімен қарама-қайшылыққа түспеуі қажет, сонымен қатар, басқа адамдардың тиісті құқықтарын шектемеу қажеттігін білдіреді.

Қиын-қыстау кезеңдерде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан қоғамын модернизациялаудың іргетасын қалаған «Қазақстан-2030» мемлекетті дамытудың ұзақмерзімді стратегиялық бағдарламасы әзірленді. «Қазақстан-2030» бағдарламасының ТМД мемлекеттері үшін ең алғашқы ұзақмерзімді жоспарлау бағдарламасы болғанын атап айтқан жөн. Н.Ә. Назарбаевқа дейін посткеңестік көшбасшылардың ұзақмерзімді даму келешегін анықтау үшін аталмыш бағдарламаға ұқсас бірде-бір жоспарлау әрекетін жүзеге асыруға ынталанбаған. Посткеңестік кеңістіктегі көптеген мемлекеттер бағдарламалық міндеттерін 30-40 жыл бұрын жоспарлаудан бас тартып, мақсаттар мен міндеттер жүйесін 2-3 жыл көлемінде құрып, өздерінің қысқа және орташа мерзімді келешегін жоспарлау шеңберінде бағдарламалық міндеттерін жүзеге асырады. Н.Ә. Назарбаев экономикалық, әлеуметтік және қоғамдық даму концепциясын реформалар, теориялар және модернизациялау процесі практикасының идеологиясына айналдыруға мүмкіндік туғызатын басқа жолды ұсынды.

Ұзақ мерзімді «Қазақстан-2030» Стратегиясының басымдықтары стратегиялық бағыт-бағдарының нақты жүйесін құра отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатына негізделді. Стратегияда белгіленген дамудың нақты міндеттерін жүзеге асырудың арқасында Қазақстан экономиканың қарқынды дамуы мен әлемдік қоғамдастықта зор мәртебеге ие болуға, ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның дамуын нығайтуға қол жеткізді, сауатты ұлттық саясатты құрды, ашық, теңдестірілген саяси демократиялық жүйелерге жарқын қадамын жасады.

Алайда, осы жылдар бойы бейбітшілік пен тыныштық болмаған жағдайда, жарияланған стратегия бояма ниет білдіру күйінде қалар еді.

Қазақстандық қоғамдағы бейбітшілікті, ішкі саясат, этносаралық және конфессияаралық ынтымақтастықты нығайту бойынша міндеттер ұлттық дамудың негізгі басымдығы болды. Сондықтан да, ішкі саяси тұрақтылық пен қазақстандық қоғамның консолидациясын қамтамасыз ету жағдайларының түбегейлі мәселелері ретінде Н.Ә. Назарбаев біздің еліміздегі барлық азаматтардың мүмкіндіктерінің теңдігіне негізделген бірыңғай азаматтықты дамытуды, этникалық қарама-қайшылық себептерін мүмкіндігінше жоюды және өзара келісушілікті қамтамасыз етуді, әр түрлі конфессия арасында шыдамдылық пен сенімділік қарым-қатынасты нығайту жолдарын анықтады.

Осылайша, Қазақстанның әр түрлі этностық және конфессионалдық топтарының өкілдері үшін бірыңғай азаматтықты, басқа сөзбен айтқанда, бірыңғай қазақстандық қоғамды қалыптастыру «Қазақстан-2030» Стратегиясында белгіленген қазақстандық қоғам консолидациясының ең маңызды факторы ретінде болуы тиіс еді. Н.Ә. Назарбаев қоғам бірлігі мен консолидациясы үшін шынайы тұғырнаманы белгіледі: «Бұл - біздің өз шекарасы бар жеріміз, бұл біздің ата-аналарымыз, олар оны өз күштерімен салған, бұл - біздің сәтсіздіктерді бірге сезініп, қайғы-қасіретте ортақтасып, жеткен жетістіктерде қуанышымызды бірге бөліскен ортақ тарихымыз. Бұл – біздің осы жер бетінде бірге өмір сүріп, еңбек ететін ортақ балаларымыз».

1995 ж. еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған, консультативті-кеңесуден бастап конституциялық органға дейінгі даму кезеңін өткен, республика өмір сүріп жатқан этностардың ұлттық және мәдени орталықтарын біріктіретін Қазақстан халықтарының Ассамблеясы бұл мақсатқа жетудің ең маңызды ролін атқарды. Бастапқыда оның басым бағыттарының бірі болып республикада ұлтаралық және конфессияаралық келісім, қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға үлес қосуы анықталды. Аталмыш міндетті жүзеге асырудың қиыншылығы негізгі бұқараның саясаттану деңгейінің тереңделген әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың өткір өтпелі кезеңдерінің жағдайларында әр түрлі этностық топтардың өзінің тілдік, мәдени және діни қажеттіліктерін қамтамасыз етуде бірдей мүмкіндіктерді қалыптастыру қажеттілігінде болды.

Қазақстан халықтарының Ассамблеясы тәуелсіз жас мемлекеттің тіршілік әрекеті жүйесіне үйлесе тамыр жайғанын атап кеткен жөн. 2001 жылдың 24 қазанында Астана қаласында өткен Қазақстан халықтарының Ассамблеясы сессиясында Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің сөз сөйлеуінде: «Биылғы жылы біз мемлекетіміздің Тәуелсіздігінің 10-жылдығын тойлаймыз. Осындай атаулы күнге біздің қоғамымыздың ең маңызды жетістігін – бірлік пен ынтымақтастықты сақтай отырып, өтпелі кезеңнің қиыншылықтарын аса бір құрмет пен абыроймен жеңіп шығу – көп жағдайда Қазақстан халықтары Ассамблеясының зор қызметінің арқасында жетті».

Бүгінгі таңда аталмыш құрылымның қоғамдық-саяси қызметі республикадағы саяси бірлесу мен әр түрлі ұлт және конфессия өкілдерінің бірыңғай дамуын жүзеге асыруға оң әсерін тигізуде. Бұл ұйым өзінің жылдар бойғы қызмет ету кезеңінде Қазақстандағы барлық ұлттар мен әрбір жеке этностың мүдделері мен мақсаттары идеалдарының спектрі негізінде іс жүзінде

республикадағы ұлтаралық және конфессияаралық және саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін ұсыныстарды әзірледі. Н.Ә. Назарбаевтың сөз сөйлеуінің бірінде: «Халықтар Ассамблеясы тұлғасындағы ұлттық саясат пен ұлтаралық келіссөздерді жүзеге асырудың ерекше және нәтижелі механизмдері құрылды. Бүгінгі таңда азаматтық қоғамның бұл толық институты үш жүзден астам республикалық, аумақтық, облыстық және қалалық ұлттық-мәдени бірлестіктері қызметін арқау ететінін» атап өтті.

Бүгінгі күннің ұстанымдарымен этносаралық және конфессияаралық қатынастардың үйлесімділігі бойынша шаралар өз уақытында қабылданған, себебі, олар мемлекеттің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына негіз болып, қоғамдық-саяси саладағы модернизацияны жүргізу үшін жағдайлар жасағанын зор сеніммен айтуға болады. Жалпыұлттық бірлік пен бейбітшілік қазіргі таңда мемлекеттің әсерлі табысы және ең бастысы тәуелсіздікке қол жеткізу сияқты маңызды факторы ретінде бағаланады. Бір жағынан көпұлтты Қазақстан халқының даналығы мен толеранттылығы және екінші жағынан, үкіметпен қолданған ұйымдастырушылық, құқықтық және институциялық шаралар республика дамуының бастапқы кезеңдеріндегі экономиканың стагнациясы мен әлеуметтік коллапсты оңай өтуге ғана емес, сонымен қатар, әлемдік бірлестіктің құрметіне бөленген көпұлтты және көпконфессиялы қоғамның нәтижелі моделін жүзеге асыруға мүмкіндік туғызды. Бұл тәуелсіз Қазақстан Республикасы дамуының маңызды жетістіктерінің біріне айналды.

Қазақстанда бейбітшілік және ынтымақтастық жағдайларында шамамен 130 этнос пен 46 астам діни конфессия мен деноминация өкілдері өмір сүріп жатыр. Республикада мемлекеттік бюджетпен қаржыландырылатын этникалық театрлар жұмы істейді, аз ұлттар тілінде газеттер басылып шығады, шамамен 3200 мешіт, шіркеу және ғибадатханалар қызмет атқаруда.

Еліміздің Тұңғыш Президентінің бастамасымен құрылған жаңа астана – Астана қаласы шын мәнінде конфессияаралық келісім қаласына айналды. Әр түрлі конференциялар мен форумдар үнемі Бейбітшілік және келісім сарайында өтеді, осы Сарайда орналасқан Халықаралық мәдениет және дін орталығы, мешіттердің мұнаралары, христиандық ғибадатханалар мен синагогтар, басқа дін өкілдерінің діни үйлері қаланың сәулет ансамблі мен оның рухани өмірінің негізгі бөлігіне айналуда.

Қазіргі таңда конфессияаралық қарым-қатынастардың күрделі мәселелері бойынша мәдени және тең құқылы қатынасының оңды мысалы ретінде Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен үнемі өткізілетін дүниежүзілік және дәстүрлі діндердің Съездері танылды. Онда дін тұту еркіндігі, дауларды бейбітшілік түрінде шешу үшін халықаралық қауіпсіздік пен дүниежүзілік діндер күшін біріктіруді нығайтудағы діни көшбасшылардың ролі талқыланады. Ислам, христиан, буддизм, иудаизм, индуизмнің атақты қайраткерлерінің Астананы дүниежүзіндегі барлық діндердің келіссөз жүргізу алаңы деп танығандарын атап айтуға болады. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанның астанасында Съезд өткізу мен бейбітшілік және келісім Сарайын салу жөніндегі ұсынылған идеясының өзі жаңа, қазіргі заманның ерекше қауіп-қатерлері мен келеңсіз оқиғаларға байланысты сұрақтарға дүниежүзілік діндердің бірлескен

жауаптарын іздеу мақсатында республиканың құрылымдық келіссөздерді құруға ұмтылысының өзі дәлел бола алады. Және Қазақстанның бұл борышы басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан қолдау тапты.

Қазіргі таңда қазақстандықтарды ортақ мақсат біріктіреді: молшылық пен жақсы тұрмысы, бірлігі мен достастығы орнаған ортақ үйдің – Қазақстан Республикасының құрылуы. «Біздің үйдегі бейбітшілік» - бұл тек жай ғана қарапайым сөз немесе лезде айтылған ұран емес, сонымен қатар, түпкі түйін, қазақстандық модернизацияның іргетасы болып саналады. Осымен қоса, этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласы бұрынғыдай қоғамдық өмірдің ең осал жағы болып қала береді. Сондықтан да, Елбасымыз Қазақстан халқының бірлігі мен тұтастығына бағытталған этносаралық келісім саясатын үнемі жеке бақылауында ұстайды, оны мемлекеттің стратегиялық басымдылықтары шегіне дейін жоғарылатады. «Бүгінгі таңда біз тәуелсіздігіміздің басты жетістігі – Қазақстандағы полиэтностық халықтың бейбітшілігі мен тыныштығын жоғалтсақ, біз ортақ Отанымыздың одан әрі жақсы өмір сүруі мен даму келешегінен айырыламыз.

Осылайша, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың осындай саясатының негізгі құнды белгілері - бейбітшілік, келісім, толеранттылық пен тұрақтылық болып табылады. Осындай саясаттың арқасында тәуелсіздік жылдары бойындағы ұлтаралық және конфессияаралық келісім Қазақстан Республикасының мемлекеттік дамуды ұйымдастырушы күші мен негізгі буынына айналды.

Қазақстанда көпшіліктің ұқсас құндылықтарының бағытын, этносаралық және конфессияаралық келісім мен сыйласымдықтың толеранттық жағдайын қалыптастыруға үлес қосатын әр түрлі мәдениет пен өркениеттердің бай, тарихи құндылығы, шексіз тәжірибесі жинақталған. Сондықтан да, Елбасымыз Қазақстанның этномәдени және конфессиялық әр алуандық – бұл қазақстандықтарға құнды мәдени жетістіктері бар басқа халықтармен тәжірибе алмасуға мүмкіндік туғызатын зор байлық, бүкіл қоғамымыздың ортақ жетістігі екенін айтты. Қазақстан қоғамының полиэтностық және көпконфессиялық жағдайында рухани дүние мен келісім республика халқының бірыңғай азаматтық қауымдастыққа бірігу факторы ретінде танылады, оның басымдықтарын модернизациялайды. Сонымен қатар, қазіргі таңда дүниежүзінің ұлтаралық және конфессияаралық тиімді моделі Қазақстанның жедел модернизациялау процесі мен оның әлемнің ең таңдаулы бәсекеге лайықты мемлекеттері қатарына енуіне қажетті жағдайының қызметін атқаратынын айтуға болады.

Алайда, адамзат тарихы, халықтар достастығы, конфессияаралық келісім, тұрақтылық игіліктің шексіз сыйы болмайтынын көрсетеді. Қазіргі замандағы діни экстремизмнің белсенді таралуы жағдайларында әлеуметтік дүниені сақтап қалу үшін көптеген күнделікті және үнемі күш салулар қажет.

Осыған орай, дүниежүзілік және дәстүрлі діндердің ең үздік дәсүрлерін ұстана отырып, Қазақстан өзінің қазіргі заманға лайықты зиялылар мемлекетін құруда. Мемлекет осы заңның шеңберінде өздерінің толық әлеуметтік, салттық,

ағартушылық және басқа да міндеттерін жүзеге асыру үшін жағдай жасай отырып, діни бірлестіктердің өміріне араласпайды. Конфессиялардың ішкі өміріне араласпау саясатын ұстана отырып, мемлекет олардың арасындағы өзара келісімді қызметтерін толық жүзеге асыруға мүмкіндік туғыза отырып, дамытуға себепші болады. Сонымен қатар, дін мемлекеттік-саяси процестерге араластырылмауы қажет.

Дүниежүзіндегі діни экстремизмнің қарқындауы мен оның эмиссарларының Қазақстанға ену мүмкіндігін назарға ала отырып, конфессияаралық үйлесімділік процесі мен діни-экстремистік жағдайларға шұғыл жауап қайтару ұлттық қауіпсіздікті сақтау шарттарына айналууда. Н.Ә. Назарбаевтың сөз сөйлеулерінің бірінде айтқандай, мұның барлығы мемлекеттен діни саладағы қатынастарды нәтижелі реттеуді талап етеді, нақтылап айтқанда: «Мемлекеттегі діни-экстремистік идеологиялардың таралуын, конституциялық құрылымды жоюға бағытталған, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін ашық акцияларды қатаң түрде жою қажет».

### Әдебиеттер тізімі:

1. Конституция РК. Алматы, 2007.
2. Назарбаев Н.А. Назарбаев Н.А. Стратегия «Қазақстан-2030». Послание Президента страны народу Казахстана //Қазақстанская правда. 1997. 11 октября.
3. Назарбаев Н.А. Стратегия вхождения Казахстана в число пятидесяти наиболее конкурентоспособных стран мира //Қазақстанская правда. 2006. 2 марта.
4. Новый Казахстан в новом мире //Қазақстанская правда. 2007. 1 марта.
5. Назарбаев Н.А. Повышение благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики //Қазақстанская правда. 2008. 7 февраля.
6. Назарбаев Н.А. Выступление на III съезде лидеров мировых и традиционных религий. // Қазақстанская правда.2009. 2 июля.
7. Назарбаев Н.А. «Национальное единство – наш стратегический выбор». //Қазақстанская правда. 2009, 27 октября.





## Қазақстан халқының ассамблеясы – ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің теңдессіз институты

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының профессоры, с.ғ.к.  
Матвеевкова Л.Г.*

Қазақстандық демократияның негізгі институттарының бірі және этникааралық келісімге қол жеткізудің тиімді құралы кеңес беру-кеңесу органынан конституциялық органға дейінгі эволюциядан өткен Қазақстан халқының Ассамблеясы болды.

Қазақстан халқының Ассамблеясы Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 наурызындағы Жарлығымен Елбасы жанындағы кеңес беру-кеңесу органы ретінде құрылған болатын. Қазақстан халқының Ассамблеясын құру идеясын ел Президенті Н.Ә. Назарбаев алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бір жылдығына арналған, Қазақстан халықтарының Бірінші Форумында айтты.

Ассамблеяның мақсаттары мен міндеттері, құрылымы мен жұмысының ұйымдастырылуы, қызметінің негізгі бағыттары Қазақстан халқының Ассамблеясы туралы Ережеде және Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі № 856 Жарлығымен бекітілген, Ассамблея Стратегиясында анықталған.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ассамблеяның Төрағасы болып табылады. Ассамблея төрағасы Ассамблея қызметінің негізгі бағыттарын анықтайды және бекітеді. Ассамблея төрағасының екі орынбасары бар. Ассамблея төрағасының орынбасарлары Ассамблея Кеңесінің ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен тағайындалады.

Ассамблея сессиялары Ассамблея Төрағасымен шақырылады. Ассамблея сессиясының өткізілетін күні, орны және жорамалданатын күн тәртібі оның жұмысы басталғанға дейін бір ай бұрын жарияланады. Сессия жылына бір реттен сирек емес уақытта шақырылады. Ассамблеяның кезектен тыс сессиясы Ассамблея Төрағасымен өзінің бастамасы бойынша немесе Ассамблея мүшелерінің кем дегенде үштен бірінің өтініші бойынша шақырылады және шешім қабылдаған күннен бастап бір ай мерзімінде өткізіледі.

Ассамблея құрамы мемлекеттік органдар, ұлттық-мәдени және басқа қоғамдық бірлестіктер өкілдері, сондай-ақ олардың қоғамдағы беделін, қоғамдық-саяси белсенділігін есепке алып басқа тұлғалар санынан құралады. Қазіргі уақытта Ассамблеяның құрамында 350 мүшесі бар.

Ассамблеяның жұмыс органы ҚР Президенті Әкімшілігінің құрамына кіретін Секретариат болып табылады.

Ассамблеяның өз жұмысында барлық облыс орталықтарында және Астана мен Алматы қалаларында құрылған кіші ассамблеялармен тығыз өзара әрекеттесетінін атап кету қажет. Кіші ассамблея бір мезгілде сәйкес облыс, Астана немесе Алматы қалаларының Әкімі жанындағы кеңес беру-кеңесу органы болып табылып, аймақтағы Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілеттігінің функцияларын орындайды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелеріне кандидаттар ұлттық мәдени орталықтардың ұсыныстары бойынша кіші ассамблеялар сессияларының шешімдерімен ұсынылады, ал аймақтық және республикалық бірлестіктерден олардың жоғары органдарының шешімдерімен ұсынылады.

Ассамблея қызметі келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- республикада қоғамдағы ұлтаралық және конфессияаралық келісімді, тұрақтылықты сақтауға жәрдемдесу;
- Қазақстан аумағында тұратын ұлттар өкілдері арасындағы достық қатынастардың дамуына мүмкіндік туғызатын мемлекеттік саясатты жүргізу бойынша ұсыныстар жасау, олардың рухани-мәдени қайта жандануына және тең құқықтық принципін сақтау негізінде дамуына жәрдемдесу;
- азаматтардың өркениетті және демократиялық нормаларға сүйенетін саяси мәдениетін қалыптастыру;
- мемлекет жүргізетін ұлттық саясаттағы алуан түрлі ұлттық мүдделерді есепке алуды қамтамасыз ету;
- қоғамда пайда болатын әлеуметтік қарама-қайшылықтарды шешу үшін келісімдерді іздеу;
- елдегі ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты сақтауға жәрдемдесу;
- мемлекет жүргізетін ұлттық саясаттағы алуан түрлі ұлттық мүдделерді есепке алуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

Қазақстан халқы Ассамблеясының функцияларына мыналар жатады:

- мәдени-ағарту;
- ұлттық мәдениеттерді, тілдерді, дәстүрлерді қайта жаңғырту және насихаттау;
- қазақстандық және ұлттық патриотизмді қалыптастыру;
- коммуникативтік;
- этникааралық қатынастар мониторингі негізінде ұлтаралық бірлік пен келісімді нығайту;
- кеңес беру-кеңесу;
- Қазақстанда тұратын ұлттар өкілдері арасындағы достық қатынастардың дамуына мүмкіндік туғызатын мемлекеттік саясатты жүргізу бойынша ұсыныстар жасау.

2001 жылғы 24 қазанда Астанада өткен, Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында сөз сөйлеп, Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Биылғы жылы біз еліміздің Тәуелсіздігінің 10 жылдығын атап өтеміз. Біздің қоғамның ең маңызды жетістігі – бірлік пен топтасқандықты жоғалтпай, өтпелі кезеңнің қиындықтары мен тосын бұрылыстарын лайықты және абыроймен жеңіп, осы атаулы күнге қол жеткізгендігіміз, - көбінесе Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі», - деген. Қазақстан шындығында да көп ұлтты және көп конфессиялы

қоғамның толық табысты моделін білдіреді. Бұл елдің тәуелсіз дамуының аса маңызды жетістіктерінің бірі болды.

Алғашқы кездердің өзінде-ақ Ассамблея жұмысқа белсенді кірісе алды және елдің этникааралық саясатын жүйелі негізге салыстырмалы түрде жылдам қоя алды. Түптеп келгенде, дәл осы ҚХА конструкциялық бастамалар мен жасампаз мақсаттарды шоғырлай алғаны және оларды даму мен прогрестің бірыңғай арнасына бағыттай алғаны маңызды. Өйткені мұндай институтты құруды мақсатқа сәйкес емес деп санаған және әжептәуір шүбәланып қараған, әрі оның тіршілік ету қабілетіне сенбеген адамдар болды ғой. Жалғыз дұрыс шешім қабылданғанына уақыттың өзі куә болып табылады.

ҚХА алдында қойылған міндеттің негізгі күрделілігі өтпелі кезеңнің күрделі әлеуметтік-экономикалық дағдарысы жағдайларында әр түрлі этникалық топтардың өздерінің тілдік, мәдени және діни мұқтаждықтарын іске асыруда тең мүмкіндіктерін қалыптастыру қажеттілігінен тұрды. Сондай-ақ халықтың негізгі көпшілігі артық саясаттандырылған күйде болды, бұл қоғамдық-саяси жағдайды бәсеңдетуге кедергі болды. Осыған байланысты ҚХА алдында этникааралық диалог мәдениетін және өзара түсіністікті жоғарылатуды көздеген, ұзақ және еңбекті көп керек ететін, өмірлік маңызды жұмыс тұрды. Бәлкім, осы Ассамблеяның қоғамдық функцияларды орындаумен қатар, біртіндеп елдің саяси жүйесіне кірігуін алдын ала анықтаған шығар. Сайлаушылар кампаниялары кезеңінде ҚХА республиканың саяси өміріндегі белсенділігі едәуір ұлғайған, бұл оның қызметіндегі акценттердің біршама ығысуына әкелді.

Еліміз дамуының күрт өзгерісті сәттерінде Қазақстан халқының Ассамблеясы керек кезде ел үшін сенімді қоғамдық-саяси тірек бола алатынын дәлелдеді. ҚХА ішкі саясаттың ең маңызды бағыттары бойынша жемісті және нәтижелі қызметі экономикалық реформаландыру және демократиялық өзгерістер үшін жағдайлар тудырып, тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы мен нығаюында жақсы рөл атқарды.

Ассамблеяның жұмыс істеген уақытында көптеген этномәдени бірлестіктер «аяғынан тұра алды» және өз бетімен дами алды, олардың әрқайсысы қазіргі заманғы Қазақстанның тұрақты және қарқынды өсуіне елеулі үлес қосты. Бұл тұрғыда ҚХА елеулі бағыттарының бірі осы құрылымдағы этникалық топтардың қажетті әлеуметтік-саяси өкілеттілігін қамтамасыз ету болып табылады. Ассамблеяның заңдылығын арттыру үшін ұлттық элитаның аса беделді және жалпыға танымал көшбасшыларын рекруттау ерекше маңыздылықты білдіретінін атап кету керек. Онсыз ҚХА-дағы этникалық азшылықтардың репрезентативтілігін қамтамасыз ету туралы айтуға болмайды. Сондықтан Ассамблея кандидаттарды іріктеуге және осы құрылымның ішінде өз өкілдерін жылжытуға қалт етпей назар аударады. ҚХА базалық бірліктері болып табылатын ұлттық-мәдени орталықтар осы ұйымды өз мүдделерінің басты «жетекшісі» деп санайды. Ассамблеяның этномәдени бірлестіктермен атқарылған жұмыстың практикалық тәжірибесі ерекше қызығушылық тудырады және этникааралық қатынастар саласындағы

мамандар үшін ғана емес, сонымен бірге қоғамның этникалық құрылымы ұқсас нақты мемлекеттер үшін де құнды болып табылады.

Ассамблея, өкілеттік функциялардан басқа, бүкіл қазақстандық халықты шоғырлауда практикалық роль атқарады. Осыған байланысты ҚХА этностар дамуының, өз қызметін жетілдіруді көздейтін жаңа идеялар мен ұсыныстарды мақұлдау мен «жаттықтыру» жалпы және жеке проблемаларын бірлесіп және конструкциялық талқылау, сондай-ақ этномәдени топтардың мүдделерін нақты жылжыту үшін тиімді алаң болғанын атап кету қажет. Осы шаралар Қазақстан халқы Ассамблеясының әрекеттілігін және икемділігін едәуір арттырады.

Ассамблея елдің этномәдени бірлестіктеріне өзара қолайлы шешімдерді бірлесіп іздеу және олардың ұстанымдарын келістіру бойынша оңтайлы балансты сақтау негізінде өзара әрекеттесудің өркениетті түрлері мен тәртіптерін баптау мүмкіндігін берді. Белгілі дәрежеде бұл әрі қарай саяси демократияландыру үшін жаңа перспективаларды ашу мүмкіндігінің себебі болды. Жалпы алғанда, ҚХА тиімді жұмысы елдің саяси жүйесіне тұрақтандырушы әсер етті. Этникааралық өзара әрекеттесуді реттеудің өзекті механизмі — Қазақстан халқының Ассамблеясы — қазіргі кезеңде қоғамдық-саяси жаңарту процесінде мықты ұстанымды алады.

Қазір Ассамблея өзінің ресурстарын толығымен тауысқан жоқ деп үлкен сенімділікпен сендіруге болады, өйткені оның дамуы мен жаңаруының белгілі игерілмеген әлеуеті сақталады. Керісінше, ҚХА қызметінің маңыздылығы және перспективалылығы этникааралық келісімнің ұлттық моделін әрі қарай жетілдіру қажеттілігімен байланысты.

Ассамблея қызметіне басқалардың қатарында төрт негізгі міндет кіреді.

Бірінші міндет — ұлттық-мәдени орталықтар арқылы қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеу бойынша жұмысты күшейту. Тәуелсіз дамуының онжылдығы ішінде қазақстандықтарда өзінің жаңа Отанымен сәйкестік қалыптасты.

Екінші міндет — Ассамблеяның өзінің статусын жоғарылату. Ол үшін Ассамблея және ұлттық-мәдени орталықтар мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы делдал ретінде әлеуметтік бастаманы белсенді түрде өзінің қолына алуы тиіс.

Үшінші міндет — Ассамблея біздің қоғамның әлеуметтік-саяси өміріндегі діннің рөлін айқындау бойынша жұмысты ұйымдастыруы тиіс.

Төртінші міндет — этникааралық өзара қатынастарды саясаттандыруға жол бермеу. Елбасы Ассамблеяның негізгі міндеті этникааралық қатынастар саяси проблемаға айналмауы үшін, алдын алу шаралары мен ұсыныстар жүйесін құрудан тұрады деп санайды. Этникааралық қатынастардағы барлық проблемалық даму бағыттары Ассамблея тарапынан парасатты және дер кезінде бағалануы қажет.

Қазақстан халқы Ассамблеясының жас егеменді мемлекеттің тіршілік әрекеті жүйесіне үйлесімді қосылғанын атап кету керек. Осы құрылымның қоғамдық-саяси қызметі республикада әр ұлт және конфессия өкілдерінің бірігу және тең даму саясатының жүзеге асырылуына оң әсер етеді. ҚХА өзінің қызмет еткен жылдарында ҚР-дағы ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылықты

қамтамасыз ететін, практикалық ұсыныстарды әзірледі. Осы саяси емес және үкіметтік емес ұйым Қазақстандағы ұлтаралық келісімді бүкіл халықтық нығайту міндетін шешеді. Сонымен қоса, Ассамблея Қазақстанның барлық халықтарының және жеке алғанда, әрбір этностың мұраттары мен мүдделерінің бүкіл спектрін көрсетеді. Ресей Федерациясының бұқаралық ақпарат құралдарында «қазақстандық қоғам тек өзара алмасумен байытылатын, әр түрлі этномәдени дәстүрлер синтезі ретінде ғана көрінеді деп атап өтілгені кездейсоқ емес».

Қазіргі кезеңде Ассамблея этникааралық өзара әрекеттесуді үйлестіру жүйесіндегі орталық буын болып табылады, сондай-ақ елімізде саяси тұрақтылықты қолдауда және қоғамдық келісім мен бейбітшілікті нығайтуда маңызды роль атқаруға қабілетті.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына Жолдауында ел дамуының жаңа кезеңінің стратегиясын құрайтын, ішкі және сыртқы саясаттың 30 маңызды бағытын анықтады. Осы құжатта этникааралық келісімнің отандық моделін жетілдіруге, атап айтқанда, Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) ролін жоғарылатуға маңызды көңіл бөлінеді. Бүгінгі күні Ассамблея көздеген проблемалар шеңберін тақырыптық қарастыру және нақты шешу айрықша маңыздылықты білдіреді, оның тиімді жұмыс істеуі елдің тұрақтылығына маңызды қауіп төндіретін, әлеуетті этникааралық дауларға алдын ала әсер етуге қабілетті. Қазақстан халқының Ассамблеясы өзінің қызмет еткен жылдарында өзінің қисындылығын, саяси кемелденгендігін және қоғам алдында жауаптылығын дәлелдеді. Біздің республикамыз үшін этникааралық шоғырлаудың дербес қоғамдық-саяси институтының бар болуы күмәнсіз артықшылық болды.

Ассамблея біздің елімізде тұратын этникалық азшылықтардың барлық өкілдері мен барлық ұлттық-мәдени орталықтарын біріктіреді және Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы кеңес беру-кеңесу органының жоғары мәртебесін иеленеді.

Ұлттық мәдениеттерді тудырудың басталған белсенді процесі 470 облыстық, қалалық және аудандық ұйымды біріктіретін, 22 республикалық және аймақтық ұлттық-мәдени орталықтың құрылуына әкелді.

Бүгінгі күні республикада этникалық құрылымдар бар: немістер - 49, қазақтар - 40, кәрістер - 36, татарлар – 29, славяндар – 27, шешендер мен ингуштар - 26, әзербайжандар – 23, ұйғырлар - 21, орыстар - 20, украиндар - 19, еврейлер - 18, поляктар - 16, түріктер - 14, гректер - 12, армяндар - 11, белорустар - 10, дүнгендер – 10, курдтар, өзбектер – 8-ден, казактар – 6, түрікмендер, болгарлар, дағыстандықтар 4-тен, қырғыздар, тәжіктер 3-тен, қарашайлықтар мен балқарлар, қытайлар, чуваштар, қарақалпақтар 2-ден, ассириялықтар, чехтер, Прибалтика халықтары, грузиндер, осетиндер, лезгиндер, ирандықтар, буряттар, венгрлер, румындар 1-ден.

Елімізде 100-ден астам ұлттық мектеп, 170 жексенбілік мектеп жұмыс істейді, онда 23 туған тіл зерделенеді. Үш ұлттық жандану мектебінде 12 туған тілді зерделеу бойынша 29 бөлімше жұмыс істейді. Осы мектептерді қаржылық

қолдауға еліміздің Үкіметі жыл сайын 12 млн. теңге бөледі. Сонымен қоса, оларға жергілікті бюджеттен де көмек көрсетіледі.

Қазақстанда 4 республикалық және 15 аймақтық ұлттық газет шығарылады, 6 ұлттық театр (қазақ, орыс, неміс, ұйғыр, кәріс және өзбек) жұмыс істейді.

Жыл сайын этникалық топ тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар шығарылады. Жыл сайынғы жаппай халықтық Наурыз, Масленица, Рождество және т.б. мейрамдар дәстүрлі болды.

Біздің болашаққа стратегиялық міндетіміз – қоғамды әрі қарай шоғырлау және ұлттың бірыңғай қазақстандық бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру. Бүгінгі күні Қазақстан мәдениет аралық және конфессияаралық диалогтың маңызды халықаралық орталықтарының бірінің функциясын орындайды. Біз әлемдік және дәстүрлі діндер съездерін өткіземіз. Әрі Қазақстанның бұл миссиясы басқа елдер мен халықаралық ұйымдар, атап айтқанда Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан кең қолдау табады.

Өткен он жыл ішінде Қазақстан халқының Ассамблеясы ұлтаралық қатынастарды үйлестірудің беделді қоғамдық институтына айналды.

Мемлекет тарапынан қаржылық қолдау едәуір ұлғайды. Мемлекет жыл сайын ұлттық-мәдени бірлестіктер және кіші ассамблеялар қызметіне қаржылық қолдау көрсетеді, ұлттық-мәдени орталықтар басшылары үшін Президенттік гранттар тағайындалған.

Ассамблеяның қызметі Қазақстан Республикасының ұлтаралық қатынастар проблемасын тиімді шешуші ел ретінде халықаралық беделдің артуына мүмкіндік туғызады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.А. 10 лет Ассамблее народа Казахстана. Астана, 2005.
2. Новый Қазақстан в новом мире: Послание Президента страны Н.А. Назарбаева народу Казахстана //Казахстанская правда. 2007. 1 марта.
3. Н. Назарбаев – основатель казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия / Под ред. Ж.А. Алиева. Алматы, 2005.



## **Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттік сәйкестікті құру стратегиясын әзірлеудегі ролі**

*Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының профессоры, с.ғ.к.  
Матвеевкова Л.Г.*

Қазақстанның егеменді көпұлтты мемлекет болып қалыптасуының бірінші күнінен бастап-ақ оның алдында мемлекеттік сәйкестікті қалыптастыру мәселесі тұрды. Бұл КСРО құлауымен байланысты әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастардың құрылымдық өзгерістері мен жаңа мемлекеттің қалыптасуының объективті түрде адамдардың санасын, ескі құндылықтар мен құрылымдардың бұзылуы мен жойлуын, жалпы олардың дүниетанымының девальвациясы мен дағдарысына өзгерістер енгізе алмағандығымен байланысты болды. Мемлекеттік сәйкестікті қамтитын азаматтықтың сана-сезім формасы түрінде, яғни, өзін мемлекетпен теңдестіру, өзінің рухани байланысын сезіну қазақстандық қоғамда қазіргі кезеңдегі тұрақсыз, формасыз, белгісіз сипатқа ие болғандығы осы процестің нәтижелерінің бірі болып саналды.

Бұл жағдай Қазақстанның полиэтностығымен күшейді және адамдардың жаңа егеменді мемлекеттің заңды азаматтары болғаннан бастап, өздерін сол мемлекетпен емес, жойылып кеткен бұрынғы Кеңестік Одақпен, немесе көп жағдайда Ресеймен теңдестірілуі жағдайынан байқалып отырды. 1993 жылы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан қоғамының саналы түрде бірігуі – Қазақстанның дамуының шарты ретінде» атты жұмысында: «Өкінішке орай, қазіргі таңда біз бұрынғы КСРО немесе ТМД мемлекеттерінің емес, егеменді, тәуелсіз Қазақстанның азаматы болып табылатынымызды ұғыну анағұрлым үстірт сипатты қамтиды. Сонымен қатар, халықтың кейбір тобы бұрынғы мақсаттарын жоғалта отырып, жаңасына қол жеткізбей біршама абыржуда...» [1]. Сондықтан, Қазақстан үшін мемлекеттік сәйкестікті қалыптастыру мәселесі «Қазақстандықтар – біз кіміз?» деген сұрақпен тікелей байланысты болды.

Осы орайда азаматтықтың жеке тұлғаның өзіндік сәйкестік сипаты ретінде адамның өзін-өзі ұғынудан, ең бастысы, нақты бір мемлекеттің азаматы санауынан, содан кейін ғана кез-келген этностық топтың – қазақтар, корейлер, немістер, орыстар және т.б. өкілдеріне жататынын сезіну болып табылатынын назарға алу қажет. Сондықтан да, көпұлтты мемлекет жағдайларында халықтардың, оның тұрғындарының мемлекеттік сәйкестігі (яғни, аталмыш мемлекетке қатысының болуы) ұлтты этностық қауымдастық емес, бірлескен азаматтық түрін қабылдай отырып, саяси қауымдастық ретінде қабылдау жағдайларында ғана мүмкін бола алады.

Қазақстанда мемлекеттік сәйкестікті қалыптастыру үшін жағдайларды туындатудың маңызды факторы ретінде республиканың тәуелсіздікке қол жеткізуінің бірінші күнінен бастап мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығы болып барлық этностардың теңдігін жариялау болғанын қарастыруға болады. Бірыңғай азаматтықты қалыптастырудың құқықтық мүмкіншіліктері 1995 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген, онда осындай қазақстандықтар деген этностық феноменді қалыптастыру үшін нақты жағдайларды жасаған ұлттық саясат пен саяси платформалардың ұстанымдары - оның бастама бөлімдеріне жазылған мына сөздері болып табылды: «Біз ортақ тарихи тағдырымызбен біріккен Қазақстанның халқымыз ...» [2].

Мемлекеттік сәйкестікті қалыптастыру стратегиясын әзірлеудің шешуші ролін ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев атқарды. Осылайша, 1996 ж. сәуір айындағы Қазақстан халықтары Ассамблеясының III сессиясында «біздің еліміздің жаңа сәйкестігі, халықтың өзін-өзі жаңаша танудың» негізгі формуласы болатын азаматтық қауымдастықты қалыптастырудың қажеттілігі жөніндегі мәселені алға қойды [3], ал 1997 ж. маусым айындағы IV сессиясында жаңа қазақстандық азаматтықты қалыптастыруды мемлекеттікті сақтау және дамытудағы ең маңызды саяси мәселелерінің бірі болып табылатынын анықтады: «Жаңа қазақстандық азаматтықты қалыптастыру біздің мемлекетіміздің негіздерін қозғайтын ең маңызды саяси мәселелерге айналуда» [4]. Бұл жағдайда Қазақстан халқының азаматтық бірлік нәтижесінде қалыптасқан әр түрлі ұлттардың қауымдастығы, яғни, кез-келген жаңа этностық асырақауымдастық емес, саяси қауымдастықтың болуы қажеттігі жөніндегі идея түбегейлі мәселе болып табылады.

Қоғамдық бірлестік факторы ретіндегі мемлекеттік сәйкестікті қалыптастыру стратегиясын дамытудың жаңа қадамы – қазақстандық қоғамды модернизациялаудың іргетасын қалаған 1997 ж. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» мемлекеттің стратегиялық даму бағдарламасын жатқызуға болады. Оның ұзақмерзімді басымдықтары нақты стратегиялық бағыттар мен басқармалар жүйесін құра отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты негізіне енді. Алайда, егер мемлекетте ішкі саяси тұрақтылық, этносаралық және конфессияаралық келісім, яғни, қоғамның бірлігі болмаған жағдайда, жарияланған Стратегия бояма ниет түрінде қалушы еді.

«Қазақстан-2030» Стратегиясында көрсетілген Қазақстан қоғамының бірігуі мен дамуының басым факторы ретінде «біздің мемлекетіміздегі барлық азаматтар үшін, ортақ мүмкіндіктерге, яғни, Қазақстанның әр түрлі этностық және конфессиялық топтарының теңдігіне негізделген бірыңғай азаматтықты қалыптастыру» болуы қажет [5]. Басқа сөзбен айтқанда, бірыңғай Қазақстан халқының жаңа саяси қауымдастық ретінде қалыптасуы туралы мәселе туындады. Бұл құжатта қоғам бірлігінің, нығаюы мен ортақ азаматтықты дамыту үшін нақты тұғырнама анықталды: «Бұл - біздің өз шекарасы бар жеріміз, бұл біздің ата-аналарымыз, олар оны өз күштерімен салған, бұл - біздің сәтсіздіктерді бірге сезініп, қайғы-қасіретте ортақтасып, жеткен жетістіктерде



қуанышымызды бірге бөліскен ортақ тарихымыз. Бұл – біздің осы жер бетінде бірге өмір сүріп, еңбек ететін ортақ балаларымыз».

Жаңа қауымдастық – «қазақстандықтарды» мемлекеттік пен патриотизмнің негізі ретінде қалыптастыру идеясы 2000 ж. Қазақстан халықтары Ассамблеясының VII сессиясында мемлекет Президентімен жүзеге асырылды: «Біз сіздермен Қазақстанды құрдық, ендігі кезекте қазақстандықтарды - өз Отанының патриоттарын қалыптастырайық. Бұл мемлекеттік тәуелсіздіктің негізі болып табылатын мәдени бірлестігі болады» [6]. Сонымен қатар, осындай бірлестіктің қалыптасу процесі этномәдени бірлестікті жоятын және ыдыратуын болжайтын этностық немесе мәдени ықпалдастықпен еш қатысы болмайтыны белгіленді, керісінше, саяси ұлтты қалыптастыру нәтижесімен қатысты болады.

Полиэтностық мемлекет ретіндегі Қазақстан үшін мемлекеттік сәйкестікті қалыптастыру мәселесі Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты кітабындағы ерекше талдаудың нысаны болды, бұл жерде ол қазақ этносының ұлттық сана-сезімінің өсуін белгілейді, Қазақстанның өз еркінше халықтың ұлттық сәйкестендіру моделін табу және іздеу қажеттігін негіздейді және мемлекеттік сәйкестендіру мәселелерін шешудің негізгі принциптерін қалыптастырады.

Уақыттың өзі көрсеткендей, Н.Ә. Назарбаев өзінің көрегендігі мен даналығының арқасында бұл бағдарламаның басты екісінің этностық қауымдастықты (бұл көптеген посткеңестік республикалардың негізгі идеясы болды және соның салдарынан этносаралық қақтығыстарды тудырды), азаматтықты қалыптастыруға алмастырғанын байқамау мүмкін емес: «Мемлекеттің көпұлтты құрамы, поликонфессионалдылығы ... – мұның барлығы сәйкестендіру жөніндегі, нақтырақ айтқанда, біріншіден, «бірыңғай азаматтық және саяси қауымдастық ретіндегі Қазақстан халқына» қатысты, екіншіден, «Қандай ұлттың өкіліне жататынына қарамастан, барлық қазақстандықтардың Отаны – ортақ, тұтас аумақтық және тәуелсіз Қазақстанның саяси құндылықтары аясында қалыптасатын ұлттық-мемлекеттік идеяларға» қатысты мәселелерді шешудің екі деңгейлі тәсілінің қажеттігін ұсынады» [7].

Осылайша, Н.Ә. Назарбаевтың пікірінше, мемлекеттік сәйкестікті қалыптастырудың бірінші деңгейі азаматтық және саяси қауымдастық ретіндегі Қазақстан халқының қалыптасуымен байланысты. Егеменді Қазақстан мемлекеті бірітіндеп ортақ құндылықтармен толысқан демократиялық тұтастыққа, ортақ Қазақстан халқына айналуы қажет. Бұл жағдайда сәйкестіктің бірінші деңгейінің мәні болып – ортақ саяси құндылықтарға, өзінің азаматтық және саяси тағдырын тәуелсіз Қазақстан Республикасы мемлекетімен сәйкестендіруге негізделген мемлекеттің әр түрлі халықтарының азаматтық және саяси бірлігіне айналуы табылады.

Мемлекеттік сәйкестік мәселелерін шешудің екінші деңгейі қазақтардың өзін ұлттық сәйкестікпен байланысты. Бұл сәйкестіктің негізі - ұлттық сана-сезімнің, «ұлттық түсінісушіліктің, рухани бағыттағы өз тағдырын өзі шешу», яғни, ұлттың этномәдени сәйкестіктің қалыптасуы болуы қажет. Н.Ә.

Назарбаевтың ойынша, этномәдени сәйкестік «халықтың тарихи естеліктерінен, халық даналары мен батырларын құрметтеуден, күн сайынғы өзінің ішкі жан дүниесімен сырласуға қатысты эмоциялық сезімдерінен» қалыптасады [8]. Аталмыш жағдайда келесі идея түбегейлі мағынаға ие болатынын айта кеткен жөн: мемлекет саясатында қазақ халқының ішкі ұлттық сәйкестігін қамтамасыз ету мемлекеттегі барлық қазақ халқының ортақ азаматтық сәйкестіктерімен байланысты.

Қазақстанның барлық халықтарының қай ұлт өкілдеріне жататынына қарамастан, өз тағдырын өзі шешуге мүмкіндік тудыратын мемлекеттік формасы ретінде түсінудің аталмыш теориялық негіздемесі ұлтаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясат негізіне жатқызылды және жаңа саяси қауымдастық – Қазақстан халқының қалыптасуы үшін негіз болды. Мемлекеттің негізі ортақ қазақстандық ұлт болып табылатын азаматтық қоғамның жағдайына көшу туралы мәселесі мемлекет басшысымен бірнеше мәрте көтерілді.

Осылайша, 2007 ж. тамыз айындағы сайлаулар барысында Н.Ә.Назарбаев қазақстандық сәйкестіктің ерекше моделінің идеясын ұстанатынын дәлелдеді: «Осы 16 жылдың ішінде біз өзіміздің ұлтаралық келісімді нығайту және сақтау, қазақстандық сәйкестік модельдерімізді жүзеге асырдық... Тәуелсіздіктің бірінші кезеңдерінен бастап, қазақстандық сәйкестік негізіне этностық емес, азаматтық принциптері қатыстырылды. Біздің стратегиялық міндетіміз – қоғамның консолидациясы мен бірыңғай бәсекеге қабілетті, Қазақстан ұлтын қалыптастыру» [9]. Ал 2007 жылдың қазан айындағы «Қазақстан-2030» Стратегиясының 10-жылдығына арналған конференцияда сөз сөлей отырып, ол мемлекет және қоғамдық бірлестіктердің басым саяси міндеттерін құрастырды: «Біздің болашақ стратегиялық міндетіміз – қоғамның одан әрі консолидациясы мен бірыңғай бәсекеге қабілетті Қазақстан ұлтын қалыптастыру» [10].

Осылайша, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мәселесі жаңа азаматтық қауымдастық ретіндегі жалпықазақстандық ұлттың қалыптасу мәселесімен, яғни, жаңа ұлттық сәйкестендірудің қалыптасуымен тікелей байланысты.

Қазақстанда ұлт бірлігін қамтамасыз етудегі, мемлекеттік сәйкестікті қалыптастырудағы жаңа кезең мемлекет Басшысы Н.Ә. Назарбаевтың 2009 ж. 26 қазан айында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының XV сессиясында делегаттарға қазіргі заман жағдайларында мемлекеттік саясаттың басым бағыттары болып «қазақстандық қоғамда азаматтық сәйкестікті, толеранттылықты білім беру және тәрбиелеу жүйесі арқылы дамыту...» болып табылатыны жөнінде айтылған үндеуі болды [11]. Аталмыш бағыттың маңыздылығын назарға ала отырып, мемлекет Президенті ұлттық бірліктің Доктринасын әзірлеу және қабылдау үшін теориялық және әдістемелік негіздемелерді ұсынды.

Н.Ә. Назарбаев «қазіргі замандағы ұлттық бірліктің толеранттылық, азаматтық және аталмыш мемлекеттің мемлекеттік тілін міндетті түрде меңгеру сияқты мемлекеттік ортақ құрылымдар арқылы анықталатынын» атап айтты. Осы принциптерді негізге ала отырып, ұлттық бірлік Доктринасының басты

маңызды негіздемесі мемлекет Президентінің ұсынған ұлттық бірлікті ұғыну болуы қажет: «Бұл біздің елімізде өмір сүретін этностық, діни және басқа да әлеуметтік-мәдени топтардың біріккен қауымдастығы болып табылатынын білдіреді».

Ұлттық бірліктің ішкі және сыртқы қауіпсіздікті сақтау тәсілі ретіндегі қажеттілігінің мотивациясы, сонымен қатар оның іске асуына мүмкіндік туғызатын негіздемесі өзіне назар аудартады: оның батырлық және драмалық, қайғылы кезеңдері бар ортақ тарих, барлық қазақстандық этностардың ортақ құндылықтары, ортақ мәдени мұра, ортақ болашақ. Н.Ә. Назарбаевтың айтуынша, «қазақстандықтар тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері ортақтаса отырып, өз тағдырларын еркін таңдауға мүмкіндік алды».

Сонымен қатар, мемлекет Президентімен ұлттық бірлікті азаматтық ұлтты қалыптастыру жағдайы ретінде нығайтудың негізгі бағыттары құрастырылды.

Біріншіден, Қазақстан қоғамындағы азаматтық сәйкестік пен толеранттық. Бұл жағдайда азаматтық сәйкестік көпшілік бұқараның өзін қандай этностық топқа жататынына қарамастан, Қазақстан Республикасының азаматы деп санауды, өзін сол мемлекеттің мақсаттары мен құндылықтарымен теңдестіруді, өзінің олармен рухани байланысын ұғынуды қамтиды.

Екіншіден, басқа тілдерді құрметтеп және орыс тілінің ресми мәртебесін сақтай отырып, мемлекеттік тілді дамыту: «... біз әрбір қазақстандықтың қазақ тілін меңгеруге талабын күшейту үшін барлық жағдайды жасауымыз қажет... Біз одан әрі де ана тілінің еркін дамуына, барлық этностардың мәдени дамуына барлық жағдайды жасаймыз...».

Үшіншіден, бір жағынан, ар-ұждан еркіндігі мен конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету және екінші жағынан, экстремистік емес жалған діни ұйымдарға қарсы тұру. Еліміздің Президенті атап өткендей, «Қазақстанда заңнамалық теңдік пен діндер арасындағы келіссөздер принциптері тұрақты. Сонымен қатар, мемлекет жалған діни бірлестіктерге қарсы тұратын болады. Бұл жерде мемлекеттің барлық діни бірлестіктерінің белсенді ұстанымы қажет болады».

Төртіншіден, Қазақстан халықтарының Ассамблеясының, этномәдени орталықтар мен бірлестіктердің, соның ішінде, аталмыш ұйымның жастарға тәрбие беру, олардың рухани және толеранттық қасиеттерін қалыптастыру бойынша іс-әрекеттері нәтижелерінің белсенділігін арттыру.

Бесіншіден, дүниежүзілік бірлестікте, соның ішінде, халықаралық ұйымдар мен бірлестіктердің арқасында қазақстандық этносаралық және конфессияаралық қатынастар моделін тарату және насихаттау.

Қазіргі таңда егеменді Қазақстан Республикасы дамуының жиырма жылдығынан соң, мемлекеттік сәйкестікті қалыптастыру стратегиясы тек мемлекет Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен ғана емес, сонымен қатар, республиканың ішкі саясатының маңызды басымдықтары ретінде жүйелі түрде жүзеге асырылғанын дәлелдеуге болады.

Мемлекеттік сәйкестік пен Қазақстан ұлтының азаматтардың саяси қауымдастығы ретінде қалыптасуының нәтижелі процесінің нақты көрсеткішін

қазақстандық қоғамда үкімет деңгейінде және күнделікті өмірдегі қолданыстағы түсіндірмелі аппарат түрінде берілетін мысалдардан байқауға болады: «ұлттық қауіпсіздік», «ұлттық мүдделер», «ұлт денсаулығы», «ұлт болашағы» және «ұлт көшбасшысы». Сонымен қатар, аталмыш терминдердің әлдебір этностық топтың ғана емес, жалпы Қазақстан халқын қамтитыны түсінікті. Осының барлығының нәтижесінде Қазақстанда әзірленген және жүзеге асырылған мемлекеттік сәйкестік стратегиясының тек ұлтаралық келісім мен ішкі саясат тұрақтылығының қажетті деңгейін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар, жаңа саяси ұлт-қазақстандықтарды қалыптастыру үшін шынайы мүмкіндіктерді туғызғанын толық есептеуге болады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.А. Идейная консолидация казахстанского общества – как условие прогресса Казахстана. Алматы. 1993.
2. Конституция Республики Казахстан. Алматы. 2007.
3. Назарбаев Н.А. Выступление на III сессии Ассамблеи народа Казахстана. //Казахстанская правда, 1996, 30 апреля.
4. Назарбаев Н.А. Выступление на IV сессии Ассамблеи народа Казахстана. //Казахстанская правда, 1997, 6 июня.
5. Назарбаев Н.А. Казахстан-2030. Послание Президента страны народу Казахстана. Алматы, 1998. – С.114.
6. Назарбаев Н.А. Выступление на VII сессии Ассамблеи народа Казахстана. //Казахстанская правда, 2000, 16 декабря.
7. Назарбаев Н.А. В потоке истории. Алматы. 2003. – С.180-181.
8. Назарбаев Н.А. В потоке истории. Алматы. 2003. – С.185,213.
9. Назарбаев Н.А. Выступление на расширенном заседании Политсовета НДП «Нур Отан». //Казахстанская правда, 2008, 19 января.
10. Назарбаев Н.А. выступление на конференции, посвященной 10-летию Стратегии «Казахстан-2030». //Казахстанская правда, 2007, 13 октября.
11. Назарбаев Н.А. Выступление на XV сессии Ассамблеи народа Казахстана. //Казахстанская правда, 2009, 27 октября.



## Ұлтаралық келісім – Н.Ә. Назарбаев саясатының стратегиялық векторы

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының оқытушысы  
Баймұханова Ә.М.*



*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының оқытушысы  
Нөкербекова Ә.Х.*

Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан мемлекеттік өзін-өзі танытудың, егемендікті нығайту мен болашақта дамудың дұрыс векторын іздеудің оңай түспейтін жолынан өтті. Халыққа тән толеранттылықтың, сондай-ақ ел басшылығының әділ саясатының арқасында Қазақстан әлеуметтік-саяси күйзелістерден және экономикалық зілзалалардан аулақ болып, ХХІ ғасырға сәтті ұмтылыс жасады. Қазақстандықтар қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді сақтап қалды, әлеуметтік-экономикалық және демократиялық түрлендірулер жүргізуде елеулі нәтижелерге қол жеткізді.

Республиканың жетістіктері туралы айта отырып, Қазақстанның қарқынды дамуының тірегі ұлтаралық және конфессияаралық келісім болып табылатынын үнемі есте сақтау маңызды. Бұл мемлекеттің алға қарай сенімді қозғалуына мүмкіндік беретін база. Сондай-ақ, атап айтқанда, көп ұлтты дамудың стратегиялық ресурсы болды. Алайда, адамзат тарихы көрсеткендей, халықтар достығы, келісім, тұрақтылық мәңгілік сыйға тартылған игіліктер болып табылмайды. Қазақстанда тұратын барлық этнос өкілдерінің дауыстары бірыңғай қуатты әнұранмен шығуы үшін, өте көп тұрақты және күнделікті күш талап етіледі.

Елдегі бейбітшілік пен келісімді сақтаудың маңызды негізі ұлтаралық қатынастар саласындағы салмақты және дана саясат болады. Елге оңай болмаған жылдары тәуелсіздік таңында Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев саяси шешімдерді қабылдауда көрегендік пен салмақтылық танытты. Елбасы республикада тұратын этностар арасындағы бейбітшілік пен келісім идеясын үнемі қолдайды және насихаттайды.

Елбасының әрбір қылығымен, әрбір әрекетімен қоғамға ол үшін ұлты мен дін тұтуына байланыссыз, қазақстандықтардың барлығының қымбат екендігі туралы сигнал береді. Және бұл елдің мемлекеттік ұлтаралық және конфессияаралық саясатының өзінше символы. Заңды нәтижесі — бүгінгі Қазақстандағы ұлтаралық келісім және тұрақтылық.

Құқықтық көзқарастан ұлтаралық қатынастардың барлық мәселелері Қазақстан Республикасы Конституциясында, Тілдер туралы заңда анық жазылған. Ең бастысы, мемлекетте адамның этникалық шығу тегі бойынша құқықтарына нұқсан келтіретін ережелері бар бір де бір заң жоқ. Елімізде ешкім де жыныс, нәсіл, ұлт, тіл, дінге қатынас, сенім, тұрғылықты жері немесе кез келген басқа жағдайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке ұшыратыла алмайды. Әрі бұл Қазақстан Республикасы Конституциясы 14-бабының 2-тармағында нақты бекітілген. Ал Ата Заңның 74-бабында былай делінген: «Конституцияда баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің күші жойылады және қолданылуға жатпайды».

Өзінің ойланып істелген әрекеттерімен ел басшылығы республика аумағында тұратын барлық этникалық топтардың экономикалық, саяси және мәдени дамуы үшін тең мүмкіндіктер тудырады. Мемлекетте тіршілік әрекетінің барлық салаларында азаматтардың тең құқықтығы заң жүзінде бекітілген және практикада іске асырылған. Кадрлық саясатта басқарушы лауазымдарға тағайындау кезінде басты критерий адамның ұлттық тиесілілігі емес, қабілеттері мен іскерлік қасиеттері болып табылады. Бұл тұрғыда посткеңестік кеңістіктегі бір де бір республика Қазақстан сияқты ерекшелене алмайды.

Ұлттық саясаттың базалық элементтерінің бірі басқа этностар үшін бір мезгілде қолайсыз жағдайлар жасау кезінде қазақ мәдени ядросының мақсатқа бағытталған түрде дамуы болып табылады. Бұл бейбіт қатар өмір сүрудің өзінше формуласы. Республикадағы тіл саясаты да ақылған салынғандығымен және көрегендігімен сипатталады. Қазақстан бір мезгілде басқа этностардың тілдерін дамыту мүмкіндіктерін жасауға күш салып, оның функцияларын кеңейтіп, мемлекеттік тілдің мәртебесін біртіндеп жоғарылату жолымен келеді. Мемлекет басшысы: «Қазақ тілі — Қазақстан халқын біріктіретін тіл», - деп дұрыс атап өткен. Қазақ тілі — Қазақстан халқын біріктіретін тіл. Бірлік — біздің күшіміз. Өйткені, тарихи тәжірибе куәландыратындай, егер ұлт өзінің тілін құрметтесе, білсе және оны жақсы көрсе, онда ел бай және әлемде құрметті болады, өзінің түпкілікті мүдделерін сенімдірек қорғайды. Әрі бұл түсінікті, өйткені тіл — бұл адамдардың қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге, ең алдымен адамгершілік құндылықтардың, білімнің, тәжірибенің теңдессіз қоймасы.

Қазіргі заманғы ақиқаттарды есепке алып, Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын кезеңмен іске асыра бастауды ұсынды. Қазақстан барлық әлемде халқы үш тілді: қазақ тілі — мемлекеттік тілді, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілін және ағылшын — жаһандық

экономикаға сәтті кірігу тілін пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде қабылдануы тиіс.

Салауатты этникааралық климаттың қалыптасуына мүмкіндік туғызатын маңызды фактор - әр түрлі діндер мен конфессиялар арасындағы бейбіт қатар өмір сүру және өзара әрекеттесу. Мемлекет конфессиялардың өз функцияларын іске асыруы үшін тең және қолайлы жағдайлар жасайды, дінаралық диалогты белсенді ынталандырады. Астананың әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезіне қатысушыларды осымен екі рет қабылдағаны өнеге тұтарлық. Осы форумдарды өткізу рухани көшбасшылардың планета халықтары арасында бейбітшілік пен келісім үшін конструкциялық диалог жүргізу қабілетін көрсетті. Съездер Қазақстанның бүкіл әлем бойынша таралып келе жатқан, дінаралық қарама-қарсы келу қаупін жеңуге қосқан нақты үлесі болды.

Елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясы тұлғасында ұлттық саясатты, этникааралық және дінаралық диалогты іске асырудың теңдессіз және тиімді механизмі құрылған. Елбасының бастамасы бойынша құрылған осы орган ұлтаралық қатынастарды үйлестіруде орталық буын болып табылады және саяси тұрақтылықты қолдауда, қоғамдық келісім мен бейбітшілікті нығайтуда маңызды рөл атқарады. Қазақстанның әрбір аймағында әрекет ететін, көптеген ұлттық-мәдени орталықтар мен бірлестіктер де мемлекеттің қоғамдық өмірінде маңызды конструкциялық рөл атқарады.

Жалпы алғанда, елімізде мультимәдени, көп этникалық және көп конфессиялық қоғамның бірлігін сақтау мен нығайтудың бай және теңдессіз тәжірибесі жинақталған. Сондықтан да бүгінгі күні оны бұрынғы кеңес республикаларының да қабылдай бастағаны, сондай-ақ демократиялық институттардың жұмыс істеуінің көп ғасырлық тәжірибесі бар мемлекеттердің мұқият зерделеуі таңқаларлық емес.

Осының барлығы кешенде көп ұлтты және көп конфессиялы қазақстандық халық бірлігінің моделін едәуір шамада құрайды. Бұл республиканы гүлденуге, қуатты және прогрессивті дамуға әкелетін бағыт. Әрі бұл бағыт «Нұр Отан» халық-демократиялық партиясының қазақстандық қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын бекітуге, сондай-ақ көп ұлтты Қазақстан халқы бірлігінің негізін құраушы факторлары ретінде саяси дәстүрлерді қолдауға бағытталған саясатымен жарасымды үйлеседі.

«Нұр Отан» ХДП өзін ел Президентінің сенімді тірегі, оның даму және гүлдену тұрақтылығын, сондай-ақ біздің көп ұлтты еліміздің барлық азаматтары арасында бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етуге бағытталған саясатының жетекшісі ретінде қарастырады.

«Нұр Отан» ХДП белсенді қоғамдық-саяси қызметі Қазақстанның қазіргі әлемдегі орны мен рөлін қоғамның түсінуіне мүмкіндік туғызады, демократияны нығайтуға, Қазақстан халқын жұмылдыруға, қоғамдағы азаматтық бейбітшілік пен келісімді нығайтуға арналған жалпы ұлттық идеяны қалыптастыруға қатысады.

Өзінің саясатында партия қоғамды әрі қарай шоғырлаудың, этникааралық келісімнің негіздерін нығайтудың маңызды шарты барлық

этникалық топтардың мәдениет саласында өзара әрекеттесуі, мемлекет азаматтарын барлық этникалық ортақтықтар мәдениетінің жетістіктеріне, олардың ұлттық дәстүрлеріне, салттарына, фольклорына қатыстыру, сондай-ақ конфессиялардың тұрақты өзара құрметті, өркениетті диалогы болып табылуынан бастау алады.

Партия қазақстандық сәйкестікті нығайтуды, үйлесімді этникааралық қатынастарды дамытуды және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыруды өзінің басты міндеттерінің бірі санайды. «Нұр Отан» ХДП мемлекеттің халықаралық стандарттар деңгейінде адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілі болуына, заңды актілердің нақты орындалуының қамтамасыз етілуіне, азаматтарға көрсетілетін қызметтер сапасының жоғарылауына, ал әрбір азаматтың қолданылып жүрген заңдарды сақтауына және өз Отанының рухани, мәдени, адамгершілік әлеуетінің дамуына жәрдемдесуіне қол жеткізеді. Партия Қазақстан халқы Ассамблеясының және ұлттық-мәдени орталықтардың қызметін барынша қолдайды. Сондай-ақ олардың этникааралық қатынастар саласындағы бағдарламалары принциптік ережелер бойынша үндестік табады. Олардың арасындағы мықты өзара байланыстың өте айқын екенін атап кету керек, өйткені партияның көптеген мүшелері Ассамблея және этникалық-мәдени бірлестіктер мүшелері болып табылады.

Қазақстан халқының ұлттық бірлігі негізінде патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік пен құрмет, бір-біріне тілектестік пен құрмет жатыр. Бұл жасына, әлеуметтік мәртебесіне, дін тұтуы мен ұлтына байланыссыз, әрбір адамға жақын және түсінікті құндылықтар мен мұраттар.

Шындығында ұлтаралық қатынастар саласында жасалған істер аз емес, бірақ өмір бір орында тұрмайды. Қазіргі әлем динамикасының қоғамдық процестердің бейнесі мен мәнін қарқынды өзгертетіні белгілі. Сондықтан қазіргі уақытта ұлтаралық диалогты ұйымдастыруға жаңа амалдарды да іздеу қажет.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға, этникааралық ынтымақтастық пен өзара түсіністікті нығайтуға бағытталуы тиіс болатын, ақпараттық-түсіндіру, ағарту жұмысын әрі қарай да дамыту мақсатқа сәйкес болады. Өйткені патриотизм — бұл өз Отанына және жеріне деген сүйіспеншілік, оның тарихы мен мәдениетіне орасан зор құрмет, әрбір адамның меншікті күшіне сенім және бүкіл қоғамның топтасқандығы. Бұл өз елінің тарихына ортақтастығын және бүгін салынып жатқан болашағы үшін жауаптылықты жоғары сезіну. Бұл әрбір қазақстандықтың табысы үшін мақтаныш және ол неден тұрса да, өз саласында биіктерге қол жеткізу тілегі. Әрі бұл табысты әрбір азамат өз Отанының даңқын арттыру, оның әлемдегі беделін жоғарылату үшін Отанына арнауы тиіс.

Елдің әр түрлі этникалық топтары мәдениеттерінің біріктіруші және нығайтушы негізі Қазақстанның барлық этникалық топтарының тілдерін, мәдениетін, салттары мен дәстүрлерін дамыту үшін бір мезгілде жағдайларды қамтамасыз ету кезінде мемлекетті құрайтын қазақ халқының тілін, мәдениетін, дәстүрлері мен салттарын зерделеу және меңгеру болып табылуы тиіс.



Бұл мемлекеттік тілдің әлі толық игерілмеген әлеуетін тиімді іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасаумен сипатталатындай және республиканың этникалық топтары тілдерінің дамуын ынталандыратындай, аса оңтайлы социолінгвистикалық кеңістікті орнатудың артып келе жатқан қажеттілігін алдын ала анықтады.

Ұлы қазақ ойшылы Абай, адамзаттың басталуы — махаббат және әділдік, - деген. Сондай-ақ ол әбден дұрыс жорамалдаған: адам оның ынтасын және зейінін басқалар да түсініп, онымен бөліскенде ғана бақытты бола алады. Өйткені мейірімді ықылас қанаттандырады. Оның: «Достық достыққа шақырады», - деп айтқаны кездейсоқ емес, сондықтан Абай өзара түсіністікке, бейбітшілік пен келісімге шақырған. Халық гүлденуі үшін, ол бейбітшілік пен сенімде өмір сүруі тиіс. Қазақстан халқының тағдырын бүгінгі жағдайларда да анықтайтын, магистральдық тарихи факторлардың бірі осындай.

Бірлік, тұрақтылық, ұлтаралық келісім — қоғамның, «Нұр Отан» партиясының, Қазақстан халқы Ассамблеясының, ұлттық-мәдени орталықтардың, үкіметтік емес ұйымдардың, оларға егеменді Қазақстан қымбат болған адамдардың барлығының барлық конструкциялық күштерінің абыройының нәтижесі екенін үнемі есте сақтау маңызды.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Казахстанская модель межэтнического согласия //Материалы научно-практической конференции. Алматы, 2007.
2. Межнациональное согласие. Казахстанский опыт. Алматы, 2007.



## Толеранттық және өзара құрмет – Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық қарым-қатынастар принциптері

*Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушысы*  
**Жұмақанова Ұ.С.**



*Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушысы*  
**Марченко К.С.**

Қазақстандағы көп этникалық қоғамның қалыптасу процесі, Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылы ішінде өткен жолы – онда тұратын халықтардың этникалық және мәдени өзара әрекеттесуінің теңдессіз құбылысы, ол адамның тіршілік әрекетінің барлық салаларын – тілді, өмір салтын, дәстүрлерді, конфессиялық тиесілілікті, ойлауды және менталитетті қамтиды.

Қазақстанның ұлттық саясаты айқын және нақты принциптерге негізделеді, олардың арасында бастысы:

- этникааралық өзара әрекеттесуді іздеу;
- қоғамдық тұрақтылық ұлттық мәселені дұрыс шешу базасы ретінде;
- заңның үстінен қараушылық;
- мемлекеттік тәуелсіздікті нығайту және белсенді кіріктіру саясаты.

Қазақстанның көп этникалық құрамы табиғи қалыптасқан этностар негізінде емес, ерікті және, кейде, халықтарды ел аумағына күшпен жер аудару нәтижесінде қалыптасқан.

XIX ғасырдың ортасында қазіргі Қазақстанға басым көпшілігінде қазақтар қоныстанған, сонымен бірге жүзжылдықтың соңғы үштен бір бөлігінен бастап және XX ғасырдың басында мұнда Ресейдің орталық аймақтарынан өте көп славян текті шаруалар келе бастады. Сонымен бірге, көші-қон ағындарының аса ірі бастамасы жаңа аумақтарды игеру және шаруаларды жермен қамтамасыз ету есебінен Ресейдің күрделену үстіндегі экономикалық, әлеуметтік және демографиялық проблемаларының шешімдерін іздеуге негізделген, ресейлік министр П. Столыпиннің «жер аудару саясаты» болды.

Сарапшылардың бағалары бойынша, революцияға дейінгі кезеңде шаруаларды қоныстандыру барысында Қазақстанға Ресейден, Украинадан,

Белоруссиядан 1 миллион 150 мың адам келді. Сонымен қоса, 1883-1886 жж. Жетісуға Шығыс Түркістаннан дүнгендер мен ұйғырлар (31, 7 мың адам) жер аударылған болатын.

Ұжымдастыру кезінде КСРО-ның орталық аудандарынан Қазақстанға 250 мың шаруа жіберілді. Соғыс алдындағы жылдары өнеркәсіптік кәсіпорындарды салу үшін, негізінде еуропалық бөліктен Қазақстанға 1 миллион 200 мың адам қоныстанды. 1930 жылы Қазақстанда 5 миллион 873 мың адам болған – бұл жерге қанша адам қоныстанса, сонша дерлік.

Алайда 1933 жылға қарай халықтың саны 2 миллион 493 мың адамға дейін төмендеді. Бұл ауылды сталиндік ұжымдастыру нәтижесі болды, соның салдарынан көшпелі халықты отырықшы өмір жағдайларына күшпен ендіру бір жарым миллион қазақтың өліміне әкелді. Сонымен бірге 1930-1933 жылдары 1,3 миллион қазақ КСРО шекарасынан тыс біржола көшіп кетті.

Қазақстанға сталиндік қуғын-сүргін жылдарында 800 мыңға жуық неміс, 18,5 мың кәріс отбасы, 102 мың поляк, Солтүстік Кавказ халықтарының 507 мың өкілі жер аударылды. Сондай-ақ бұл жерге қырым татарлары, түріктер, гректер, қалмақтар және басқалар да өз еркінсіз келді. Халықтардың жер аударылуы салдарынан республика халқы 1 миллион 500 мың адамға ұлғайды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстанға Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан мыңдаған отбасылар қоныс аударды. Олардың көпшілігі бұл жерде екінші Отанға ие болды. Бірақ ең қуатты көші-қон ағыны Қазақстанға тың және тыңайған жерлерді игеру басталғанда, 1950-ші жылдардың ортасында лап қойды. Тура осы кезде орыс тілді халық жағына қарай едәуір басымдық пайда болды. Тыңға 1,5 миллион адам келді. Қазақстан аумағындағы жабық әскери нысандар тағы да 150 мың адамды қабылдады.

Нәтижесінде, тек өткен ғасырдың басынан ғана Қазақстанға 5 миллион 600 мың адам, соның ішінде соңғы 40-50 жылда 3,5 миллион адам қоныстанды.

### **Қазақстанның этникалық мозаикасы**

Қазіргі уақытта Қазақстан халқының құрамы Қазақстанның аса көп санды этностары қазақтар (халықтың жалпы санынан 53,4%) және орыстар (30,0%) болып табылатынын куәландырады. Одан әрі украиндар (3,6%), өзбектер (2,5%), немістер (2,3%), татарлар (1,6%), ұйғырлар (1,4%) болып келеді. Белорустардың, кәрістердің, әзербайжандар мен түріктердің саны Қазақстанның бар халқының 0,7%-нан 0,5%-на дейін ауытқиды. 1989 жылдан 1999 жылға дейінгі онжылдық ішінде немістердің саны - 2,6, орыстардың – 1,3, украиндардың – 1,6, татарлардың – 1,3, белорустардың саны 1,5 есе азайды. Әзербайжандар мен кәрістердің саны бұрынғы деңгейде сақталды. Қазақтар, өзбектер, ұйғырлар мен түріктер санының өсуі байқалады. Түріктер мен өзбектер саны өсуінің аса жоғары қарқындары – 53,3%-ға және 39,7%-ға байқалған.

Ел этносферасы этникалық сана-сезімнің, этникалық бастауларға: тілге, салттар мен дәстүрлерге қызығушылықтың өсуінің қарқынды процестерімен сипатталады. Республиканың ішкі саясатында этникааралық келісімді бекіту, өркениетті консенсусқа қол жеткізу ерекше орын алады.

Қазақстан қазіргі заманның ең маңызды үндеулерінің бірі – ұлтаралық тұрақтылықты сақтауға, қоғамды топтастыруға, оның аумағында тұратын халықтар мен этностарды бөлетін идеялар негізіндегі дауларға жол бермеуге лайықты жауап бере алды.

Қазақстан Республикасы осындай болып табылатын көп этникалық қазіргі заман үшін ұлтаралық келісімді нығайту міндеті - жүзеге асырылатын реформалардың даму шарттары мен табысының негізін құраушылардың бірі. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей: «Біздің басты бағытымыз келісімдерді іздеу және біріктіруші бастамаларды іздеу арқылы барлық ұлттық топтарды дамытуға негізделеді».

Қазір Қазақстанда қазақ тілінде оқытатын 3474, оның 2514 – орыс тілінде, 2017 – аралас тілде, 78 – өзбек тілінде, 13 – ұйғыр, 3 – тәжік, 1 – украин тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді. Бұдан басқа бірқатар жексенбілік мектептер бар, оларда балалар ата-аналарының тілегі бойынша өздерінің туған тілдерін зерделейді. Өткен оқу жылында Қазақстан халықтарының 25 тілде 200-ге жуық жексенбілік мектебі жұмыс істеді.

Республиканың бірқатар қалаларында ұлттық жандандыру мектептері жұмыс істейді. Мысалы, Павлодар қ. мектептерінің бірінде 12 тілде оқыту: украин, кәріс, армян, неміс, татар, башқұрт, чуваш, иврит, шешен, ингуш, поляк және әзербайжан тілдерінде. Солтүстік Қазақстан облысының ұлттық жандану мектебінде – 10 тілде: армян, поляк, неміс, иврит, татар, башқұрт, шешен, ингуш, украин және әзербайжан тілдерінде жүргізіледі. Бұл мектептерде балалар туған тілдерінен басқа, әдебиетті, өлкетануды, өз халқының тарихын және әлемдік дінді зерделейді.

Ұлттық мектептерге арналған оқулықтар сериясы ұйғыр, өзбек, орыс және республиканың басқа тілдерінде жеткілікті мөлшерде шығарылады.

Жыл сайын мемлекеттік тапсырыс бойынша Қазақстанның этникалық аз топтарының тілдерінде ғана жалпы таралымы 80 мың данадан артық 30-ға дейін кітаптар басылып шығарылады.

1995 жылдан бастап республикада ұлттық аз топ өкілдерінің жоғары оқу орындарына түсуі үшін 10 пайыздық квотаның бөлінуі жүзеге асырылады. Нәтижесінде олардың студенттер ортасындағы құрамы 17,7 пайызға дейін өсті, бұл осы көрсеткішті республикада тұратын халықтың жалпы статистикасында ұлттық аз топтар деңгейімен теңестірді. Квота қолданылған төрт жыл ішінде еліміздің ЖОО 7,8 мыңға жуық әр ұлтты жастары оқуға түсті. Бұл көші-қон процесін тежеудің және жақын болашақта көп ұлтты зияткерлік әлеуетті құрудың маңызды факторы болып табылды.

Республиканың бұқаралық ақпарат құралдары әр түрлі диаспоралармен белсенді жұмыс істейді. Бүгінгі күні елімізде 11 ұлттық тілде газеттер мен журналдар шығарылады, олардың ішінде аса ірілері: кәрістердің «Коре ильбо», немістердің «Дойче альгемайне цайтунг», украиндардың «Украиньски новини» және ұйғырлардың «Уйгур авазы» болып табылады. 44 телестудия – 12 тілде және 18 радиостудия 7 тілде хабар береді. «Қазақстан-1» бірінші ұлттық арнасы ұйғыр тілінде – «Алитах», кәріс тілінде – «Коре Сарам», неміс тілінде – «Гутен Абенд» бағдарламаларын көрсетеді.

Қазақстан республикалық телеарнасындағы «Біздің үйіміз – Қазақстан» атты ағартушы хабарлар циклі ел аумағында тұратын әр түрлі диаспоралардың тарихына, өзіндік мәдениетіне арналған.

Ұлтаралық проблемаларды шешудің қазақстандық тәжірибесі әлемдік қауымдастықпен жоғары бағаланған. Бұл Қазақстан 1994 жылдан бастап белсенді өзара әрекеттесетін ұлттық аз топтардың істері бойынша ЕҚЫҰ Жоғарғы Комиссариаты тарапынан пікірлермен расталады. Жоғарғы комиссардың ресми мәлімдемесінде былай айтылған: «Қазақстан Республикасының басшылығы елдегі барлық этникалық топтардың мүдделерін іске асыру және этникаралық қатынастарды әрі қарай үйлестіру үшін қажетті шарттарды қамтамасыз етудің жүйелі саясатын жүргізеді. Азаматтық институттардың көпшілігінің және азаматтардың қолдауымен, ЕҚЫҰ қосқанда, халықаралық қауымдастықтың жәрдемдесуімен, осы саясатқа шынайы берілгендік елдегі этникааралық қатынастарды әрі қарай тұрақтандыру үшін мықты негіз болып табылады».

### **Қазіргі Қазақстандағы миграциялық процестер**

Қазіргі уақытта Қазақстандағы жергілікті этностың үлесі 53,4 пайызды құрайды. Посткеңестік кеңістіктегі жас мемлекеттерге тән құбылыс халық құрылымындағы жергілікті этностың үлесін ұлғайту болып табылады. Алайда қазақстандық жағдайдың теңдессіздігі - қазақтардың соңғы 10 жылдағы үлесінің ұлғаюының негізінде оның табиғи популяциясының өсуінен емес, ал басқа этностар өкілдерінің әр түрлі себептер бойынша республикадан кетуіне байланысты болуында.

1990-шы жылдардан бастап халықтың республикадан кетуінің жалпы динамикасы белгіленді, оның шыңы 1994 жылға келді. Сонан соң көші-қон ағыны төмендеуінің даму бағыты белгіленді. Алайда ол осы күнге дейін жылына кем дегенде 200-300 мың адамды құрайды. Қазақстандағы 1993-1997 жылдардағы көші-қон процестеріне бес миллионға жуық адам тартылды – үш миллионнан артық кеткендер (63,5 пайыз) және 1,5 миллионнан артық келгендер. Қазақстан көші-қон ағынының салдарынан бір жарым миллион адамнан артық халықты жоғалтты. Бірақ көші-қон сальдосы жыл сайын қысқарып келеді. Оның үстіне реэмигранттар саны мүлтіксіз артып келеді. Қазіргі уақытта республикаға 17 154 орыс, 1 410 неміс, 2 349 украин ұлтының азаматтары қайтып келді.

Көші-қон процестері Қазақстан Республикасы халқының этникалық құрылымына тікелей әсер етеді. Эмиграция республикадағы халықтың, соның ішінде орыстар мен немістердің саны азаюының негізгі себебі болып табылды. Кеткендер санынан орыстар - 58,6 %, немістер 7,4% құрады. Орыстардың келуі және кетуі басты түрде жақын шетелдермен көші-қон алмасу шеңберінде болады. Республикаға келгендер санының орыстар - 47,2%, қазақтар - 29,2%, немістер 3,7% құрады. Мемлекетаралық көші-қон байланыстарынан Қазақстан үшін аса тығыз байланыс жақын шетелдермен жасалған байланыстар болды. Бұл мемлекеттерге жалпы санының 77%-ы жатады. Жақын шетелдермен болған көші-қон ағындарында – Ресейдің, Украинаның, Орталық Азия республика-

ларының, ал алыс шетелдерден - Германияның, Израильдің, Грекияның үлесі басым болады. Халықтың республикадан кету қарқыны, әсіресе келесі облыстарда байқалады: Солтүстік-Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Павлодар.

Этникааралық қатынастар жағдайы эмиграциялық көңіл-күйдің негізгі себебі болып табылмайды. Қазақстан социологтары жүргізген социологиялық зерттеу нәтижелері көрсеткендей, барлық сұралғандардың 5,3%-ы республикадан кетуге дайындалып жүр, 25,9%-ы - әлі шешпеген; 32,1%-ы кету жайында ойланған және 57,7%-ы - ойланбаған. Үрей тудыратын көптеген проблемалардың арасында адамдар, біріншіден, бағаның өсуін (67%), екіншіден, жұмыссыздық қаупін (50,4%), үшіншіден, экологиялық жағдайдың нашарлауын (49,6%) атаған, сонан соң қылмыстың өсуі (49,3%), еңбек ақының дер кезінде төленбеуі (40,9%) болып табылады. Үлкен көші-қон қайтуы Ресей Қарулы Күштерінің қарамағында болған, көптеген әскери полигондар мен нысандардың жабылуын тудырды, бұл осыған орай әскери қызметкерлер отбасыларының кетуіне әкелді.

Жалпы алғанда, Қазақстанда этникааралық қатынастардың жағдайы тұрақталды. Сонымен, мысалы, 1992-1994 жылдарда ұлтаралық қатынастар мәселелері қазақстандық қоғамның аса өткір проблемалары рейтингінде 5-ші ұстанымды иеленді. Енді қазақстандықтардың пікірінше, олар 13-ші орында тұр.

Берілген факт Қазақстанның бастамасы бойынша бірқатар маңызды сыртқы саяси акцияларды іске асырумен байланысты. Сонымен, халықтың Қазақстаннан көшіп-қонуының басты себептерінің бірі, 90-шы жылдардың ортасындағы экономикалық дағдарыстан басқа, ең алдымен, Қазақстан тұрғындары болған азаматтардың әр түрлі себептермен тарихи отанында өмір сүріп жатқан туыстарымен қосылуға талпынуы болып табылады. Мұнда психологиялық фактор маңызды: көптеген адамдар өздерінің туысқандарымен байланыстардың үзілуіне, шекарадан өту күрделілігіне, қажет болған жағдайда тарихи отанында азаматтығын қалпына келтіру қиындығына байланысты ертеңгі күнге сенімділікті жоғалтты. Осы факторларды есепке алып, Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев 1996 жылы ТМД саммитінің қарастыруына Достастық елдермен мақұлданған, «Қарапайым адамдарға қарсы он қарапайым қадамды» қабылдау ұсынды. Бұл бастама азаматтықты қабылдауды ықшамдау, адамдардың шекаралардан өту, тауарлар мен қызметтерді тасымалдау, ақпараттық ынтымақтастықты және т.б. кеңейту мәселелеріне қатысты.

ТМД шеңберінде шекаралардың айқындылығын бекітудегі маңызды механизм Қазақстан бастамасы бойынша алдымен Кеден одағын (1995 ж.), кейіннен түрлендірілген Еуразиялық экономикалық қауымдастықты (2000 ж.) құру болды.

Әр елде тұратын және тарихи Отанына қайтуды қалайтын қазақтардың репатриациясы да мемлекеттің маңызды міндеті болды. Сонымен, қазір шетелде әлемнің 44 елінде: Қытайда, Монғолияда, Түркияда, Иранда, Ресейде және ТМД басқа елдерінде 4 100 мың дерлік қазақ өмір сүріп жатыр. Соның ішінде, 10 мыңға жуық қазақ – саяси дағдарысты басынан өткізіп жатқан

Тәжікстанда, 30 мың қазақ әскери әрекеттердің жүргізілуі жағдайында олардың өміріне нақты қауіп төнген Ауғанстанда өмір сүріп жатыр.

Шетелде тұратын көптеген «оралмандар», Қазақстанда отандастарын осылай атайды, өз Отанына қайтып келді. Тек қана Монғолиядан Қазақстанға алғашқы үш жыл ішінде 60 мыңнан астам қазақ келді. Қазір репатрианттардың келуі едәуір азайды. Оның себебі Ауғанстанда әскери әрекеттердің жүргізілуіне, экономикалық және саяси факторларға байланысты республика отандастарын толық шамада қабылдауға, оларды пәтермен, жұмыспен қамтамасыз етуге, әлеуметтік проблемаларын шешуге дайын емес. Репатрианттар үшін "Отанында төселу" қиындығы бар, соның ішінде олардың көбісінің білім деңгейінің төмендігі, Қазақстанның қазіргі экономикалық ақиқаттарына қиыншылықпен бейімделуі себепті.

Қазақстандағы көші-қон процесін талдау кезінде босқындар санының өсіп келе жатқанын есепке алмауға болмайды. БҰҰ Жоғарғы комиссарының мәліметтері бойынша, Қазақстанда 2000 ауған, 6000 шешен және 600 тәжік босқындары тіркелген.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы этникааралық қатынастардың жағдайы тұрақтылықпен және қолайлы динамикамен сипатталады. Халықтың барлық этникалық топтары этникааралық өзара әрекеттесудің көп этникалы ұжымында жұмыс істеу, басқа ұлт өкілдерімен ынтымақтастық және өзара әрекеттесу сияқты түрлеріне жоғары толеранттылық пен әзірлікті білдіреді.

Этникааралық қатынастар саласындағы позитивті сәттерге қарамастан, этностар өкілдерімен өзара қатынастарда қол жеткізілген тепе-теңдік «қатып қалған» құбылыс болып табылмайтын жағдайды ескеру керек. Оларда үнемі белгілі өзгерістер болып жатады.

Көптеген онжылдықтар бойында Қазақстанда әр түрлі этностар өкілдері өмір сүрді және олар қазақстандық ерекше менталитетті, оның ерекше рухани күйін жасады. Ол оқшауланғандықты, ұлттық мұқтаждықтарды жақтырмағандықты білдіреді. Қазақстандықтар мәдениеттердің қалыптасқан қауымдастығын қадірлейді. Қазақстандағы әр түрлі этнос өкілдерінің мәдени қатынастарының ұзақ тәжірибесі елдегі көптеген халықтың ұқсас мәдени бағдарларын жасауға көмектесті. Сонымен бірге олар Қазақстанда ұлтаралық төзімділік мен өзара құрмет атмосферасын құруға мүмкіндік туғызды.

Жергілікті этнос – қазақ халқының – өзінің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін ғасырлар бойы күресуіне тура келді. Уақыттың сынағынан өткен қазақ халқының тарихы бай және күрделі. Бірақ, соған қарамастан, ол үшін ең бастысы – басқа халықтармен бейбітшілікте, келісімде және тату көршілікте өмір сүруге талпыныс. Сонымен бірге қазақ халқы менталитетінің негізгі ерекшеліктерінің бірі – басқа халықтардың мәдениетіне, дініне, дәстүрлері мен салттарына деген құрмет. Халықтар мәдени құндылықты бекіту, біздің қоғамымызды рухани біріктіру белесінде жақындасады. Қазақстан тәуелсіздігі ел аумағында тұратын барлық халықтардың ортақ мәдени және рухани құндылықтарымен нығайтылған. Ұлттық мәдениеттердің жетістіктері, олардың диалог, инновациялар, өзара әсерлесу және байытылу үшін ашықтығы барлық қазақстандықтардың жалпы ұлттық игілігі болды. Сөйтіп, республикада

тұратын этникалық диаспораларға маңызды миссия бөлінеді, ол – Қазақстан мен басқа мемлекеттер арасындағы мәдени диалогтың көпірлері болу.

Бүгінгі күні Қазақстанда елдің этномәдени алуан түрлілігін қоғамдық дамудың позитивті факторына айналдыру үшін барлық алғышарттар бар. Барлық ұлттар мен халықтар - қазақтар, орыстар, украиндар мен немістер, өзбектер мен ұйғырлар, басқа этностар өкілдері - өздерін Қазақстан халқының жана мәдени ортақтастығын құраушылар ретінде сезінеді. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың пікірі бойынша, «Әрбір қазақстандық азамат өзінің ұлттық тиесілілігіне қарамастан, Қазақстан – бұл оның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға үнемі дайын болатын, оның қанына сіңген туған мемлекеті екенін сезінуі тиіс. Тек осы жағдайда ғана қазақстандық патриотизм сезімін арттыру және тәрбиелеу үшін түпкілікті негіз пайда болады, тек осы жағдайда ғана отандастар қазіргі уақытта Қазақстан ретінде бүкіл әлемге әйгілі мемлекетке тиесілілігі үшін мақтаныш сезімін байқайды».

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.А. 10 лет Ассамблее народе Казахстана. Астана, 2005.
2. Н. Назарбаев – основатель Казахской модели межэтнического и межконфессионального согласия //Под ред. Ж.А. Алиева. Алматы, 2005.
3. Платонов Ю.П. Психология национального характера: Учебное пособие. М.: 2007.
4. Стефаненко Т.Г. Этнопсихология. М.: 2000.
5. Садохин А.П. Введение в теорию межкультурной коммуникации. М.: 2005.





**Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан  
Республикасындағы тілдердің қалыптасуы мен  
дамуын қамтамасыз етудегі инициативасы**

*Қарағанды мемлекеттік техникалық  
университетінің  
«Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының  
аға оқытушысы, ф. э. к.  
Н.Т. Нығметова*

Қазақ елі тәуелсіздіктің жиырмасыншы жылына да қадам басты. Еліміз егемендігімізге қол жеткізген күннен бастап, мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев осы күнге дейін халықтар достығы мен ұлтаралық татулыққа ерекше назар аударып келеді. Осы жылдар ішінде Алатаудан бастап Арқа асқан, Алтайдан Атырауға дейінгі ұлан ғайыр қазақ жерінде бейбітшілік пен саяси тұрақтылық, ұлтарлық келісім берік орнады. Қазақ даласының кең байтақ төсінде сан ұлттың баласы өсіп-өніп, өркендеп келеді. Еркіндік, бірлік, тұрақтылық – міне, мұның барлығы Елбасының сындарлы саясатының нәтижесі.

Тәуелсіз мемлекетіміз құрылғалы бері еліміздің ішкі саясаттағы ең басты бағыттарының бірі – халықаралық деңгейдегі достық пен өзара сыйластық және ұлтаралық келісімді нығайту. Ұлтаралық қатынастар үйлесімділігін, халықтар достығы мен бірлігін нығайтуда тәуелсіз еліміз барлық жағдайды жасауда. Бұл тілдерді дамытуға және мемлекеттік тілді өркендетуге келіп тіреледі. Ұлттық құндылықтарымызды қайта қалыптастыру, жандандыру, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру – тіл саясатының маңызды бағыттарының бірі болып қала бермек.

Елбасының ұзақ ойланып-толғануының нәтижесінде Қазақстан Халқы Ассамблеясы институты құрылды. Мұны Біріккен Ұлттар Ұйымы басшылығының өзі де жоғары бағалады. Бүгінде қазақстандық бұл тәжірибені өзге де мемлекеттер қолдана бастады. Тәуелсіздігіміздің бастапқы кезінде кейбір шетелдік саясаткерлер еліміздің ең осал тұсы деп осы көп ұлттылығымызды атап көрсеткен болса, Елбасымыз бұл күрделі факторды елдің артықшылығына айналдыра білді. Соның нәтижесінде бүгінде өзге ұлт өкілдерінің өз балаларын қазақ балалар бақшасы мен мектебіне беруі, мемлекеттік тілде сөйлеп, ән салуы, телебағдарламаларды жүргізе бастауы көзге үйреншікті жағдайға айналып келеді.

Тәуелсіз Қазақстанда оңтайлы әлеуметтік-лингвистикалық кеңістік құру тіл саясатын кезең-кезеңмен іске асыру арқылы жолға қойылып отыр.

1989 жылы қабылданған Тіл туралы Заңның жаңа өмірдің, яғни тәуелсіздік талаптарына сәйкес келе бермейтін тұстары байқала бастады. Оны қайта қарап, қазіргі жағдайға сәйкес түзу қажеттігі туды. Сөйтіп

Н.Ә. Назарбаев 1997 жылы шілденің 11-інде «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңға қол қойды. Бұл құжаттың басты

ерекшелігі – Елбасының тікелей араласып, өз қадағалауында болуы. Сондықтан да болар айтулы мамандармен кеңесе отырып, ол заң баптарын негізінен өз қолынан өткізді десе болады. Мемлекеттік тіліміз де елмен бірге жетіліп, қолданыс аясын кеңейте түсті. Оның әрбір сатысынан Н.Ә. Назарбаевтың қолтаңбасын көруге болады.

1997-2000 жылдары аралығында қоғам өмірінің негізгі салаларында тіл құрылысының құқықтық негізі қалыптаса бастады. 1997 жылы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңы қабылданды және Тілдерді қолдану мен дамытудың 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

2001-2010 жылдары «Тілдерді қолдану мен дамытудың он жылға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру аясында тіл құрылысы стратегиясының мынадай үш бағыты айқындалды: мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту және нығайту, орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау, Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту. Сондай-ақ осы кезеңде Мемлекет басшысының бастамасы бойынша «Тілдің үш тұғырлылығы» ұлттық мәдени жобасын іске асыру жұмысы басталды.

2011-2020 жылдарға арналған «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді. Бағдарламаның мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты. Биыл бұл бағдарламаны іске асырудың алғашқы жылы өз жемісін бере бастады.

Қазақстан ұлт саясатының тағы бір тағылымы – мәдени плюрализм: әрбір этностық топтарға өз мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін сақтауға жағдай туғызу. Қазақстан Республикасы Ата Заңының 19-бабының 2-тармағында «Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқы бар» делінген.

Қазақстанда тұратын этностардың тілдерін мемлекеттік қолдаудың тиімді жүйесі құрылды (жалпы білім беретін 7516 мектептің 1524-і орыс тілінде, 58-і өзбек тілінде, 14-і ұйғыр тілінде, 2-еуі тәжік тілінде оқытады, 2097-сі – аралас мектептер; 2261 мектепке дейінгі білім беру мекемесінің 272-сі орыс тілінде, 3-еуі басқа тілдерде оқытады, екі тілде оқытатын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының саны – 808; этномәдени бірлестіктердің 190 жексенбілік мектебінде 30 этностық топ ана тілін үйренуде; Қазақстандағы 50 театрдың 9-ы аралас тілде, 15-і орыс тілінде, 1-еуі – корей, 1-еуі – неміс, 1-еуі – өзбек және 1-еуі ұйғыр тілдерінде).

1997 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан 33 жылдан кейін қандай болады? Біздің жас мемлекетіміз есейіп, етек-жеңін жияды, біздің балаларымыз бен немерелеріміз осы мемлекетпен бірге ержетеді. Олар білімі озық, денсаулығы түзік, өз буынының жауапкершілігі мол, қайратты өкілдері боп өседі. Олар ата-бабаларының салт-дәстүрін көзінің қарашығындай сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге бейім әрі дайын болады. Олар қазақ тілін де, орыс тілін де, ағылшын тілін де еркін меңгереді. Олар дүние жүзіне танымал,

беделді, бейбітсүйгіш, гүлденген, қарышты дамыған елдің патриоттары болады» деген еді.

Мемлекет басшысының осыдан он шақты жыл бұрын айтқан сөздері қазірдің өзінде іс жүзіне асып келе жатыр.

Бүгінгі таңда Қазақстан ұлтаралық келісімді сақтауда әлемге үлгі болып отырғаны белгілі. Еліміздегі ұлтаралық татулықтың қазақстандық үлгісіне бүгінде әлем жұртшылығы назарын аударып отыр. Ұлт пен ұлтты бір-біріне деген сыйластық, сенім және салт-дәстүріне көрсетілетін құрмет жақындастырады. Соңғы жылдары әр түрлі этностардың мәдени бірлестіктері де өз тілдері мен салт-дәстүрлерін жаңғыртумен қатар, мемлекеттік тілді де меңгере бастады. Қазақстандықтардың 35 пайызға жуығы өзге этностар екені белгілі. Адам тілді үйреніп, білген сайын өзге ұлттардың жан-дүниесін түсіне бастайды. Ең бастысы, Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдері де мемлекеттік тілді білу талаптарының уақытша науқан емес, бүгінгі күннің кезек күттірмес міндеті екендігіне көз жеткізді. Қазір өзге ұлт өкілдерінің арасында мемлекеттік тілді үйренуге деген сұраныс артты, қазақша еркін сөйлейтін басқа ұлт өкілдерінің қатары өсті. Осыны ұғына білген өзге этнос өкілдері «Қазақстанда тұрып, өз елімнің тілін білуім керек» деген патриоттық сезіммен мемлекеттік тілді үйреніп жатыр.

Елбасы көп жиындарда сөйлеген сөзінде патриотизмді мемлекеттік тілмен байланыстырып келеді. Қазақстан Халқы Ассамблеясының XII сессиясында Елбасы: «Мемлекеттік тіл – Ту, Елтаңба, Әнұран сияқты Отанымызды құрайтын символдардың бірі. Ол барлық азаматтарды біріктіруге арналады». «...мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда, қызмет көрсету саласында жұмыс істеу мүмкін болмайды», - деп атап көрсетті.

Н.Ә. Назарбаев Ассамблеяның XIII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Біз барлық қазақстандықтарды біріктіруші фактор – мемлекеттік тілді барынша дамытуға күш саламыз. Барша қазақстандықтардың орыс тілін білу деңгейі жоғары деңгейде қалуы үшін бар жағдайды жасаймыз. Барлық ұлттардың өз тілдерін үйренуге деген құлшынысын қолдаймыз», - деген болатын.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауының өзіндік жолы өзгеше. Жолдауда аса маңызды үш мемлекеттік бағдарлама атап өтілді. Басты бағдарламалардың бірі – тілдерді дамыту. Жолдауда мемлекеттік тіл мәртебесін одан әрі нығайтудың міндеттері белгіленді. «Қазақстандықтардың өзіміз өмір сүріп, еліміз жақсылықтарға бастап бара жатқан туған жерге атауын берген қазақ тілін құрметпен және лайықты оқып-үйрене бастағандығын атап өтудің өзі қуанышты», – деп айрықша тоқталып өтті.

Президент Жолдауында: «Бүгінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген ересек тұрғындардың үлесі басым көпшілікті құрайды. Бұл – Тәуелсіздіктің орасан зор жетістігі. Біздің міндетіміз – 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтардың санын 80 пайызға жеткізу». Ал Елбасының 2020 жылға қарай Қазақстан халқының кем дегенде 95 пайызы мемлекеттік тілді білетіндерден құралуы тиіс деуі – тіл тағдырына алаңдайтын қалың көпшіліктің

көңілінен шықты. Бұл – көптен бері халықтың көкейінде жүрген негізгі мәселелердің бірі.

Президенттің осы тапсырмасын орындау үшін Үкімет «2011-2020 жылдарға арналған «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» аясында нақты шараларды қолға алды.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек. Сонымен бірге елімізде тұратын барлық халықтардың өкілдері ана тілдерінде еркін сөйлеп, оқи алуына, оны дамытуға қолайлы жағдай тудыру қажет» деп атап көрсеткен болатын.

Ел бірлігі доктринасында мемлекеттік тіл ұлттық және рухани бірліктің басты факторы, негізгі басымдығы ретінде айқындалған. Оны меңгеру әрбір Қазақстан азаматының парызы мен міндеті саналып, жеке өзінің бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық өмірге араласуының белсенділігін айқындайтын ынталандырушы тетік болуға тиіс.

Жолдауда «Біз сол сияқты орыс тілін және өзге де қазақстандық этностар тілін дамытатын боламыз. Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін». Мемлекет басшысы жастардың шет тілдерін тереңірек меңгеруіне ерекше көңіл бөлуде және қазақстандықтардың үш тілді білуінің заман талабына сай екенін нақтылап отыр.

Қазақстан халықтарының ынтымағын нығайтуда, өз елінің өткен тарихы мен мәдениетін, тілін құрметтей білетін жастарды азамат ретінде қалыптастыруда мемлекеттік тілді жетік меңгертудің маңызы өте зор екенін уақыт көрсетіп отыр. Елбасының өз сөзінде «Енді он жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді біліп шығатын болады» деуі осының айғағы.

Қазақстанмен өз тағдырын байланыстыратын қазақтар 96 пайызды құраса, орыстар – 89 пайыз болып отыр. Сауал салғандардың 61 пайызы қазақ тілін елдің басын біріктіретін фактор деп мойындап отыр («Литер», 9.XII. 2010.).

Елбасының республикалық БАҚ журналистеріне берген сұхбатында «Ең алдымен, қазақ азаматтарының намысына салмақ салмай болмайды. Ана тілін білмеу қазақ азаматы үшін ұят саналуға тиіс. Осы 17 жылдың ішінде ол өзінің ана тілін үйренуге міндетті еді. Бұл талап ешқандай да адам құқығына қол сұғу ретінде қаралмауға тиіс. Бұл – парыз, Адамдық парыз. Перзенттік парыз. Қазақ елі бар да қазақ тілі де болады. Өседі. Өркендейді. Мен «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деген сөзімді қайталағым келеді. Қазақ тіліне қамқорлық жасау менің перзенттік те, президенттік те парызым» деп ашылып айтты.

Қазақстан Республикасы - көп тілді және көп конфессиялы мемлекет. Қазақ елінің мәдениеті және қазақ тілі өзінің айналасына барлық этностарды шоғырландырып отыр. Қазақстанда өсіп-өніп жатқан, еңбек ететін,

Қазақстанды Отаным дейтін барлық азаматтар үшін қазақ тілінде сөйлеу – парыз.

Қай мемлекеттің болмасын іс-қағаздары негізінен сол елде кеңінен қолданылатын тілде жүргізілетіні белгілі. Мұндай мемлекеттік маңызы бар тілді мемлекеттік тіл деп атайды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Сондықтан да қазақ тілінде сөйлеу – бүгінгі күннің талабы.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі А. Идигов «Нұр Отан» ХДП XIII съезінде «Мен тарихи осы съезде еліміздегі этномәдени орталықтардың атынан сөз сөйлеп тұрмын. Мен қазақ жерінде өскенімді, Қазақстанда ұрпақ өрбіткенімді ерекше мақтан тұтамын. Көпшілік айтқандай, Қазақстан менің екінші отаным емес, Қазақстан менің жалғыз ғана Отаным. Нағыз патриот ол кім? Нағыз патриот қандай болуы керек? Ұлтым басқа болса да, мен қазақпын! Тәуелсізбін, азатпын, мың өліп, мың тірілген, намысын бермеген қазақпын!» деп өз ойын ерекше толғаныспен жеткізді. «Нағыз патриот - ұлты кім болса да, елді, жерді сыйлап, құрметтейтін адам» деп және Елбасын ұлтын сүйетін, елін жанындай жақсы көретін патриоттықтың үлгісі ретінде атап өтті.

Қазақстан бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық жаңару мен саяси демократия кезеңін өткеруде. Бірлігі жарасқан, егеменді еліміздің болашағын көркейтіп, гүлдендіретін біздің жастарымыз.

Шетсіз-шексіз аймақта өмір сүріп отырған барлық ұлттар мен ұлыстар үшін Қазақстан – ортақ Отан. Қазақстанды Отаным деп санайтын әрбір азамат тек осы Қазақстанды сүйіп, осы елдің азаматы болуы керек. Қай уақытта болсын Қазақстанды қорғап, елдің дамуына өз үлесін қосуы қажет. Бұл – әсіресе, Қазақстандағы басқа ұлт өкілдерінің міндеті.

Тіл өз халқының мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік құрылысын, дүниетанымын бейнелеп қана қоймай, болашақ ұрпақты қалыптастыруда маңызды және шешуші рөл атқарады. Өркениетті қоғамда тіл адамзаттың баға жетпес құндылығы деп саналады. Әр халықтың тарихи дәуірдегі экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени қарым-қатынасы ең алдымен оның тілінен көрініс табады. Қоғамымыздың тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, рухани жақтан да жаңғыруына, дамуына сәйкес, ана тіліміздің қоғамдық, әлеуметтік, мәдени қолданыс өрісінің кеңеюіне байланысты сөйлеу мәдениетін арттыру, сөздерді әдеби норма талаптарына сай қолдану, дұрыс жазу, сөйлеу мәселелеріне ерекше көңіл бөлудің қажеттігі айқын болып отыр. Қазақ тілінің өз мәртебесіне сай деңгейде, қолданылуын қамтамасыз етудің маңызы зор. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің құны мен маңызының арта түскені даусыз. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілуі тіліміздің дамып, жан-жақты өркендеуіне тиісті іс-шараларды жүргізуді талап етеді.

Бүгінгі таңдағы мемлекеттік саясат мемлекеттік тілді дамытуға, оның жүзден астам этносты біріктіріп, ұйыстырушы ролін күшейтуге бағытталған. Биылғы Жолдауда «Түпкі мақсатымыз – еліміздің тәуелсіздігін баянды ету қазақтың ұлт болып өркендеуіне жол ашу. Тілі мен мәдениетінің кең құлаш жаюына мүмкіндік туғызу» делінген. Елбасы Тәуелсіздікті баянды етудің бірден-бір жолы осы екенін көрсетіп берді.

1989-90 жылдарда мектептерде 910 мың бала таза қазақ тілінде білім алса, қазіргі дерек 1,5 миллиондық деңгейге жетті. Бұдан он жыл бұрын теледидар мен БАҚ-тағы ана тіліміздегі хабарлар мен жарияланымдар 50 пайызға жетпесе, бүгіндері ол 80 пайызға көтерілді. Іс қағаздарының айналымы 80 пайызға өсті, яғни 10 есе көбейіп отыр. Ел халқының 95 пайызы қазақ тілін білуі керек деген тапсырманың жүзеге асатынына алғышарттар жасалған. Ұлт ұстазы А. Байтұрсыновтың «Тілі жоғалған ұлттың өзі жоғалады» дегені көп ойларға жетелейді. Тәрбие негізі отбасынан, балалар бақшасы мен мектептердегі терең тәлімнен қаланады. Қазір балалар бақшасының 87 пайызы, мектептердің 80 пайызы қазақ тілінде тәлім-дәріс береді.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының қолдауымен «Мемлекеттік тілді дамыту» Президент қоры мен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына тарту ретінде «Елбасы және мемлекеттік тіл» атты жинақты шығарды. Бұл кітапқа Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің 20 жыл ішіндегі мемлекеттік тіл саясатының негізгі бағыттарын танытатын құжаттары енген. Сонымен қатар жинаққа Елбасының мемлекеттік тіл туралы ойлары, оның басшылығымен қабылданған заңдар мен бағдарламалары, Қазақстан халқына жыл сайынғы дәстүрлі жолдауында тілге қатысты айтқан ұсыныстары мен пікірлері топтастырылған.

«Мемлекеттік тілді дамыту» Президенттік қорының директоры А. Шәуеев: «Еліміздің тіл саясаты оның ішіндегі қазақ тілінің өркендеуі тіл мәселесінің басқа елдермен салыстырғанда қоғам бірлігін бұзбай, өркениетті түрде жүргізілді. Бұл - Тұңғыш Президентіміздің ерен еңбегінің жемісі екендігі сөзсіз», - деп атап өтті.

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметке тұрудың қажетті шарты ретінде мемлекеттік тілді білу де талап етілуде. Дегенмен, мемлекеттік қызметте қазақ тілін толық меңгермеген немесе білмейтін қызметкерлер саны аз емес. Қазақстанның кейбір өңірлерінде қазақ тілі толық мемлекеттік тіл функциясын атқармай отырғаны да жасырын емес.

Ғылым мен техниканың қарқынды дамуына орай жоғары білім беретін оқу орындарының құжаттарын да ұлттық тілде тиянақты да дұрыс жүргізу күн тәртібінен түспейтін мәселе болу керек.

Ендігі мақсат – Елбасы атап көрсеткендей, Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерекесі қарсаңында мемлекеттік тілді насихаттаудың тиімді іс-шараларын қарастыру, Жолдауда қойылған басты талаптарды іске асыру.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы.
2. Қазақстан Халқы Ассамблеясының XII, XIII, XVII сессияларында сөз сөйлеген Н.Ә. Назарбаевтың сөздері.
3. Айтбайұлы Ө. Мемлекеттік тіл және елбасы. Қазақ елі. 2010. №13-14. 3-4 б.



**Н.Ә. Назарбаевтың қазақстандық қоғамды демократияландыру мен заңды мемлекетті қалыптастырудағы рөлі**

*Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы*  
**Қарасартова М.М.**



*Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы*  
**Шорманбаева Д.Г.**

Заңды мемлекет — демократиялық мемлекет, мұнда құқықтың үстемдігі, заңның үстінен қараушылық, заң мен тәуелсіз соттың алдында бәрінің бірдейлігі қамтамасыз етіледі, адамның құқығы мен еркіндігіне кепіл беріледі және мемлекеттік билік ұйымының негізінде заң шығарушы, атқару және сот биліктері болып бөліну принциптері бар.

Қазіргі заңды мемлекет — бұл, халықтың құқығы мен еркіндігі, билікті іске асыруға (тікелей немесе өкілдер арқылы) қатысуы қамтамасыз етілетін демократиялық мемлекет. Бұл құқықтық және саяси мәдениеттің жоғары деңгейін, дамыған азаматтық қоғамды білдіреді. Заңды мемлекетте заңға сүйене отырып, өзіндік ой-пікірді сақтау және өзіндік көзқарастарды насихаттау мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, бұл, көбінесе саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің қалыптасуы мен қызметінде, саяси плюрализмде, баспасөз еркіндігінде және т.с.с айқын көрінеді.

Заң саласындағы нақты демократиялық қайта құрулар 80-шы жылдардың екінші жартысында, қайта құру жылдары, әсіресе, тамыздағы бүліктен кейін (1991 ж.) басталды. Заңды мемлекет принципін көпшілік мойындады, жазаланды, басқа да реакциялық институттар мен ережелер жойылды, демократиялық заң, сот әділдігі жүйесі (Қазақстан республикасының Конституциялық Кеңесі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Арбитраждық соты құрылды) дамыды. 1991 ж. Қазақстан Республикасының Парламенті сот реформасының тұжырымдамасын мақұлдады, ол заң шығарушы және атқарушы биліктерге өз қызметінің

тәуелсіз, мемлекеттік механизмде жеке беделді күш ретіндегі сот билігін бекітуге бағытталған.

Қазақстан Республикасының Парламенті 1991 жылы қабылдаған адамның және азаматтың құқықтары мен еркіндіктері Декларациясы, мемлекеттің адам құқығы мен еркіндігінің басымдылығын мойындайтындығынан, адамның құқықтары мен еркіндіктерін, намысы мен абыройын сақтау және қорғау – мемлекеттік биліктің басты міндеті екендігінен туындайды. Заңды мемлекетті қалыптастыру процесі саяси, заңды және басқа да кепілдерді білдіреді, олар осы конституциялық ережелердің шындығын, барлық адамдар-дың заң мен сот алдындағы теңдігін, мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігін қамтамасыз етер еді.

Заңды мемлекетті қалыптастырумен байланысты маңызды міндеттердің бірі ретінде заңның дамуы мен жетілуін, шын мәнінде жаңа құқықтық жүйені құруды қарастырған дұрыс. Кейінгі кезде өте көп заң шығару актілері қабылданды, олар мемлекетіміздің демократиялық, заңды мемлекет ретінде болашақта дамуына негіз болады. Бұл – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Декларация, Адам мен азаматтың құқығы мен еркіндігі Декларациясы, ҚР Азаматтық туралы заңы, ҚР меншіктілік туралы заңы, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қоғамдық келісім туралы шарт.

Көптеген онжылдықтар барысында, елімізде, ашық оппозициялық партияларды құру және олардың қызмет ету мүмкіндігін шектеген бір партиялық жүйе жұмыс істеді. Ресми, мемлекеттік идеология марксизм-ленинизм болып табылды. Қазіргі демократиялық заңды мемлекет түрлі қоғамдық ұйым-дар, саяси партиялар өзара әрекет ететін, ешқандай идеология ресми мемлекет-тік идеология ретінде қалыптаса алмайтын азаматтық қоғамды білдіреді.

Заңды мемлекеттегі саяси өмір идеологиялық, саяси әр алуандылық (плюрализма), көп партиялылық негізінде құрылады. Сондықтан, заңды мемлекетті қалыптастыру жолдарының бірі, осы жұмыс бағыттарының бірі тұлғаның және адамның құқығы мен еркіндігінің ең үлкен бөлігі жүзеге асырылатын мемлекет арасындағы маңызды буын ретінде қолданылатын азаматтық қоғамды дамыту; саяси плюрализмнің принциптерін бекіту болып табылады. Жалпы біздің қоғамның мемлекеттік және саяси өмірінің көптеген қайта құруларының жетістіктерін анықтайтын қажетті фактор қоғамдағы саяси және құқықтық мәдениет деңгейі болып табылады. Кейінгі уақытта азаматтарда ғана емес, сондай-ақ, мемлекеттік аппарат өкілдерінде де байқалған құқықтық нигилизмнен құтылу қажет. Конституцияны, заңдарды барлық мүшелердің, лауазымды тұлғалардың құрметтеуі мен сақтауы – демократиялық мемлекеттің ажырамас бөлігі.

«Саяси өзгерістердің біз үшін басты мақсаты – биліктің бір мезгілде елде саяси тұрақтылықты сақтап, біздің азаматтардың барлық Конституциялық құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз ете отырып, қоғам мен мемлекетті басқарудың барынша тиімді жүйесін қамтамасыз ете алатын



осы заманғы демократиялық пішініне қарай қадам басу» (Елбасының Қазақстан халқына Жолдауынан (2007ж. наурыз).

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес, Қазақстан саяси жүйені жанартуды жалғастыруда. 2007 жылы Конституцияға, сайланған заңға өзгертулер енгізілгені, Парламент өкілеттігі кеңейтілгені, жаңа қабылданған заңдарға сәйкес парламенттік сайлаулар өткізілгені, саяси партиялардың рөлін арттыруға бағытталған шаралар қолданылғаны, құқықтық-сот жүйесі жетілдірілгені, Мәслихаттардың ролі күшейтілгені мәлім.

Қазақстандағы демократияландыру және адам құқығының мәдениетін енгізу – бұл аздан көпке қарай, бір жетістіктен басқа жетістіктерге жылжу процесі. Бұл қатып қалған жағдай емес, бұл - еліміздің тарихи, мәдени және басқа да ерекшеліктеріне тәуелді процесс. Қазақстан бірте-бірте демократиялық, заңды мемлекетке айналып келе жатқаны анық. Қазақстан Республикасында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру процесіне азаматтық қоғам институттарын қатыстыру бойынша шаралар қолға алынып жатыр. Қазіргі таңда үкімет пен үкіметтік емес ұйымдардың арасында қоғам өміріндегі НПО мен БАҚ ролі, таңдап алынған заңдарды жетілдіру мен саяси партиялардың ролін кеңейту туралы белсенді диалог жүргізілуде. Қылмыстық құқық, сот органдары мен пенитенциарлық жүйе саласын адамгершілікпен жасау бойынша реформалар жүргізіліп жатыр, өлім жазасын алып тастауға алғашқы қадамдар жасалды.

Институционалдық жүйенің, мемлекеттік жүйенің жан-жақты реформасының және құқықтық реформаның негізі - адамды, оның өмірін, құқығы мен еркіндігін мемлекеттің жоғары құндылықтарымен жария ететін Конституция болып табылады.

Конституция ережелерін жүзеге асырудың нәтижелері сәтті қызмет атқаратын кәсіби екі палаталы парламент, тәуелсіз сот жүйесін және атқару органдарының құрылымын құру, көп партиялылықты бекіту, цензураға тыйым салу болды. Қазақстан адам құқығы саласында маңызды халықаралық келісімдерді бекітті. Бекітуді қажет етіп отырған адам құқығы бойынша Халықаралық келісімге қол қойылды. 2002 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды, онда мемлекеттік-құқықтық жүйені алдағы кезеңде қайта құру басымдылықтары анықталған.

Қылмыстық заңды алдағы уақытта ізгіліктендіру туралы Құқықтық саясат тұжырымдамасының ережелерін жүзеге асыру шеңберінде Елбасы 2003 жылғы 17 желтоқсанда өлім жазасына арналған мораторий және Қазақстан Республикасында өлім жазасының баламалары ретінде бас бостандығынан өмірлік айыруды енгізу туралы Жарлығына қол қойды. Ол елде өлім жазасын бірте-бірте алып тастаудың алдағы көзге түсер заңды көрінісі болып табылады.

Азаптауға қарсы БҰҰ Комитетінің ұсыныстарын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21 желтоқсандағы Заңымен «азаптау» ұғымы мен оларды әдейі қолдануға лауазымды тұлғалар жауапкершілік жүктеуді енгізген.

Қазақстан Республикасының Заңдары елдің бірте-бірте даму логикасынан шыға отырып қабылданады. Саяси жаңғырта жаңарудың әрбір жаңа кезеңі экономикалық молшылықтың, әлеуметтік дамудың, саяси мәдениеттің жетілген деңгейімен өзара тығыз байланысты болуы керек. Қазақстандық даму жолының негізін қалаушы принцип – бір уақытта саяси тұрақтылықты сақтап және азаматтардың конституциялық құқығы мен еркіндігін қамтамасыз ете отырып, қоғам мен мемлекетті басқарудың едәуір тиімді жүйесін қамтамасыз ете алатын қазіргі демократиялық билік түріне қозғалу. Сонымен, еліміздің даму логикасымен, ұлттық стратегиялық мүдделерімізбен ұсынылған шағын заңдардың ұсынылған блогында нәтижесін білдіреді.

«Елде алдағы уақытта демократияландыру үшін құқықтық негізді құру бойынша да үлкен жұмыс тұр. Өткен жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізіліп қабылданған түзетулерді жүзеге асыруға бағытталған заңдарды алдын ала қарастыру қажет. Алдымен, сөз, «Қазақстан халықтары Ассамблеясы туралы» заң жобасы туралы; «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы», «Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» Конституциялық заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша; жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бойынша, сонымен қатар, өлім жазасын ресми алып тастауды белгілейтін заң жобалары болады. Сонымен қатар, бізге саяси жүйемізді жетілдіруге мүмкіндік беретін тағы бірқатар қадамдар жасау керек. Бұл туралы мен Астанада өткен ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының сессиясында айттым», - деді Елбасы ҚР Парламентінің 2-ші сессиясының ашылуында (қыркүйек, 2008 ж.).

Қазақстан Республикасының қазіргі құқығы Конституция нормалары, оған сәйкес заңдар, республиканың халықаралық және басқа міндеттері, сонымен қатар, Республиканың Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативті қаулылары болып табылады. Қазақстан Республикасында шығарылатын құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келе алмайды. Конституция жоғары заңды күшке ие және республиканың барлық территориясында тікелей әрекет ете алады.

2-тарауда тіркелген адам құқығы мен еркіндіктері мәселелері бойынша; салықтар мен жинаулар жүйесі бойынша (35 б.); мемлекеттің бірыңғай құрылымы; өкілдік және атқарушы органдары ұйымдарының жалпы принциптері, Президент, депутаттар сайлауы, Парламентті құру және т.б бойынша конституциялық заңдарды қабылдау алдын ала қарастырылған.

Конституцияда жеке, азаматтық және саяси құқықтарға, сонымен қатар, осы құқықтардың кепілдігіне көп көңіл бөлінген. Жеке меншік құқығы заңмен қорғалады (6 б.). Жерге жеке меншік құқығы (21, 25 бб.), сонымен қатар, өз қабілеттерін және мүлігін кәсіпкерлік қызмет пен заңмен тыйым салынбаған экономикалық қызмет үшін еркін пайдалану құқығы (24, 26 бб.) белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 2-тармағында былай делінген: «Әрбір адам өз құқығы мен еркіндіктерін сот алдында

қорғауға құқығы бар». Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағы білікті заңгерлік көмек алу құқығын, айыпталушының сотта жауап беруден бас тарту құқығын; жоғарғы соттың шығарған үкімін қайта қарастыруға айыпталушының құқығын, сондай-ақ, жазаны кешіру немесе жеңілдету туралы сұрау құқығын жария етеді (15-б.). Қазақстан Республикасы-ның Конституциясымен ресми мәлімделетін де басқа адам құқығы мен еркіндігінің кепілі бар.

Қазіргі азаматтық қоғам құқығының бұрын аталған бірқатар ерекшеліктері арасында адам құқығы мен еркіндігі заң мен құқықтық саясаттың бағыттарының мақсаты болып қана қоймай, қандай да бір тәртіптің заңға сыйымдылығын анықтау кезіндегі тікелей белгісі, сот қорғауының тақырыбы ретінде құқықтық реттеудің мазмұнына кіретінін атап айтқан жөн. Осыдан, халықаралық сот әділдігі органдарында, мәлімдеушінің пікірі бойынша адам құқығына қысым жасалатын жағдайларда мемлекеттік актілерге шағым беру мүмкіндігі туындайды. Әрқайсының құқығы мен еркіндігіне соттың қорғау кепілдігі беріледі. Бұл қорғау Конституцияда жалпы ереженің (13 б.) болуымен ғана емес, бірқатар баптарда маңызды құқықтар мен еркіндіктердің – жеке салымдардың құпия сақталуы, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграфтық және басқа да хат-хабарларға (18 б.), тұрғын үйдің мүлтіксіздігі (25 б.), жеке меншіктілік құқығы (26 б.) сот қорғауына берілген нұсқаулардың арнайы тіркелуімен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасында адамның және азаматтың құқықтары мен еркіндіктеріне кепілдік беріледі, әрқайсысы өз құқықтары мен еркіндіктерін заңда қарастырылған барлық амалмен қорғауға құқылы (13 б.). Ешкімнің, оның ісін заңмен белгіленген соттың және судьяның қарастырған заңынан айыруға тиіс емес (75-б. 2-т., 84-б.). Осыған орай, Конституция алғаш рет сот тәжірибесіне жаңа институтты – сот ісіне қатысуға сайланған адамдарды енгізеді. Қылмыс жасауда айыпталушының өзінің ісін сот ісіне қатысуға сайланған адамдарды қатыстыру арқылы сотта қарастыруына құқығы бар (75-б, 2-т.). Нақты өмірде азаматтардың құқығы мен еркіндігі жаппай бұзылуда (біздің елімізде ғана емес, дүниежүзінде де), бұл - халықтар құқығына жататын халықаралық актілердің бұзылуымен, азаматтардың құқықтық теңдігінің бұзылуымен, экстремистік күштердің конституцияға қарсы мақсаттарда құқықтар мен еркіндіктерді пайдаланылуымен, заңды қарапайым орындамаумен байқалады. Қазақстанда қазақстандық азаматтардың құқығы мен еркіндігін, олардың нақты кепілдігін қамтамасыз ететін арнайы құқықтық механизмдер жоқ. Ресми түрде азаматтардың құқықтары мен еркіндіктері жария етіліп қана қоймай, сонымен қатар, ең қарапайым адам құқықтары мен еркіндіктерінің айқын бұзылуы да өмірде кездеседі.

Н.Ә. Назарбаев Халыққа Жолдауында: «қазір Қазақстанның демократиялық мемлекетке түрленуінің маңызды кезеңі аяқталуда. Конституция негізінде демократиялық билік жүйесі қалыптасып келеді» - деді.

Қоғамның саяси жүйесін демократияландыру бірнеше негізгі бағыттар бойынша өтеді.

Біріншісі. Сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайту, құқықтық реформа

2000 жылғы бірінші қыркүйекте «Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту бойынша шаралар туралы» Жарлығы бекітілді. Жоғарғы Соттың жанында сот әкімшілігі бойынша Комитет құрылды. Осылайша, сот қызметтерін қамтамасыз ету функциясы Әділет Министрлігінің қарамағынан елдің жоғарғы сот органына тапсырылды. Сот жүйесінің дербестігін қамтамасыз етудегі алдағы қадам Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялардың заңды орнын анықтайтын жаңа конституциялық заңның қабылдануы болуы керек.

Сонымен қатар, құқықтық реформа шеңберінде ІІМ құрайтын орындар жүйесін Әділет Министрінің құрамына тапсыру қамтамасыз етілетін болады.

Екіншісі. Уәкілдік билік органдарының өкілеттіктерін кеңейту

«Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» жаңа Заңы жергілікті уәкілетті және атқарушы органдарының өкілеттіктерін нақты шектеуі тиіс. Соның ішінде, әкімдердің қызметін бақылау және жергілікті бюджеттерді орындау мәселелерінде мәслихаттардың өкілеттігін кеңейту қажет.

Парламент Конституцияны өзгертуге, кез келген министрді лауазымнан алып тастауға дейін, тіпті Премьер-министрді де алып тастау механизмімен қоса нақты билікке ие; санау комитетін, көбінесе парламент қалыптастырады.

Бірақ, Санау комитеті жеткілікті түрде белсенді емес екенін айту қажет. Парламентте Санау комитетін кадрлық нығайтудың барлық мүмкіндіктері бар, және осы институт арқылы мемлекеттік бюджеттің орындалуын бақылауға болады.

Үшіншісі. Сайланушылықты кеңейту және сайлау заңын жетілдіру

Төртіншісі. Азаматтық қоғам институттарын нығайту

Әр түрлі халықаралық ұйымдармен, мемлекеттік және мемлекеттік емес басқа елдердің құрылымдарымен ынтымақтастықты тереңдету; мемлекеттің және этникалық топтардың мүдделерін теңгеру үшін этникааралық қарым-қатынастар саласында шетел мемлекеттерімен, халықаралық институттармен мемлекеттің және азаматтық институттардың өзара әрекет ету механизмін жетілдіру мен нығайту; өмірге азаматтық қоғам мен халықаралық ұйымдардың билікке деген сенімін нығайтуға және күшейтуге бағытталған шаралар кешенін іске асыру; халықаралық ұйымдармен, мемлекеттік органдармен және шетелдік мемлекеттердің ұқсас ұйымдарымен ғылыми-практикалық конференцияларды, семинарлар мен басқа да білім беру және мәдени шараларды өткізу тәжірибесін іске асыру; этникааралық, көші-қон процестерін реттеу мәселелеріндегі жеке жағымсыз тенденцияларды саясаттандыру мен бейтараптауды төмендету үшін шетелдердің халықаралық ұйымдарының және мемлекеттік емес құрылымдардың мүмкіндіктерін пайдалану.

Қазақстан бірінші жылдары өз тәуелсіздігінде демократиялық мемлекетті құрудың пайдасына тарихи таңдау жасады және әлі де республика басшылығы осы таңдауды қолданады. Бүгінгі күні Қазақстанда саяси

ұстанымдар мен қарама-қарсылықтардың теңгерілген жүйесіне негізделген заңды мемлекет құрылады және нығайтылады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Стратегия «Қазақстан - 2030». Алматы, 1997.
2. Новый Қазақстан в новом мире: Послание Президента страны Н.А. Назарбаева народу Казахстана //Қазақстанская правда. 2007. 1 марта.
3. Повышение благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики: Послание Президента страны Н.А. Назарбаева народу Казахстана. //Қазақстанская правда. 2008. 7 февраля.
4. К. Масимов. «Модель Назарбаева». Ответ на глобальный вызов //Қазақстанская правда. 2008. 5 июля.



**Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы  
Қазақстан халқына Жолдауы – қоғам дамуының  
стратегиялық бағыты**

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының  
доценті, т.ғ.к.  
Сүлейменова М.Ж.*

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – көпшілікпен мойындалған, Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап жас мемлекеттің дамуын айларға емес, ондаған жылдарға жоспарлай білген көрнекті стратег.

1992 жылы «Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу және даму стратегиясы» пайда болды, мұнда қазақстандық қоғам мен мемлекеттің жаңғырта жаңаруының негізгі принциптері баяндалған. Одан кейін, 1996 жылы, Н.Ә. Назарбаев, өзінің «XXI ғасыр қарсаңындағы» ойларында тәуелсіз Қазақстанның бейімделіп жаңғырта жаңаруының тұтас тұжырымдамасын баяндады.

Қазақстандық қоғамның ілгерілемелі дамуды қамтамасыз ететін бағдарламалық құжаттары жыл сайынғы Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы болып табылады.

Жыл сайынғы жолдаулардың қатарында, маңызды орынға, Президент ұсынған 1997 жылғы «Қазақстан-2030» Стратегиясы ие, мұнда алғаш рет Қазақстанның ұзақ мерзімді даму мақсаттары құрылған және оларға жетудің нақты жолдары анықталған. Президенттің пікірі бойынша, Стратегия Қазақстанның аман қалу моделінен алға қарай даму моделіне даму парадигмасын үзілді-кесілді өзгертті. Осы контексте әзірленген және тәжірибеде кейінгі жылдары жүзеге асырылып келе жатқан бұрынғы жеті басымдықтар - өзекті. Бұл – ұлттық қауіпсіздік, ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның нығаюы, шетелдік инвестициялардың жоғары деңгейімен дамыған нарықтық экономикаға негізделетін экономикалық өсу, Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білім алуы мен жақсы тұрмыстық жағдайы, энергетикалық ресурстар, инфрақұрылым, әсіресе, көлік пен байланыс, сондай-ақ, кәсіби мемлекет.

КСРО кезінде Қазақстан өзіндік экономикалық саясатты жүргізген жоқ, себебі өндіруші күштердің барлық даму мәселелері Орталықтан, жалпы одақтық еңбек бөлінісі және бірыңғай табиғи-шаруашылық кешені шеңберінде анықталды.

Құжатта Президент кешегі өткен өмірімізде жасырын жатқан ауыр жағдайдың себебі анық баяндалған. Әкімшілік-аймақтық жүйе, күрделілігі мен көп сатылығына қарамастан, осы немесе басқа басқарушылық шешімдерді тез және тиімді өткізуге мүмкіндік берді. Бақылау әскери, саяси, әкімшілік, сот,

және ең бастысы, партия желісі бойынша өтті. Сталинизм жылдары құрылған бұл жүйе, елдің тіреуіш, базалық, қатып қалған жүйесі болып табылды.

Қазақстанның геосаясатының тәуелсіздік алуына байланысты өзгеруі және шаруашылық жүргізудің нарықтық негіздеріне көшу, реформаларды жүзеге асыру кезінде болған өзгерістерді ескеру арқылы болашақ мақсаттарды, стратегиялық және тактикалық міндеттерді негіздеу қажеттілігін алдын ала анықтайды. Мемлекеттің маңызды ұзақ мерзімді басымдылығы шетелдік инвестициялардың жоғары деңгейімен дамыған экономикаға негізделген экономикалық өсу болып табылады.

«Қазақстан – 2030» Жолдауында инвестиция мәселесіне үлкен назар аударылады. Президенттің Жарлығы бойынша инвестициялар жөніндегі Мемлекеттік комитеті құрылды, оған тікелей инвестицияларды қолдауға саясат жүргізу құқығымен жалғыз мемлекеттік орган статусы берілді.

ҚР 1997 жылғы 28 ақпандағы қабылданған «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заңы инвесторларға жеңілдіктер мен преференцияларды ұсынды, мысалы, 5 жылға және одан кейінгі жылдарға салықты азайту. Осы құжаттың негізгі мақсаты – едәуір маңызды өндірістерді және қызмет салаларын қолдауды, экономиканың шикізаттық бағытын жеңіл шығуды қамтамасыз ету. Құрылған инфрақұрылымнан, сонымен қатар, мемлекеттік сыртқы қарыздардың есебінен қаржыландырылған объектілерден келіп түсетін қаражаттарды мұнай өнеркәсібінің шикізат базасына, көлік, энергетика, металлургия және машина жасау мәселелерін шешуге пайдалану көзделген.

Бөлінген қаражатты мақсатты игеру ел экономикасының қайта қалпына келтіру қарқынын арттыруға және жеке кәсіпорындарда өнімнің өсімін алуға мүмкіндік береді.

ҚР «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заңына сәйкес, едәуір маңызды өнімдердің тізіміне инвестицияларды тарту үшін жаңа жоғары технологиялық машиналарды, жабдықтар мен құралдарды, өнеркәсіптік электроника және электр-техникалық өнім өндірісін шығару енгізілді. Инвестициялардың осы өнімге күтілетін ағыны машина жасаудың шығарылған өнімін қайта жандандыруға және жаңа өнім түрлерін шығаруды реттеуге мүмкіндік береді.

Президент, өз Жолдауында кәсіпорындарды жекешелендіру жалпы аяқталған және энергетика мен көмір өнеркәсібінің, мұнай газ кешені мен металлургия кәсіпорындарының басқаруына тапсыру ғана қалады. Өндірістік объектілерді басқаруға және тендерлік сату шарттарына келісімнің шарттары еңбекақы және бюджетке ақша аудару бойынша қарыздарды өтеуге, айналымдағы қаражатты толықтыруға және өндірістің жаңғырта жаңаруына инвестицияларды қосуға, шикізат базасын дамытуға және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған.

Шетелдік инвестициялардың жоғары деңгейімен дамыған нарықтық экономикаға негізделетін экономикалық өсім алғашқы екі саяси-әлеуметтік басымдылықтарды, яғни «Ұлттық қауіпсіздікті» және «Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның нығайтын» жүзеге асырмайынша іске асырылуы мүмкін емес.

Өз тәуелсіздігіміз бен аймақтық тұтастығымызды қамтамасыз ету үшін мықты мемлекет болып, көршілес елдермен сенімді және достық ынтымақтастықта болуымыз керек. Сондықтан, біз, жақын көршілеріміз – Ресеймен, Қытаймен, Жақын және Орта Шығыс елдерімен сенімді және тең құқықты қарым-қатынастар дамытатын және нығайтатын боламыз.

Үшінші құрамды бөлігі халықаралық институттар мен форумдардың көмегі мен жәрдемдесуі (БҰҰ, ХЖФ, Дүниежүзілік банк, Азия, Еуропа және Ислам) болып табылады, бұл Қазақстанға халықаралық қауымдастықтың тарапынан қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

Стратегияның төртінші элементі бай табиғи ресурстарды игеру болып табылады, олар елдің ұлттық тәуелсіздігін және аймақтық тұтастығын қорғауға, қазақстандық патриотизмді дамытуға сенімді негіз бола алады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша басымдылық біздің ішкі саяси қызметіміз бен Қазақстанның жетекші әлем елдерімен өзара тиімді қарым-қатынастар қалыптастыруына байланысты. Республиканың этникалық құрамы әр алуан, сондықтан, тек кез келген бір елмен қарым-қатынас жасаумен ғана шектелмеу керек.

Ең басты назар ҚР Қарулы Күштерін құруға және жаңғырта жаңартуға, олардың кәсіптік дайындығының және жауынгерлік әзірлігінің деңгейін жоғарылатуға, қазіргі қару-жарақтармен жабдықтауға аударылады.

Сонымен қатар, күшті демографиялық саясат қажет, сыртқы көші-қон салдарынан ғана емес, табиғи түрде болып жатқан халықтың санының азаюын төмендету керек. Бұл тенденция дереу тоқтатылуы керек.

Қазақстанның алдағы әлеуметтік-экономикалық дамуын Президент өзінің кезекті «Бәсекеге қабілетті Қазақстанға, бәсекеге қабілетті экономикаға, бәсекеге қабілетті ұлтқа» атты Халыққа Жолдауында анықтап көрсетеді.

Қазақстан Президенті, өзінің бағдарламалық сөйлеген сөзінің кіріспе бөлімінде, Қазақстан транзиттік экономикасы бар мемлекеттердің арасында ең жігерлі дамып келе жатқан елдердің бірі болып саналады, болжамдар бойынша ағымдағы жылда да көшбасшылық орнын сақтайды деп атап өтті. Қазақстан ірі әлемдік форумдарды өткізу орнына айналды: Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары бойынша кеңестер, әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының бірінші Съезі.

Қазақстан өзінің дамуын, мақсатқа бағытталған дамуын «Қазақстан - 2030» ұзақ мерзімді Стратегиясына толық сәйкестікте жалғастырады.

Қазір күн тәртібінде Қазақстанның әлемдік қауымдастықта бәсекеге қабілеттілігі туралы, экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігі және қазақстандықтардың - ғалымдардың, менеджерлердің, бизнесмендердің, мамандардың, қызметкерлердің бәсекеге қабілеттілігі туралы мәселе тұр. Ал оны шешу үшін бізге экономикалық, дәл солай әлеуметтік саладағы еуропалық стандарттар жетістігінің Стратегиясын әзірлеуге көшу қажет.

Жолдауының бірінші бөлімінде Президент 2005 жылға арналған экономиканың даму бағыттарын анықтады:

- жүйелік реформалар мен бюрократияландырмауды жалғастыру арқылы экономиканы ырықтандыру мен бәсекелестікті одан әрі дамыту;



- қазақстандық экономиканың ашықтылығын күшейту;
- шаруашылық-инновациялық даму Стратегиясын жүзеге асыру;
- ауылдың бағдарламалық дамуын жүзеге асыру;
- инфрақұрылымды дамыту.

Жоғары өсу қарқындары мен бәсекеге қабілеттілік, көбінесе экономиканы бюрократияландырмауға байланысты.

Ұлттық экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігі әлемдік экономикаға шоғырлану жағдайында ғана жетілуі мүмкін. Маңызды міндет Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына енуін белсенділендіру болып табылады.

Қазақстандық капиталдың шетелге қозғалуын, олардың сыртқы рыноктарды игеруін қолдау және көтермелеу қажет.

Шаруашылық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру мақсатында даму басымдылықтарын, сонымен қатар, барлық болашақ қазақстандық субаймақтық және аймақтық кластерлерді (бәсекеге қабілетті салалардың жиынтығы) анықтау маңызды. Ал даму институттары қойылған мақсаттарды жүзеге асыруда тиімді құралдарға айналуы керек.

Бізге елдегі агробизнесінің бәсекеге қабілетті жүйесін қалыптастыру міндетін шешу алға қойылған. Ол үшін заң шығарушы актілердің, ең алдымен, Жер, Су және Орман кодекстерінің нақты орындалуын қамтамасыз ету керек.

2005 жылдың аяғында қабылданған аграрлық бағдарламаларды ескерумен ауылдың тіршілігін жақсарту, бәсекеге қабілетті өнімді шығару, импорттың орнын толтыру және экспорттық мүмкіндіктерді кеңейту үшін жағдай жасалуы тиіс.

2005 жылы Астананың халықаралық әуежайының жаңа объектілері іске қосылды, Ақтөбеде ұшу-қону алқабының құрылысы басталды.

Осы саясаттың мәні қалың бұқара топтары үшін тұрғын үй алуға, олардың құнын арзандату, тұрғын үй несиесінің мерзімін ұзарту, алғашқы жарнамаларды және несие мөлшерлемелерін төмендету арқылы қамтамасыз ету болып табылады. Бұның бәрі мемлекеттің халық табысының мүлтіксіз артуы бойынша жүргізілетін саясатының аясында іске асырылуы керек.

Құрылысты арзандату мақсатында тұрғын үй инфрақұрылымын қаржыландыруды жергілікті билік өз мойнына алуы керек. Қойылған міндет алдағы 3 жылдың ішінде жүзеге асырылуы керек.

Үкімет пен әкімдер жаңа ауруханалар мен медицина мекемелерінің құрылысын қамтамасыз етуі, сонымен қатар, іске қосылғандарын күрделі жөндеуді іске асыруы керек.

Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі, ең алдымен, оның білімділігінің деңгейімен анықталады. Халықаралық деңгейге білім беру жүйесін көтеру үшін 12-жылдық білім беру жүйесіне көшу керек.

Әкімдерге 2005 жылы кемінде 75% мектептердің Интернетке қосылуын қамтамасыз ету қажет. Үкімет, Әкімдер мектептерге телефон орнатуды тез жеделдетуі керек.

Басымды мәселелердің ішінде әлеуметтік мәселелер болған және бола береді. 2005 жылдан бастап «Міндетті түрде әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңы іске қосылуы керек.

2005 жылы зейнетақылардың мөлшерін, ең төмен зейнетақы мөлшерін 6200 теңгемен бекіте отырып, инфляция деңгейін қуып жету арқылы индекстеу қажет. Зейнетақылардың орташа мөлшері көтерілгеннен кейін 9252 теңгені құрады. Жалпы республикалық бюджет есебінен әлеуметтік қамтамасыз етуге 2005 жылы 33 млрд.теңге бөлінді.

Осы міндеттердің шешілуі, көбінесе, мемлекеттік қызметкерлердің саны мен сапасына, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігіне байланысты. Артық функциялар мен буындарды қысқарта, басқару процесін орталықтанудан босатып атқару билігінің құрылымын жетілдіруді жалғастырған жөн. Сол уақытта министрліктер мен ведомстволардың, оларға жүктелген міндеттерін орындауға жауапкершілігін күшейту және ондағы рөлін анықтау қажет.

Ішкі саясат саласында, Президенттің алдыңғы Жолдауында аталған 5 бағыт шеңберінде қоғамымызды демократияландыру бойынша жұмыс жалғасын табуда. Біз үш принциптік элементтерге: азаматтық қоғам институттарының дамуына, орталықтандырмауға, тұрақты саяси-партиялық жүйені құруға қосымша тоқталуымыз керек. Азаматтардың тұрақтылығын, демократиясын және құқықтарын қорғауды нығайту бойынша қадам жасау қажет.

Біріншіден, жаңа өнертабыстық механизмдерді енгізу, саяси процестің әрбір субъектісінің рөлі мен орнын анықтау мәселелерін қарастыру. Одан әрі өзіндік саяси-партиялық жүйені, партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметін реттейтін заң нормаларын жетілдіре келе дамыту керек.

Жаңа сайланатын заңның нормалары барлық деңгейлердегі сайлау комиссияларының қызметіндегі профессионализм мен айқындылықты жоғарылатуға бағытталған. Сайлау блоктарының қызметін заңды реттеу туралы сұрақ өзекті болып табылады.

Екіншіден, үнемі әрекеттегі жиналыста қабылданған шешімдер Парламентте өз өкілдері арқылы, ГПҰ – нақты әлеуметтік маңызды жобалардың қатысуы арқылы жүзеге асырылуы маңызды.

Біз үшін аймақтық және халықаралық күштердің, соның ішінде, халықаралық терроризммен, діни экстремизммен, есірткі трафигімен және басқа қазіргі адам үшін қауіп-қатерлермен күресуде нығаюы аса маңызды.

Бүгін Қазақстан барлық көршілес мемлекеттермен тұрақты, жақсы қарым-қатынастарға ие. Қолайлы халықаралық ынтымақтастықтың берік жүйесі құрылған. Қазақстанның сыртқы саясаты еліміздің экономикалық жедел дамуына, оның әлемдегі маңыздылығын жоғарылатуға бағытталуы керек.

Келесі «Жаңа Қазақстан жаңа әлемде» Жолдауында Н.Ә. Назарбаев келесі сұрақтарға өз назарын айқын аударады:

1. «Қазақстан-2030» Стратегиясының 10 жылдығы. Қазақстан өзінің экономикасы мен мемлекеттілігінің мықты іргетасын қалап, жаңа даму кезеңіне енді.

2. Қазақстандықтардың өмір сапасын жақсарту.

3. Қазақстандық дамудың жаңа кезеңі. Жан-жақты жаңғырта жаңаруды тездету.

4. Бәсекеге қабілеттілік – Қазақстанның әлемдік экономика мен қоғамдастыққа табысты кірігуінің кілті.

5. Жаңа кезеңнің негізгі міндеттері.

6. Қазақстандық патриотизм және саяси еркіндік жаңа Қазақстанды құрудағы маңызды фактор ретінде.

Президент, экономиканың және мемлекеттіліктің мықты іргетасын қамтамасыз ете отырып, жаңа Қазақстан мүлдем жаңа кезеңге сеніммен кіреді деп санайды. Бұл республиканың алдағы дамуын тұрақты, қазіргі заманға сай және болашағы мол экономикалық, әлеуметтік, саяси және әкімшілік негізге қоюға мүмкіндік береді. 1997 ж. «Қазақстан-2030» Стратегиясын қабылдаумен нарықтық экономика теоремасы мен демократиялық дамудың аксиомаларын бірінен кейін бірін меңгере отырып, біртіндеп алға қарай жылжи бастады. Қазақстандықтар ішкі тұрақтылыққа қол жеткізді, әлеуметтік даму базасының сенімділігін қамтамасыз етті, аймақта үздік экономиканы құрды. Қазақстан халықаралық қауымдастықтың толық құқылы және жауапты мүшесі ретінде бекітілді және үшінші әлемнің мемлекеті болудан қалды.

Қазақстандықтардың өмір сапасының артуы туралы айта отырып, Н.Ә. Назарбаев, осы бағытта белгілі бір нәтижелерге жеттік деп белгілейді. Білім алушылардың стипендиялары өсті, оларға білім беру гранттары мен несиелері ұсынылды. Бюджеттік саланың және мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақысын біртіндеп жоғарылату жүріп жатыр, тұрмысы төмен отбасыларға бала 18 толғанға дейін ай сайын жәрдемақы, сонымен қатар көп балалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Жыл сайын зейнетақылық жәрдемақылардың мөлшерлері индекстеледі және жоғарылайды. Зейнетақылық төлемдердің дифференциалдық көбеюі бұрынғы еңбек стажына байланысты көбейді. Барлық зейнетақылық және әлеуметтік төлемдер елде уақытында төленеді. Президенттің тапсырмасы бойынша Үкімет халықтың әл-ауқатын жақсарту бойынша жұмысты жалғастырады, ең алдымен, өз назарын ана мен бақытты балалық шақты қамтамасыз ету үшін әлеуметтік қорғау мәселесіне, базалық зейнетақы мөлшерін көбейтуге, яғни Қазақстанның зейнетақымен қамтамасыз етілуін халықаралық стандарттарға сәйкес келуіне бөледі.

Одан әрі, Президент Қазақстанның жан-жақты жаңғырта жаңаруды сыртқы нарықтарда нығайту жолымен жеделдету туралы айтады, оның пікірінше, қазақстандықтардың қазіргі әлемде беделді орын алуын, әл-ауқатын арттыруды, өмір сүру деңгейін маңызды жоғарылатуды қамтамасыз ету керек. Белгілі бір жетістіктерге жеткен секторлардың қарқындылықтарын жылдамдату және Қазақстанның экономика және әлеуметтік өмір саласын қосқанда барлық салаларға жаңғырта жаңартуды тарату.

Жолдаудың 4-бөлімі әлемнің бәсекеге барынша қабілетті елу елінің қоғамдастығына қарай жедел жылжуына және оның тұрақты мүшесі ретінде Қазақстанның тұғырнамасын нығайтуға арналған. Бұл үшін ең басты шарт – Қазақстан тауарлары мен қызметтерінің озық халықаралық стандарттардың сапалық деңгейіне шығуы.

Н.Ә. Назарбаев, жаңа кезеңнің негізгі міндеттері келесі он міндетті шешу дейді:

Бірінші міндет – экономиканың тұрлаулы дамуын жай қамтамасыз етіп, ұстап тұру емес, оның өсуін басқару. Бізге экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің тұрлаулы сипатын қамтамасыз ету үшін толымды стратегия әзірлеу мен іске асыру, сондай-ақ оның орындалуын қатаң бақылау қажет болады. Бұл стратегия біздің экономикамыздың жекелеген секторлары мен өндірістерінің нақтылы бәсекелестік артықшылықтарын негізге алып, әлемдік даму процестері мен сыртқы рыноктардағы сұранысты ескеруге тиіс. Қазақстан үшін қолайлы шарттармен БСҰ-ға кіруі – біз қол жеткізуге міндетті мақсат.

Екінші міндет – өңірлік экономикада сапалық жаңа табыстарға жету және жаһандық экономикаға толыққанды қатысуды қамтамасыз ету. Әлемдік шаруашылық жүйесінде нақтылы қазақстандық “тауашаларды” іздестіру мен игеру, шетелдік әріптестермен ірі озық жобаларға қатысу, бізде сондай-ақ экономикамызға қатысушыларды жан-жақты және жауаптылықпен қолдау, соның ішінде, оларға сапалы инфрақұрылымдық қызмет көрсету арқылы қолдау жөнінде ең таяудағы және алыс болашақтағы міндеттер бағдарламалары болуы керек.

ТМД, ЕурАЗЭЖ, ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық ықпалдастық саудадағы басты бағдар болып қала береді. Бізге бәсекеге қабілетті экономика қалыптастыруда мемхолдингтердің ролі мен орнын айқын анықтап алу керек.

Үшінші міндет – өндіруші сектордың тиімділігін арттыру. Біз алдағы уақытта да байсалды әрі өзара тиімді энергетикалық саясат жүргізу ниетіндеміз. Көмірсутегі секторын одан әрі дамытуды, шетел мен жергілікті инвесторлар тартуды экономиканы әр тараптандырумен тікелей байланыстыру және келешегі мол жаңа өндірістер құру жөніндегі аса маңызды міндеттерді осы арнада шешу қажет. Одан әрі, Елбасы, өзіміздің энергетикамыз бен мұнай химиясын дамытудың басты мәселесі – энергия өнімдерінің қосылған құнын ұлғайту арқылы бұл секторлардың кірістілігін көтеру екенін атап айтады.

Төртінші міндет – өндірістің шикізаттық емес секторының дамуын, экономикалық әр тараптандырылуын қамтамасыз ету өте-мөте маңызды.

Жаңа экономикалық жағдай мен басымдықтарды ескере отырып, Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асырудың тиімділігіне баға беру үшін индустриялық әр тараптандыру жоспарларын қалыптастыру жөніндегі талаптар мен ұсыныстарды да тұжырымдау қажет.

Бесінші міндет – өңірлік және жаһандық экономикадағы өзіміздің жаңа рөлімізге сәйкес осы заманғы инфрақұрылымды дамыту. Біз стратегиялық инфрақұрылымның даму келешегін айқын пайымдай білуіміз және, ең алдымен, инфрақұрылымдық қызметті тұтынушы біздің отандық компаниялардың бәсекелестігін, сондай-ақ өзіміздің халықаралық экономикалық ықпалдастығымыздың мүдделерін ескере отырып, осы саладағы басқарудың сапасын едәуір арттыруға тиіспіз.

Алтыншы міндетте, Президент, осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, “парасатты экономиканың” негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамытуды айқын атап айтады. Бізге халықаралық стандарттар деңгейінде оқу орындарын тіркеу мен аттестациялаудың пәрменді жүйесін

жасау керек. Жоғары білім беру саласында дәл және инженерлік ғылымдарды басымдықпен дамыту – бұл дамуымыздың жаңа кезеңінің міндетті шарты.

Жетінші міндет – атаулы әлеуметтік қолдау және әлеуметтік саланы нарық қағидаттары негізінде дамытуға арналған: қолжетімді тұрғын үй сатып алу мен жылжымайтын мүлік рыногын дамыту мәселелері, медициналық қызметтің сапасын жақсарту және денсаулық сақтаудың жоғары технологиялық жүйесін дамыту; жинақтаушы зейнетақы жүйесін жетілдіру және жұмыс орындарын жасақтау.

Сегізінші міндет – дамуымыздың жаңа кезеңінің бағытына сәйкес саяси жүйемізді жаңғырта жаңарту. Осы мәселеге назар аударатын отырып, Президент, бізде саяси реформалардың өз моделіміз, саяси көшудің өзіндік “Қазақстан жолы” қалыптасу үстінде екенін айтады. Оның ерекшеліктері мен етене белгілері – президенттік басқару жүйесін сақтау, реформалардың кезеңдестігі, қабылданған шешімдердің кешенділігі, жалпы ұлттық үнқатысу мен негізгі саяси күштердің топтасуы, Парламент өкілеттігінің кеңейісі, сот-құқық жүйесін жетілдіру.

Тоғызыншы міндет – халықаралық іс-тәжірибені ескеріп, әкімшілік реформаны жеделдете жүргізу. Біздің мақсат – Үкіметті жаңғырта жаңарту, жоғары кәсіби мемлекеттік қызмет пен тиімді басқару құрылымын жасақтау. Олай болса, мемлекет көрсететін қызметтің басты тұтынушылары – барлық азаматтар мен бизнестің тікелей талаптарына бағынуға тиіс.

Оныншы міндет – жаңа Қазақстанның Орталық Азия өңірі мен әлемдік қоғамдастықтағы жетістіктері мен мүмкіндіктерін ілгерілету. Бүгін біз басқа елдермен көкейкесті проблемалардың кең ауқымын шешуде ынтымақтасып отырмыз. Бұл - энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету де, өмірлік маңызы бар әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу де, лаңкестікпен күрес те, індеттер мен экологиялық апаттарға қарсы күрес те. Алдағы уақытта да өңірлік ынтымақтастық пен халықаралық қоғамдастықтың жауапты мүшесі ретіндегі рөліміз бен беделімізді нығайта беретіндігімізге Н.Ә. Назарбаев ерекше көңіл бөледі.

Алтыншы бөлімде, Президент: «тәуелсіздігіміздің 15 жылында өткен жолымыз лайықты жол болды, ал біздің бірлескен шешімдеріміз бен тындырған ісіміздің нәтижелері таңданарлықтай болды. Мұның бәрі де, жаңа жалпы қазақстандық патриотизмнің іргетасын қалап, біздің Отанымыздың, біздің барша көп ұлтты және көп конфессиялы қоғамымыздың, біздің балаларымыздың тамаша келешегі бар екеніне негізді мақтаныш пен сенімділікті туындатады» - дейді.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың 2008 жылғы ақпандағы кезекті «Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан Халқына Жолдауы алдыңғы жылдардағы Жолдаулардың қисынды жалғасы болып табылады. Онда мемлекеттік органдар мен «Нұр Отан» жетекші саяси партиясының алдына қойылған мақсаттарды жүзеге асыру бойынша нақты міндеттер анықталған.

Қазақстанның бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына енуі, қоғамды жаңғырта жаңарту сынды негізгі міндеттердің рөлін айқын көрсете отырып,

Президент, сондай-ақ, Қазақстанның экономикалық өсуінің сенімді қарқынын қамтамасыз ету мен біртіндеп жаңғырта жаңарту қажеттілігін атап айтты. Дәл осы негізде басты мақсат - әлеуметтік даму, халықтың әл-ауқатын арттыру қарқынын сақтау.

Негізгі басымдылықтар ретінде мыналарды атайды:

Біріншісі. Мемлекеттік холдингтердің, даму институттарының, әлеуметтік-кәсіпкерлік жемқорлықтардың артып келе жатқан рөлімен ішкі инвестициялық ресурстарды белсендіру.

Энергетика саласының стратегиялық маңызды салаларындағы мемлекеттік әсерді күшейту. Халықаралық нарыққа дайын өніммен, қосылған бағаның жоғары үлесімен шығу. Әлемдік экономикалық дағдарыстың жағдайында Қазақстан шешуші салаға назар аударуын жалғастыруы, барынша таңдап алынған бағдарды ұстануы керек. Мұнай өнімдерін шетелге шығару екі есе өсуі мүмкін.

Екіншісі. Экономиканың негізгі секторларын, ең бастысы, электр-энергетика, тасымалдау құралдарының озық инфрақұрылымдық қамтамасыз ету. Энергия сақтаушы және экологиялық таза технологияларды енгізу. Теміржол және автомобиль инфрақұрылымын салу мен жаңғырта жаңартуды қамтамасыз ету, отандық көліктік машина жасауды дамыту қажет.

Үшіншісі. «30 корпоративті көшбасшылар» бағдарламасы – оны жүзеге асыру экономиканың шикізаттық емес секторын практикалық дамытуды білдіреді, оған мұнай химия кешенінің құрылысы, шыны өндірісі, құрылыс шаруашылығы жатады. Жалпы «30 корпоративті көшбасшылар» бағдарламасы мемлекет пен бизнестің өзара әрекет етуін мүлдем жаңа деңгейге шығаруы керек.

Қазіргі даму кезеңі,- деді Президент, күн тәртібіне елдің агроөнеркәсіптік кешенінің алдына бірқатар жаңа міндеттер қояды. Біріншіден, жоғары әлеуетке ие, әлемдік дағдарысқа қарсы күресу жолындағы агроөнеркәсіптік кешен республиканың тағамдық қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады. Екіншіден, экспорттық жолдарды кеңейту, ассортиментін көбейту есебінен экспортқа ұн шығару бойынша әлемдік көшбасшылықты нығайту, ет, өсімдік майы өнімдерінің шығарылымын өсіру қажет. Үшіншіден, бүгінгі таңда сәтті іске асырылып келе жатқан ауыл шаруашылығын жүйелік қолдау.

Жолдауында Н.Ә. Назарбаев мемлекеттің қаржылық тұрақсыздыққа және халықаралық нарықтардың Қазақстан экономикасына қауіп төнуіне жүйелік және тез әсер етудің әрекеттегі механизмдерін қалыптастырудың қажеттілігіне екіпін салады. Ол үшін келесі шараларды қолдану қажет: Қаржылық қадағалау агенттігінің жұмысын нығайту, елдің бәсекеге қабілеттілігін және қаржы жүйесінің, әсіресе банк секторының тұрақтылығын жоғарылату. Бүгінгі жағдайды анықтай отырып, Президент, дүниежүзілік дағдарыс Қазақстан банкыларын андаусызда қалдырды, бұл банк жүйесі көрсеткіштерінің нашарлауынан байқалды. Проблемалық несиелер мен ұзақ мерзімді қарыздардың үлесі өсті. Халық бар қарыздарды өтеуде қиындықтарды бастан кешіреді. Қиындықтарды жеңу үшін позитивті функцияларды орындайтын шаралар әзірленеді және жүзеге асырылады. Бұған елдің 47 млрд. доллар көлеміндегі алтын валюталы резервтері, депозиттердің өсіп жатқан мөлшері,

сонымен қатар, салымдарды сақтаудың жоғары нормалары әсер етті. Одан әрі, Президенттің Жолдауында шетелдік капиталдың банк секторына келуі Қазақстанға сенімсіздік білдіру, банкілік қызметтердің қажет қолдауы мен халықаралық тәжірибесінің көзі ретінде қарастырылатындығы айтылады.

Президенттің Жолдауында ерекше назар Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған әлеуметтік мәселелерге аударылады, ол елдің өмір сүру, адам ресурстарының жоғарылуымен білінуі керек. Мұнда мемлекеттің әлеуметтік саясаты, егер ол жұмыс орындарын құруға және еңбекке қабілетті халықты ел экономикасына тартуға бағытталғанда ғана тиімді болуы мүмкін екенін атап айту қажет. Қазіргі қалыптасқан жағдайды ескере отырып, жұмыссыздық бойынша оқу құралдарды көбейту, әлеуметтік төлемдердің көлемін ұлғайту қажеттілігіне назар аударылады.

Халықтың әлеуметтік қорғалмаған тобының өмір сүру деңгейін жоғарылату, «Нұр Отан» партиясының алдындағы платформасына сәйкес 5 жылға есептелінген.

Әлеуметтік әл-ауқатты қамтамасыз ету елдің өмір сүруінің, сонымен қатар, адам ресурстарының сапасын жоғарылатумен жүзеге асырылуы керек. Оларға ғылыми-білім беру және денсаулық сақтау кешендері жатады. Мұнда ең басты міндеттер қазіргі заманғы білім алуға және алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалануға мүмкіндік беретін білім берудің тиімді инфрақұрылымын құру болып табылады. Кәсіптік техникалық білім беруді одан әрі дамыту, шетелдік ғалымдарды және оқытушыларды ел экономикасы үшін аса үлкен қызығушылықты білдіретін білім беру салаларына тарту. Әрі қарай, мәселе «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын жүзеге асыруды жеделдету туралы болады.

Денсаулық сақтау саласында, Президент, аурулардың алдын алуға, ауруханалардағы медициналық персоналдың қосымша дайындау және қайта дайындау жолымен біліктілігін жоғарылатуға, оларды сертификаттау мен лицензиялауға, медициналық жоғары оқу орындарында «Болашақ» бағдарламасы бойынша медицина мамандықтарына гранттардың санын және квоталарды көбейтуге, халықты дәрі-дәрмекпен қамсыздандыруға екпін түсіре отырып, денсаулық сақтау объектілерін қайта қалпына келтіруге және дамытуға назар аударады. Президент, «таза ұлт» үшін инфрақұрылымды дамыту, дене тәрбиесі мен спорттық дайындықты, салауатты өмір салтын кең насихаттауды күшейту ерекше маңызды екенін атап айтты.

Президенттің Жолдауында «Қазақстандық мемлекеттіліктің одан әрі нығаюы, мемлекеттік басқарудың тиімділігін жоғарылату» бөлімі маңызды мәнге ие. Осыған тоқтала келе, Н.Ә. Назарбаев, біздің, көпшілікпен мойындалған қоғамымыздың демократиялық дамуы мен дәстүрлерін үйлестіре отырып, саяси және мемлекеттік құрылымның қазақстандық моделін жетілдіру жолы бойынша әрі қарай жүретінімізді белгілейді. Осы процестің қорытындысын шығара отырып, Президент, тәуелсіздігіміздің 16 жылы ішінде біз өзіндік қоғамдық тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді, қазақстандық сәйкестік пен жалпы қазақстандық патриотизмді қамтамасыз етудің моделін

жүзеге асырғандығымызды атап айтады. Конституциялық реформаның шеңберінде Қазақстан халықтары Ассамблеясының беделі мен өкілеттігі өсті.

Президенттің ендігі ұсынар ойы Қазақстандағы қазіргі саяси жүйені дамыту мәселесі. Бұл процестегі басты рөл саяси партияларда, үкіметтік емес ұйымдар мен басқа да қоғамдық институттарда болуы керек.

Партиялық механизмдерді нығайту қазіргі азаматтық қоғамның қалыптасуына, халықты қоғамдық процестерге кеңінен араластыруға әсер етеді. «Нұр Отан» басым партиясы бар модель қазіргі кезеңде Қазақстанның саяси жүйесінің қолайлы түрі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Бұл бөлімде, Елбасы, басқару аппараты жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігін жоғарылатуда болып табылатын әкімшілік реформаның басты мақсатын атап айтады. Әкімшілік реформаның шешуші элементінің бірі елдегі жана кадрлық саясат болуы керек. Адамдық фактор қазіргі даму кезеңінде анықтауыш бола бастайды.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның халықаралық беделін, аймақтық тұрақтылығы мен халықаралық қауіпсіздігін нығайтуға аса назар аударады. Қазақстан тәуелсіздік жылдары ішінде дүниежүзілік қоғамның толық құқылы мүшесіне айналды, Қазақстанның тікелей қатысуымен құрылған мемлекетаралық бірлестіктер - АӨСШК – Азияда өзара іс-қимыл және сенім шаралары бойынша кеңес, ШЫҰ – Шанхай ынтымақтастық ұйымы өзінің талап етілетіндігін дәлелдеді, олар аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін құру үшін негізін салды.

Интеграциялық процестерді одан әрі белсендету үшін, Президент, Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азияның басқа мемлекеттерімен де экономикалық және саяси ынтымақтастықты нығайтуға шақырады.

Қазақстанның қазіргі кезеңдегі рөлін анықтай отырып, Н.Ә. Назарбаев, бүгін біздің ел халықаралық мойындалудың сапалы жаңа деңгейіне шыққанын атап өтеді. Бұның сенімді куәсі Қазақстанның 2010 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық бойынша ұйымда төрағалық етуі туралы шешім болды. Осыған орай, «Еуропаға жол» арнайы бағдарламасын әзірлеу қажет. Ол экономикалық ынтымақтастықтың дамуына, заңдарымызды жетілдіруге, ЕҚЫҰ төрағалық етуіміздің стратегиялық көрінуіне әсер етуі керек.

Қазақстанның сыртқы саясатының дамуына қорытынды жасай отырып, Президент, біздің сыртқы саясатымыз негізін қалаушы мүдделердің ортақтығын іздеуге, халықаралық терроризммен және діни экстремизммен күресуге, қазақстандық әскердің түрленуі мен жауынгерлік дайындығына құрылған деген ойын білдіреді.

Президент, Жолдауының қорытынды сөзінде, біз еліміздің тәуелсіздігін нығайту, оны өркендету мен адамдардың әл-ауқатын арттыру үшін жұмыс істейтінімізді атап өтті.

2009 жылғы 6 наурызда Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына кезекті «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» Жолдауында үндеу салды. Оның ерекшелігі – бұрын соңды болмаған жаһандық қаржылық дағдарыстың жағдайында баяндалғаны болып табылады. Онда ол, бірінші орында, отандастарын дағдарысты жеңіп шығу және алдағы экономикалық өсу жолында



базисті дайындау үшін бірігуге шақырды. Өзінің ұлтқа арналған сөзінде Президент өте нақты, сындарлы және сенімді үндестікті таңдап алды.

Елбасы қоғамды алаңдататын сұрақтардың бәріне жауап берді. Бұл өте ашық және батыл Жолдау болды. Президент анық айтты: дүниежүзілік экономиканы таң қалдырған қаржы дағдарысы біздің беріктіктімізді әлі сынап келе жатыр. Барлық қоғам Президенттің мемлекеттің әлеуметтік кепілі толық көлемде сақталатындығы туралы айтқан сөзін жігерлі түрде қабылдады. Жоспарланғандай, 2010 жылы бюджеттік қызметкерлердің еңбекақылары мен стипендиялар 25 пайызға, ал 2011 жылы — тағы 30 пайызға көтерілді. Зейнетақының орташа мөлшері 2010 жылы 25 процентке және 30 процентке 2011 жылы өсетін болады. Сонымен қатар, 2011 жылы базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері күнкөрістің ең төменгі деңгейінің мөлшерінен 50 пайызға дейін өсетін болды. Мемлекет оқу ақысын төлеу үшін қаражатсыз келген студенттерге де қолдау көрсетті – қосымша 11 мың грант және 40 мың несие бөлінді.

Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаев жұмыс орындарының жеткіліктілігі Үкімет мүшелерінің және әкімдерінің Қазақстан экономикасының дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету қабілеті анықталатын негізгі көрсеткіш болуы керек екенін атап өтті. Аймақтық жұмыспен қамтылу және кадрларды қайта даярлау үшін Президенттің тапсырмасы бойынша мемлекет 140 миллиард теңге бөлді. Жұмысын жоғалтқан адамдар үшін жаңа жұмыс орындары құрылады, бұл кем дегенде 350 мың қазақстандықтардың жұмыс бастылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл жұмысқа біздің Университет қатысты, мұнда Біліктілікті жоғарылату институтымен 26 жұмыс мамандықтары бойынша дайындау және қайта дайындау жүргізіледі. ҚР БҒМ тапсырмасы бойынша Мемлекеттік техникалық және кәсіптік білімді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, ҚарМТУ жанындағы Салааралық техникалық және инженерлік-педагогикалық кадрларды дайындау және қайта дайындау орталығымен өнеркәсіптік кәсіпорындары үшін 25 маман даярланды.

«Қазақстандықтардың өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының жақсаруы біздің мемлекет үшін маңызды үш тұғырлы міндет болып қала береді. Біз, барлық қиындықтарды жеңіп шығатынымызға және Қазақстанды әлемдегі ең мықты, өркендеуші және беделді мемлекет ететінімізге сенімдімін!» – деді Елбасы.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың осы керемет жақсы сөздері барлығымыз үшін іске кірісуге жақсы негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына кезекті Жолдауында «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Жаңа Қазақстан мүмкіндіктері» 2010 жылдың 29 қаңтарынан, әдеттегідей, Үкімет пен қоғам алдында көрсетілген есептердей, өткен жыл терең жұмыс талдауымен және дана саясатымен таңдандырды. Бұл тарихи құжатта бірінші он жылдық қорытындысын шығарған «Қазақстан – 2030» Стратегиясын іске асыру, міндеттер осы жылға ғана емес, 2020 жылға дейін Стратегиялық даму жоспары шеңберінде келесі он жылдық міндеттер анықталған. 2008 жылы 2000 жылмен салыстырғанда республиканың ішкі

жалпы өнім көлемі еселенді, мемлекеттің әлеуметтік міндеттері орындалды. Осы кезең аралығында еңбекақының орташа өлшемі 5 есе, зейнетақылар - 3 есе өсті. Ең төменгі күнкөріс деңгейлі табыстары бар тұрғынның еншісі 50% дан 12% ға дейін төмендеді. Денсаулықтың негізгі көрсеткіштері жақсарды, күтілетін өмір ұзақтылығы ұлғайды. Ел Президент «Біз ХХІ ғасырдың бірінші он жылдығына белгіленген барлық міндеттерді шештік» деп атап өтті.

Біз 2010 жылға дейін стратегиялық жоспарды іске асырумен Қарағанды облысының еңбекшілерінің барлық табысын, табысты экономикалық даму мен өлкенің әлеуметтік саласына да ұластырамыз. Осылай өнеркәсіптік өнімнің көлемі 10 жылда 3 есе өсіп 800 млрд. теңгені құрады. Қолайлы инвестициялық ахуалды жасау бойынша жұмысты жүргізілді. Бұл өлкеге шетелдік инвестицияларды 230 млрд. теңге көлемінде тартуға мүмкіндік берді. Он жылдықтың басына қарағанда бұл 7 есе көп екенін ескерткім келеді.

Облыста орташа айлық жалақы осы кезеңде 5 есе, орташа халықтың кіріс көзі 4,5 есеге, шығын – 4 есеге өсті.

Сапалық өзгерістер денсаулық сақтауларда пайда болды. Нәтижесі ретінде – демографиялық көрсеткіштер, халықтың табиғи өсімі едәуір жақсайып 6 есеге ұлғайды.

Облыста өткен онжылдықта 36 білім объектісі және 18 денсаулық объектісі салынды. Өз тұрғын үй шарттарын 10 мың отбасы, ең алдымен әлеуметтік қорғалатын топтар, соның ішінде Ұлы Отан соғысына қатысқандар.

Сайып келгенде, біз барлық елмен бірге шыдап, мемлекет басшысының тапсырысымен игерілген Қазақстанның 2020 жылға дейін даму стратегиян белсенді іске асыруға араласу.

Бізге соған сәйкес келесі бағыттарда жұмыс істеуге тура келеді:

- экономиканы тоқырау алды дамуға дайындау;
- үдемелі индустриализация мен инфрокұрылымды дамыту арқасында экономиканың тұрақты дамуына қол жеткізу;
- бәсекеге түсуді жоғарылату үшін болашақ адам капиталын белсенді инвестициялау;
- халықты әлеуметтік және тұрмыстық-коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету;
- ұлтаралық татулықты күшейту, ұлттық қауіпсіздікті жоғарылату, халықаралық қатынасты одан әрі жетілдіру.

2010 жылы үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың бесжылдығы басталды. Оның шеңберінде 16 жоба іске асырылады, іске асырылады, республикалық деңгейде – 3 және 13 аймақ аралық, жалпы көлемде инвестиция 58 млрд. теңге. Ол 1 мыңнан аса жаңа жұмыс орнын салуға көмектеседі.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың кешенді бағдарламасын «Кәсіптің жол картасы – 2020» жүзеге асыруды ұсынды.

Сонымен қатар, соңғы 10 жылда білім беру саласындағы шығын 7,5 есе өсті. Үш сменалы жұмыстар жойылған, білім беру мазмұнын жаңарту, мектептерді жөндеу бойынша жұмыс жалғасуда, балаларды мектепке дейінгі білім беру ұйымына қамту үлкейтілген. Қазір облыста 166 мектепке дейінгі

ұйымдар және 233 шағын орталықтар жұмыс істеуде, мектепке дейінгі білім беруді қамту 70% дан асады.

Ел Президенті жергілікті органдар алдында жауапты міндетті орнатты – 2020 жылға дейін барлық балаларды мектепке дейінгі білім және тәрбиемен қамту және тәрбиелеу. жауапты есепті өкіметтің жергілікті органдарының алдында орнатты - балалардың 2020 барлық жылына мектептік біліммен және тәрбиемен қамту. Біз бұл міндетті 2014 жылға дейін орындаймыз.

Бүгінгі таңда жұмыспен қамту сұрақтары мемлекеттің әлеуметтік саясатында басты басымдықтар болып табылады.

Мемлекет басшысы айқын есепті орнатты - 2020 жылға дейін жұмыссыздық деңгейі 5% дан аспауы керек, ал ең төменгі күнкөріс деңгейі бар тұрғынның еншісі - 8% дан аспауы керек.

Оның шешімі үшін 2010-2014 жылдарға Стратегиялық жоспар әзірленді, осыған сәйкес 167 мыңнан аса адамды жұмыспен қамту жоспарлануда, кәсіби әзірлікке бағыттау, қайта дайындау, 21 мыңнан аса адам мамандығын жетілдіру.

Экономика және тұрғындар саласының қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жылу және электр энергиясына 2015 жылға дейін энергетика аймағында даму бағдарламасы өңделген және іске асуда.

2011 жылғы 28 қаңтарда Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына кезекті «Болашақты бірге құрамыз» Жолдауында үндеу салды, Қазақстандағы 2010 жылғы жағдайларға көз жүгіртті және жаңа міндеттер ұсынды. Президент Қазақстанның тәуелсіздік алғанына 20 жыл өткенін атап өтті. Ел саяси тұрақтылықты сақтай алды, ал экономикалық даму үлкен нәтижелерге жетті. Президент Жолдауында 1997 жылғы Қазақстанның ЖІӨ деңгейін атап өтті, ол барлығы 700 АҚШ долларын құрады. 2011 жылға дейін бұл көрсеткіш 9 мың долларды құрады. 2009 жылдан бастап жаһандық қаржы дағдарысымен күрес бойынша белсенді шаралар қолданды, қазіргі таңда ел экономикасы оның ықпалынан шықты. Осы уақытта, Қазақстан әлеуметтік сақтандыру, жемқорлықпен күресті алдын алу, инвестициялық ахуалдың жақсартылуы, жұмысқа орналасу, тұрғындардың өмір деңгейін жоғарылату, тұрғын үй және басқа сала аймағындағы түбегейлі жетістіктерге ие болды.

Президент Н.Ә. Назарбаев Жолдауының мазмұны Қазақстанның болашақ даму бағытын айқын анықтап, мемлекеттің дамуында нақты мақсаттарды тегістей қамтуды ұсынды. Егер 2020 жылға дейін экономикалық даму екпіні 30% дан кем болмаса, ал барлық орташа және шағын кәсіпкерлік ел экономикасында 40% дан кем болмаса, онда орташа халық саны 18 миллион адамға дейін ұлғаюы мүмкін.

Сонымен қатар, Президенттің 2011 жылғы Жолдауында Қазақстан халқын қызықтыратын сұрақтар және нақты бекітілген жоспарлар айтылған. Жеке алғанда, Қазақстан әлеуметтік сақтандыруды жаңғыртуын алға басуын жалғастыратынын атап өтті. Алдымыздағы жылдың 1 мамырына дейін жұмыспен қамтамасыз ету, қоғамдық инфроқұрылымдардың жаңартылулары, ауыз судың жабдықталуы және тағы басқаларға тиісті бағдарлама ұсынылады. Білім беру саласында 2015 жылға дейін мектепке дейінгі білім деңгейі 74%, ал

2020 жылы 100% құрайды. Сонымен қатар, 12 жылдық білім беру бағдарламасы толықтай енгізіледі. Денсаулық сақтау саласында 2013 жылға дейін дәрігерлік қызмет көрсетудің бірыңғай мемлекеттік жүйесі құрылады, алғашқы жедел жәрдем қызметінің сапасы өседі және ауылшаруашылық аудандардағы дәрігерлік қызмет көрсету деңгейі едәуір жақсартылады. Тіл аймағында Қазақстан тұрғындарын үш тілді меңгеруде жағдай жасауды жалғастырады: қазақ, орыс және ағылшын. 2020 жылға дейін қазақ тілінің таралымдығы 95% кем болмайды, ал ағылшын тілінің деңгейі 20% құрайды.

Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстан инвесторлар мен коммерциялық әріптестердің алдында өз міндеттерін ұстап, ал сыртқы саясатта халықаралық әріптестердің күтуін ақтайтынын атап өтті. Ол жылдам және қарқынды кеден қызметін дамыту, ТМД елдерімен қарым-қатынас, Еуропа кеңесінің қауіпсіздік Ұйымы шеңберінде аймақтық дауларды үйлестіру және Ауғанстан мен Қырғызстандағы ахуалдың тұрақтануына жағдай жасайтынын айтты. Президент Н.Ә. Назарбаев 2011 жылы Қазақстанда Шанхай Ынтымақтастық ұйымының құрылғанына 10 жылдық мерейтойға салтанатты шара өтетінін атап өтті. Қазақстан ШЫҰ жасаудаға белсенді бастаушылардың бірі болып табылады және болашақта ұйымның тұрақты күшеюі үшін бар күшін жұмсайды.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында ертеңгі күнге сенімділік көрсетіп, барлығымызға сенімділік ұялатты. Осы жыл айрықша мәні бар, Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдық белгісімен өтеді. Осы оқиғаға ерекше мән беру үшін 2011 жыл Президент Жарлығымен Тәуелсіздіктің 20 жылдық Жылы атанды. Ол жыл «Бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылы» ұранымен өтеді. Сондықтан 2011 жыл – Қазақстан Тәуелсіздігінің гүлденуі мен ерекше даму жылы!

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Стратегия «Казахстан - 2030». Алматы, 1997.
2. Стратегия вхождения Казахстана в число пятидесяти наиболее конкурентоспособных стран мира: Послание Президента страны Н.А. Назарбаева народу Казахстана //Казахстанская правда. 2006. 2 марта.
3. Новый Казахстан в новом мире: Послание Президента страны Н.А. Назарбаева народу Казахстана //Казахстанская правда. 2007. 1 марта.
4. Повышение благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики: Послание Президента страны Н.А. Назарбаева народу Казахстана. //Казахстанская правда. 2008. 7 февраля.
5. Через кризис к обновлению и развитию: Послание Президента страны Н.А. Назарбаева народу Казахстана //Казахстанская правда. 2009. 7 марта.

**Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың  
стратегиялық маңызды бастамаларының жылнамасы**

**1991 жыл**

- 29 тамыз – Президенттің Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлығы.
- 9 желтоқсан - Н. Назарбаевтың Ресей, Украина, Белорусия және Қазақстан арасындағы саяси одақтың қажеттігі туралы мәлімдемесі.
- 10 желтоқсан - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы **Қазақстан Республикасы** болып қайта аталды.
- 10 желтоқсан - Қазақстан Республикасының бүкіл халықтық сайланған тұңғыш Президенті лауазымына кірісуі.
- 12 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Орта Азия мен Қазақстан Республикалары басшыларының кеңес алу кездесуіне қатысуы.
- 16 желтоқсан - «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңы.
- 20 желтоқсан - «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңы
- 30 желтоқсан – Минск қаласында өткен ТМД қатысушы-мемлекеттер басшыларының кеңесі.

**1992 жыл**

- 15 қаңтар – «Қазақстан Республикасындағы ғылым және мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 30 қаңтар - Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымына (ЕҚЫҰ) енуі.
- 18 ақпан - «**Білім туралы**» ҚР Заңы қабылданды.
- 3 наурыз – Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) енуі.
- 5 наурыз - ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Таулы Карабахтағы оқиғаларға байланысты» өтініші.
- 15 мамыр – Қазақстан бастамасы бойынша қарастырылған ұжымдық қауіпсіздік туралы Келісім.
- 18-20 мамыр - ядролық қаруды таратпау туралы шартқа (ЯҚТШ) қосылды.
- 23 мамыр - ЯҚТШ-ға қосылу туралы хаттамаға қол қойды.
- 2 шілде – Стратегиялық шабуылдық қару (СШҚ-1) туралы келісім бекітілді.
- 27 тамыз - Таулы Карабах маңындағы дауды реттеу проблемалары **бойынша** үш жақты келіссөздер.
- 5 қазан – Азияда өзара іс-қимыл және сенім шаралары бойынша Кеңесті шақыру ұсынысы.

### **1993 жыл**

- 19 қаңтар - Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық Кеңесінің (ЕҚЫК) қамқорлығымен келісімге келтіруге күш салуды жалғастыруға әзірлігі туралы мәлімдеме.

- 10 сәуір – ҚР «Жоғары білім туралы Заңы.

- 14 сәуір – «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

- 4 мамыр – БҰҰ-да 1995 жылы Бүкіләлемдік Абай жылын өткізу туралы ұсыныс.

- 30 тамыз - ядролық, химиялық, биологиялық, барлық басқа жаппай жою қаруларының түрлерін сынауға мораторийді 2005 жылға дейін ұзарту туралы бастамасы.

- 5 қараша - «Шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендияларын белгілеу туралы» ҚР Президентінің № 1394 Қаулысы.

### **1994 жыл**

- 10-11 қаңтар - Бірыңғай экономикалық кеңістікті (БЭК) құру туралы Шартқа қол қою.

- 13-18 ақпан - демократиялық серіктестік туралы Хартияға қол қою. Қазақстанның ЯҚТШ-ға қосылуы туралы грамотаны тапсыру.

- 16 ақпан - БҰҰ Бас хатшысы Бутрос Б. Галимен кездесу. Баланың құқықтары туралы Конвенцияға қол қою рәсімі.

- 28-30 наурыз – Ресей Федерациясына бірінші ресми сапары.

- 28-30 наурыз – Еуразиялық Одақты қалыптастыру туралы ұсыныс.

- 5 желтоқсан - Қазақстан Республикасына қауіпсіздік кепілдіктерін беру туралы Меморандумға қол қою.

### **1995 жыл**

- 23 қаңтар - Ресей басшысымен кездесуінің қорытындылары бойынша баспасөз-конференциясы.

- 27-31 қаңтар - Давоста (Швейцария) Бүкіләлемдік экономикалық форумның жұмысына қатысу.

- 1 наурыз – Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру.

- 17 сәуір – «Лицензиялау туралы» Заңы.

- 26 мамыр – Қазақстан территориясында соңғы ядролық жарылыс.

- 30 тамыз - Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау

- 15 қыркүйек - «Қазақстан Республикасының астанасы туралы» Президенттің Жарлығы.

- 18 желтоқсан - «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы.

### **1996 жыл**

- 26 сәуір - шекара ауданындағы әскери салада сенімді нығайту туралы Келісімге (Шанхай келісімі) қол қою.
- 7 тамыз – «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы туралы» Қазақстан Республикасының Қаулысы.
- 2-3 желтоқсан - Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымының (ЕҚЫҰ) Лиссабон саммитіне қатысу.
- 31 желтоқсан - Президенттің «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығын бекіту.

### **1997 жыл**

- 24 сәуір - «Шанхай бестігі» көшбасшыларының кездесуі.
- 19 мамыр – «Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» ҚР Заңы.
- 20 маусым - «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 23-26 маусым - БҰҰ Бас Ассамблеясының экология және тұрақты даму бойынша 19-шы арнайы сессиясының жұмысына қатысу үшін Нью-Йоркке сапар шегу.
- 11 маусым - «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» ҚР Заңы.
- 13 тамыз – «Қазақстан республикасы Президентінің Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты туралы Ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің Жарлығы.
- 10 қазан - «Қазақстан – 2030» Қазақстан халқына Жолдауы.
- 20 қазан – ҚР Президентінің Жарлығымен Астана қаласы Қазақстанның астанасы ретінде жарияланды.
- 8-9 желтоқсан – Ислам Конференциясы Ұйымының Саммиті.

### **1998 жыл**

- 22 қаңтар – Қазақстанның бірыңғай кеден кеңістігін құру туралы бастамасы.
- 28-29 сәуір – Саммитке (4+N) және ТМД мемлекеттері басшыларының Кеңесіне қатысу.
- 10-11 мамыр – Экономикалық ынтымақтастық Ұйымдарының V саммиті өтті.
- 2 шілде – «Жемқорлыққа қарсы күресу туралы» ҚР Заңы.
- 30 қыркүйек – ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.

### **1999 жыл**

- 15 наурыз – «Мемлекеттік құпиялар туралы» ҚР Заңы.
- 20 наурыз - «Қазақстан Республикасындағы Қауіпсіздік Кеңесі туралы» ҚР Президентінің Жарлығы.
- 23 сәуір – ҚР Президентінің Вашингтонға сапары.
- 7 маусым - «Білім туралы» ҚР Заңы.

- 23 шілде - Мемлекет басшысы «Мемлекеттік қызмет туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары.
- 24 тамыз - «Шанхай бестігі» мемлекеттері басшыларының саммиті.
- 28 тамыз - Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы туралы» ҚР Президентінің Өкімі.
- 14 қыркүйек - Азияда өзара іс-қимыл және сенім шаралары бойынша Кеңестегі (АӨСШК) сөйлеген сөзі.
- 2 желтоқсан - «Дене тәрбиесі және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 15 желтоқсан – ҚР Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауы.

### **2000 жыл**

- 25 қаңтар - ТМД мемлекеттері басшыларының саммитке қатысуы.
- 26 сәуір - Давостың қамқорлығымен Еуразиялық экономикалық саммитке қатысуы.
- 27 сәуір - Орталық Азия экономикаларына арналған БҰҰ Арнайы Бағдарламасының (СПЕКА), тұсаукесері.
- 23 мамыр - Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей мен Тәжікстан мемлекеттері басшыларының саммиті.
- 14 маусым – Орталық Азия экономикалық қауымдастығының Мемлекетаралық Кеңесінің мәжілісі.
- 5 маусым - «Шанхай бестігіне» қатысушы мемлекеттер басшыларының кезекті бесінші саммитін өткізу.
- 12 шілде - «Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық саясатының тұжырымдамасы туралы» ҚР Үкіметінің № 1059 Қаулысы.
- 6 қыркүйек - Нью-Йоркте БҰҰ Бас Ассамблеясының 55-ші сессиясының шеңберінде мыңжылдық Саммитінің ашылу салтанаты.
- 6 қазан - Халықаралық ұйымды – Еуразия экономикалық қауымдастығын құру.
- 10 қазан - Кеден одағына қатысушы мемлекеттер басшыларының Мемлекетаралық Кеңесінің кезекті мәжілісі.
- 12 қазан - «Кадрларды шетелде дайындау жөніндегі республикалық комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 24 қазан - ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.
- 27 қараша - «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

### **2001 жыл**

- 23 қаңтар - «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 26 сәуір - түркі тілдес мемлекеттер басшыларының Азияда бейбітшілік пен тұрақтылық Хартиясын әзірлеу туралы ұсынысы.



- 5 шілде - «Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 9 шілде - «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 4 қыркүйек – «Елдегі жағдай және 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы» ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.
- 22 қыркүйек - **Рим Папасы Иоанн Павел II** Қазақстанға мемлекеттік сапары.
- 13 желтоқсан - **желтоқсан** – «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

### **2002 жыл**

- 7 наурыз - «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 18 сәуір - «Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге күрес туралы Шанхай конвенциясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 25 сәуір - Бірінші Еуразия медиа-форумы.
- 26 сәуір - «Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясы және Қазақстан халқы Ассамблеясының Ережесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 30 сәуір - «Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы» ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.
- 13 мамыр - Еуразиялық экономикалық бірлестігінің мемлекетаралық кеңесінің кезекті мәжілісіне қатысуы.
- 4 маусым - Азияда өзара іс-қимыл және сенім шаралары бойынша Кеңестің бірінші саммиті.
- 3 шілде - «Инновациялық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 15 шілде - «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

### **2003 жыл**

- 19 ақпан - Еуразиялық экономикалық бірлестігінің бірінші экономикалық форумы.
- 23 ақпан - Бірыңғай Экономикалық кеңістікті құру туралы өтінішке қол қою.
- 18 наурыз - «Инновациялық өндірістерді ғылыми-техникалық қамтамасыз етудің 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің Қаулысы.
- 19 наурыз - «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы адам құқықтары жөніндегі Комиссия туралы» ҚР Президентінің Жарлығы.
- 4 сәуір - «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылғы негізгі бағыттары туралы» ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.
- 24 сәуір - Екінші Еуразиялық медиа-форумның ашылуы.

- 13 мамыр - «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 17 мамыр - «2003-2015 жылдарға арналған ҚР индустриялық-инновациялық даму стратегиясы туралы» ҚР президентінің жарлығы.
- 3 маусым - «Шанхай ынтымақтастығы ұйымына мүше-мемлекеттер арасындағы Аймақтық терроризмге қарсы құрылым туралы Келісімді бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 23-24 қыркүйек - Әлемдік және дәстүрлі-ұлттық діндердің Бірінші Съезі.

### **2004 жыл**

- 9-10 қаңтар - Қазақстандағы Ресей Жылының салтанатты ашылуы.
- 13 қаңтар - «2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығы.
- 28 ақпан - «Еңбек қауіпсіздігі және қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 13 наурыз - «Бірыңғай ұлттық тестілеуді енгізу туралы» ҚР Үкіметінің Қаулысы.
- 19 наурыз - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Республика аумағында төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі шаралар туралы» Өкімі.
- 19 наурыз - «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін және бәсекеге қабілетті ұлт үшін» Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы.
- 16 сәуір - «Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының авторлық құқық жөніндегі шартына қосылуы туралы » Қазақстан Республикасының Заңы.
- 16 сәуір - «Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шартына қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 16 маусым - «Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше-мемлекеттердің Бағалы қағаздар рыногындағы ынтымақтастығы туралы келісімге қол қою туралы» ҚР Президентінің Жарлығы.
- 7 шілде - «Қазақстан Республикасы Заңының инвестициялық қорлары туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары.
- 9 шілде - «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 16 қыркүйек – ТМД мемлекеттері басшыларының Саммиті.
- 4 қазан - «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы Ережені бекіту жөніндегі хаттамасын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

- 11 қазан – «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 22 қазан - АӨСШК кездесуі.
- 9 қараша - «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 22 желтоқсан - «Қазақстан Республикасының Ядролық материалды физикалық қорғау конвенцияға қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 28 желтоқсан - «Халықаралық коммерциялық төрелік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

### **2005 жыл**

- 18 ақпан - «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.
- 18 ақпан - «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 23 сәуір - Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халықтары Ассамблеясы институтын нығайту туралы» Жарлығы.
- 5 шілде – Шанхай ынтымақтастығы ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекет басшыларының Декларацияға қол қоюы.
- 1 қыркүйек - «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 21 қазан - «Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 26 қазан - «ҚР Үкіметі және РФ Үкіметі арасындағы «KAZSAT» байланыс және хабар таратудың қазақстандық спутнигін жасау жөніндегі ынтымақтастық туарлы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 21 қараша - «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 28 қараша - «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 29 қараша - «Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 2 желтоқсан - «Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

## 2006 жыл

- 1 наурыз - Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның әлемнің барынша бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына ену стратегиясы. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» Қазақстан халқына Жолдауы.
- 23 наурыз - «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 4 мамыр - «2006-2010 жылдарға Астананың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Президентінің Жарлығы.
- 26 мамыр - Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде оқылған «Білім экономикасына инновация және білім беру арқылы» атты дәріс.
- 15 маусым - Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттер басшыларының саммиті.
- 17 маусым - Азиядағы өзара әрекеттестік және сенім шаралары жөніндегі Кеңестің екінші саммитінің (АӨСШК) жұмысына қатысу.
- 7 шілде - «Концессия туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
- 17 шілде - ТМД қолданыстағы төрағасы ретінде Санкт-Петербургте «Сегіздік тобы» («G-8») кезекті саммитінің жұмысына қатысу.
- 22 шілде - Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы (ТМД) қатысушы-мемлекеттер басшыларының кезекті бейресми саммитінің жұмысына қатысу.
- 25 шілде - **«2006-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы туралы»** Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 18 тамыз - «Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің бәсекеге қабілеттілігін дамытудың 2006-2009 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасының Жарлығы.
- 28 тамыз - «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 12 қыркүйек - Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Екінші съезі.
- 10 қазан - «Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік тұжырымдасы туралы», «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары.
- 17 қараша - Түркі тілдес мемлекеттер басшыларының VIII Саммитіне қатысу.

## 2007 жыл

- 9 қаңтар – Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі.
- 11 қаңтар - «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 13 қаңтар - «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту жөніндегі шаралар туралы», «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құру және олардың қызметінің қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары.

- 28 ақпан - «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.
- 21 наурыз - «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 6 сәуір - «Қазақстан Республикасының ғылыми-технологиялық одан әрі даму жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 13 сәуір - «Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 15 мамыр - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі қабылданды.
- 21 мамыр - ЭСКАТО 63-сессияның ашылуы.
- 4 маусым - «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы.
- 10 маусым - Санкт-Петербургтегі Экономикалық форум.
- 20 маусым - «ҚР ғылымын дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 27 шілде - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 16 тамыз - ШЫҰ мемлекеттері басшыларының Саммиті.
- 21 қыркүйек - «Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы құқығын қамтамасыз ету және Республика Президентінің кейбір актілерін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 25 қыркүйек - БҰҰ БА сессиясында сөйлеген сөзі (Нью-Йорк).
- 13 қазан - «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 16 қазан - Каспий маңындағы мемлекеттер басшыларының Екінші Саммиті (Тегеран қ.).
- 19 қараша - «Қазақстанның 30 корпоративті көшбасшысының мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің Қаулысы.
- 20 қараша - «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кеңесі туралы келісімді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 30 қараша - ЕҚЫҰ СМД кезекті мәжілісі.
- 3 желтоқсан - «Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы 2007 жылғы Мемлекеттік сыйлығын беру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 14 желтоқсан – Қазақстандық түрік бизнес-форумының жұмысына қатысу.
- 30 желтоқсан - «Орталық Азия ұжымдық қауіпсіздік өңірінің Жедел өрістетілетін ұжымдық күштерін жедел өрістету, қолдану және жан-жақты

қамтамасыз ету тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

## **2008 жыл**

- 17 қаңтар - «Нұр Отан» ХДП Саяси кеңестің кеңейтілген мәжілісінде сөйлеген сөзі.
- 30 қаңтар - «Интеллектуалдық ұлт - 2020» ұлттық жоба идеясы.
- 7 ақпан – «Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Қазақстан Республикасы Президентінің Халыққа Жолдауы.
- 22 ақпан - Мәскеу қ., ТМД қатысушы мемлекеттер басшыларының бейресми Саммитіне қатысу.
- 4 наурыз - Катар Мемлекетінің Әмірінің Қазақстан Республикасына ресми сапары.
- 6 наурыз - Украина Президентінің Қазақстанға ресми сапары.
- 20 наурыз - «Қазақстан Республика Үкіметінің мен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің Хатшылығы арасындағы Хатшылықтың Қазақстан Республикасының аумағында болуы шарттары туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 7 сәуір - «Шанхай қаласында (Қытай Халық Республикасы) 2001 жылғы 15 маусымда қол қойылған Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге күрес туралы Шанхай конвенциясына өзгерістер енгізу хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 24 сәуір - VII Еуразиялық медиа-форумның жұмысына қатысу.
- 6 мамыр - «Астананың 10 жылдығы» мерейтойлық медалін жасау туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 14 мамыр - «Жас Отан» жастар қанатының бірінші съезінде сөйлеген сөзі.
- 14 мамыр - «Ядролық терроризм актілеріне қарсы күресу туралы халықаралық конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- 18 мамыр - Таяу Шығыс жөніндегі БЭФ Форумында сөйлеген сөзі.
- 22 мамыр - Ресей Федерациясының Президенті Дмитрий Медведевтің Қазақстанға ресми сапармен алғаш келуі.
- 5 маусым – «Трансұлттық ұйымдастырылған қылмысқа қарсы БҰҰ Конвенциясын ратификациялау туралы», «Адам, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу және жою, сәйкес жаза қолдану туралы, трансұлттық ұйымдастырылған қылмысқа қарсы БҰҰ Конвенциясын толықтыратын Хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары.
- 25 маусым - «Қазақстан Республикасының мерекелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу.
- 29 маусым - Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық бойынша Парламенттік Ассамблеяның 17-ші жыл сайынғы сессиясының ашылуы.

- 30 маусым - «Атамекен» төбелік кешенінде Мемлекеттік Жалауды көтеру салтанаты.
- 1 шілде – ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қарағанды қ. Бұқар-жырау ескерткішінің ашылу салтанатына қатысуы.
- 1 шілде – Елбасының қатысуымен Теміртау қ. металлургиялық өндірісті жаңарту тұжырымдамасының тұсаукесері.
- 1 шілде - «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңесті құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 1 шілде - «2008-2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 6 шілде – Астана қаласының 10 жылдығына арналған мерекелік шараларды өткізу.
- 14 шілде – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ақордада Пекинде өтетін Олимпиадаға дайындалып жатқан Қазақстанның құрама командасын қабылдады.
- 25 тамыз – Азияда өзара іс-қимыл және сенім шаралары бойынша Кеңестің (АӨСШК) мүше мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің кездесуі.
- 25 тамыз - Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Еуразия Экономикалық Қауымдастығының (ЕурАзЭҚ) бас хатшысы Таир Мансуровпен кездесуі.
- 28 тамыз – Ақордада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Үкімет және Президент Әкімшілігінің басшыларымен өткен мәжілісі.
- 29 тамыз – «2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» Мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
- 29 тамыз – Елбасының Пекиндегі ХХІХ Олимпиада ойындарының қазақстандық жүлдегер спортшылармен кездесуі.
- 1 қыркүйек – Республика Президентінің төрағалық етуімен Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесінің мәжілісі.
- 2 қыркүйек – Қазақстан Республикасы Парламентінің төртінші шақырылған екінші сессиясының ашылуы.
- 5 қыркүйек – Елбасының ұжымдық қауіпсіздік туралы Келісім Ұйымының ұжымдық қауіпсіздік Кеңесінің сессиясына қатысуы.
- 14 октябрь – Қазақстанда бірінші «Астана-Щучинск» автобазасының ашылуына Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуы.
- 23 қазан – Елбасы Н. Назарбаевтың төрағалық етуімен Қазақстан Халықтары Ассамблеясының ХІV сессиясының ашылуы.
- 29 қазан - Нұрсұлтан Назарбаевтың Ага Хан Ұйымының төрағасы ІV Карим Ханзадамен кездесуі.
- 30 қазан – Елбасының ШЫҰ мүше мемлекеттері делегациясының басшыларымен кездесуі.
- 6 қараша - Елбасының жемқорлыққа қарсы форумға қатысуы.

- 4 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Президентінің Еуропалық қайта құру және даму банкінің Президенті Томас Мирвпен кездесуі.
- 5 желтоқсан - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің 20-шы мерейтойлық пленарлық мәжілісі.
- 19-21 желтоқсан - «Бурабай» курортты аймағында Қазақстан Республикасы, Армения Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы Президенттерінің бейресми саммиті.

## **2009 жыл**

- 12 қаңтар - Астанада физика, математика бағытындағы инновациялық білім беру бағдарламаларын қабылдауға арналған эксперименттік алаң болып табылатын, еліміздің тұңғыш интеллектуалдық мектебінің ашылуы.
- 24 қаңтар – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Үндістанға Мемлекеттік сапармен келуі. Бірлескен декларацияға, Қазақстанның Бүкіләлемдік Сауда Ұйымына кіруі жөніндегі хаттамаға қол қою.
- 2 ақпан – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев жаңа әлемдік валютаға ауысу жөнінде ұсыныс білдірді. Бұл ұсыныс "Российская газета" басылымының 2009 жылғы 2 ақпанда жарияланған, «Дағдарыстан шығу кілті» мақаласында баяндалды. Оның әлемдік көшбасшылардың алғашқысы болып болашақ әлемдік қаржы жүйесі тақырыбын ашық талқыға салуға батылы барды.
- 3 ақпан - Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасына жұмыс сапарымен келді. Қазақстан германдық лидердің әлемдік экономиканы реттеуге мүмкіндік беретін жана ережелерді дайындау жөніндегі және БҰҰ қамқорлығымен Бүкіләлемдік экономикалық кеңес құру жөніндегі бастамасын қызығушылықпен қабылдады.
- 4 ақпан – Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Мәскеуде өткен ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің мәжілісіне қатысты.
- 4 ақпан – Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Мәскеуде өткен Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық кеңесінің кезектен тыс мәжілісіне қатысты. 2008 жылғы 19-21 желтоқсанда Бурабайда өткен Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан және Армения Президенттерінің бейресми кездесуінде қол жеткізген уағдаластыққа сәйкес, ЕурАзЭҚ қатысушы мемлекеттер жаһандық экономикалық дағдарыс зардаптарын бірлесіп еңсерумен тікелей байланысты мәселелерді қарастырды.
- 9 ақпан - Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына қол қойды, ол Парламентті кем дегенде екі партияның қатысуымен құруға мүмкіндік беретін құқықтық механизмді құруға және электоральдық үдерістің рәсімдік сәттерін жетілдіруге бағытталған.
- 12 ақпан – «Нұр Отан» ХДП партиясының құрылуының 10 жылдық мерейтойына арналған, партияның Саяси кеңесі бюросының кеңейтілген отырысына қатысуы.



- 5 наурыз – Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия құрылуының 10 жылдығына арналған Қазақстан әйелдерінің V форумының ашылуы.

- 6 наурыз - «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» Қазақстан халқына Жолдауы. Жолдауда қазақстандықтар екі онжылдық дерлік уақыт бойы жаңа елді құрып келеді делінген. Мемлекет соңғы бірнеше онжылдық ішіндегі ең күрделі әлемдік дағдарыс зардаптары экономикаға әсер еткен қиын жағдайларда табанды шешімдер қабылдады және оларды жүзеге асыруда. Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, қазақстандықтар еліміздің осы сынақтарға тек дайын ғана емес екенін, сонымен бірге олардан сүрінбей өтетінін, осы дағдарыстан бұдан да мықты, гүлденген мемлекет және қоғам болып шығатынын білуі тиіс.

- 10 наурыз - Астана қаласында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде жұмысын бастаған Университеттердің Еуразиялық Ассоциациясының XI съезінің ашылуына қатысу. Нұрсұлтан Назарбаев өз пікірі бойынша еуразиялық мәдени-гуманитарлық байланыс жүруі тиіс болатын, инновациялық дамуға өту, бірыңғай еуразиялық білім беру кеңістігін құру, жастармен жұмыс істеу, мәдени және тілдік алуан түрліліктің жалпы құндылықтары негізінде бірыңғай еуразиялық сәйкестікті қалыптастыру, азаматтар қозғалысының еркіндігін барынша қамтамасыз ету сияқты бірқатар бағыттарға тоқталды.

- 12 наурыз - Маңғыстау облысында техникалық, басқарушылық және коммерциялық қызметтер көрсететін, аймақтың мұнай-газ өнеркәсібі үшін жоғары білікті кадрларды даярлайтын, озық технологияларды топтастыратын көп функционалды орталық – **Каспий энергетикалық хабының** жобасын іске асыру мәселелері бойынша бір топ шетелдік және отандық инвесторлармен кездесуі.

- 16 наурыз - Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапары. БАӘ Президенті шейх Халифа Бен Заид әл-Нахаян Нұрсұлтан Назарбаевты өзінің резиденциясында қошеметпен қарсы алып, онда Қазақстан Президентін мемлекеттің тұңғыш Президенті шейх Заид Бен Сұлтан әл-Нахаянның құрметіне аталған, Біріккен Араб Әмірліктерінің жоғары мемлекеттік наградасы - «Заид» орденімен марапаттау рәсімі өтті. Мемлекет басшысы шейх әл-Нахаянға екі ел арасындағы қарым-қатынастарды нығайту ісіне ерекше үлес қосқаны үшін «Алтын Қыран» орденін тапсырды.

- 17 наурыз - Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапарының аясында Мемлекет басшысы Қазақстан және БАӘ Іскерлік Кеңесінің отырысына қатысуы.

- 24 наурыз - Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Финляндия Республикасына мемлекеттік сапармен келуі. Сонан соң Қазақстан Президентін Финляндия Республикасының мемлекеттік жоғары наградаларының бірі - «Финляндияның ақ раушаны және арыстаны» орденімен марапаттау рәсімі болып өтті.

- 26 наурыз - «Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын ратификациялау туралы» Заңы.
- 30 наурыз – Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Ричард Хоугландпен кездесуі. Кездесу кезінде қазақстандық-американдық сауда-экономикалық өзара іс-қимылы, соның ішінде инновациялық технологиялар саласындағы ықпалдастығы мәселелері қаралды.
- 3 сәуір - «Кеден одағында тауарлардың экспорты мен импорты, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету кезінде жанама салықтар салу принциптері туралы келісімді ратификациялау туралы», «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің мәдени құндылықтарды ұрлауға қарсы күрестегі және оларды қайтаруды қамтамасыз етудегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары.

## 2010

- 1 қаңтар – Қазақстан, Ресей және Белоруссия Кеден Одағы іске кірісті.
- 14 қаңтар – Еуропада, Венада қауіпсіздік және істестік бойынша тұрақты кеңестің мәжілісінде 2010 жылы ЕҚЫҰ Қазақстан Республикасының төрағалылығының ресми презентациясы өтті.
- Қазақстан 1 тамызды Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық күні деп жариялауды ұсынды.
- 1 ақпан – ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейін стратегиялық даму жоспары туралы» № 922 Жарлыққа қол қойды. Жарлыққа сәйкес, жыл сайын 1 шілдеге дейін ҚР стратегиялық жоспарды іске асырудың барлау нәтижелерін ҚР Президентінің Әкімшілігіне ұсыну тапсырылды.
- 17 ақпан – Қазақстан ТМД мемлекеттерінің шекараға шектес ынтымақтастығы туралы Конвенцияны бекітті.
- Қазақстан Жедел қадағалаудың ұжымдық күштері (ЖҚҰК) Ұжымдық қауіпсіздік туралы Ұйым келісімі (ҰҚҰК) және бүркеме басқару жүйе күштері мен құралдарын жасау принциптері туралы ҰҚҰК, сонымен қатар бүркеме басқару жүйе күштері мен құралдары ҰҚҰК туралы келісімді бекітті.
- 12 наурыз – ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мұнай және газ Министрлігі, өнеркәсіп және жаңа технологиялар Министрлігі, экономикалық даму және саудалар Министрлігі, мәдениет Министрлігі, байланыс және ақпарат Министрлігі құрылғандығын хабарлады.
- 19 наурыз – ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының 2010–2014 жылдарға жылдамдатылған индустриалды-инновациялық дамыту бойынша Мемлекеттік бағдарлама Жарлығына қол қойды.
- 18 мамыр – Қазақстан Үкіметі ұлттық бірлік Доктринасының іске асу жоспарын мақұлдады.

- 8 маусым – Ел басы мен мемлекет басшылары Кеңес қатысушылары III Саммитте Стамбулда, Азияда өзара іс-қимыл және сенім шаралары бойынша (АӨСШК) Қазақстаннан Түркияға төрағалардың ауысуы АӨСШК өтті. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ЕҚЫҰ форумды құруға басқосу барысында баяндама жасай АӨСШК ұсынды.

- 11 маусым – Мемлекет басшыларының Кеңестік мәжілісі шеңберінде Қазақстан Ташкенттегі Шанхай ынтымақтастық ұйымы мүшелерін (ШЫҰ) кезекті төрағаның міндетімен ШЫҰ қабылдады.

- 15 маусым – Ресми БАҚ Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы жарияланған «Ұлттың жетекшісі - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті қызметін қамтамасыз ету саласындағы заңның әбден жетілдіру сұрақтары бойынша ҚР конституциялық заңдарында өзгерістер және қосымшалар енгізу туралы», мемлекет басшысына Ұлттың Жетекшісі мәртебесін бекітті.

- 28 маусым – Мемлекет басшысы Қазақстанда бірінші халықаралық деңгейдегі университет «Назарбаев Университеті» ашты. Бұл күні Нұрсұлтан Назарбаевке ЖИИД бағдарламасы шеңберінде алғашқы жарты жылдықтың 72 инвестициялық жобасы жүзеге асырылды.

- 1 маусым – Қазақстан және Ресей аумағында Кеден одағының Кеден кодексі жұмыс істей бастады.

- 27 маусым – Бірінші жарты жылдықта Қазақстанның ЖІӨ өсіп 8% құрады.

- 1–2 желтоқсан – Астанада Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық Ұйымының Саммиті өтті. Саммиттің қорытындысы бойынша қорытынды декларация қабылданды.

- ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2010 жылдың 7 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының 2011–2020 жылдардағы білімді дамыту Мемлекеттік бағдарламасы туралы» № 1118 Жарлыққа қол қойды.

- 23 желтоқсан – ҚР Парламенті терроризмге қарсы ШЫҰ конвенцияны бекітті. Конвенция мемлекеттердің өзара әрекеттесу тиімділігінің жоғарылатуына бағытталған – терроризмге қарсы әрекеттердің төңірегінде ШЫҰ мүшелеріне, оның жаңа шақырулары мен байбаламдарына және халықаралық бейбітшілік пен өлкедегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету сұрақтары бойынша мемлекетаралық қатынастардың негізіне үлес болып табылады.

## **2011**

- 19 қаңтар. Мемлекет басшысымен «Назарбаев Университеті» мәртебесі туралы», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» ҚР Заңына қол қойылған.

- 28 қаңтар. Мемлекет басшысы «Болашақты бірге құрамыз!» Қазақстан халқына кезекті жолдауында сөз сөйледі.

- 30 қаңтар. Астанада 7-ші қысқы Азиада ойындарының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

- 6 ақпан. Қазақстанға 32 алтын медаль әкелген 7-ші қысқы Азиада ойындары аяқталды.
- 8 ақпан. Астаналық Конгресс-холда МҚК «Астананың бас жоспар ғылыми-зерттеу жобалау институты» мамандарымен орындалған, астананың 2030 жылға дейінгі бас жоспарына түзету енгізуге презентациялық жобасы өтті.
- 11 ақпан. Жаңа партия бағдарламасын бекіткен және Нұрсұлтан Назарбаевті Президенттікке кандидатқа ұсынған «Нұр Отан» ХДП XIII съезд өтті.
- 21–23 ақпан. ҚХР ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтің мемлекеттік сапары өтті.
- 23 ақпан. «Ғылым туралы» ҚР Заңы жарияланды.
- 15 наурыз. Ақордада ел Президентінің төрағалығымен көлік және азық-түлік қауіпсіздігі, жаңа әскери доктринаның өңдеулері, құқық қорғау жүйесінің жетілдірулері, жемқорлыққа қарсы күрес сұрақтары талқыланған Кеңестің кезекті мәжілісі өтті.
- 3 сәуір. Қазіргі ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сенімді жеңіске жеткен, республикада кезектен тыс президенттік сайлау өтті.
- 8 сәуір. Астанада Тәуелсіздік Сарайында ҚР Президентін ұлықтау рәсімі өтті.
- 18 сәуір. Астанада XVII Қазақстан халқының Ассамблеясы ашылды, осы жұмыста ел Президенті Н. Назарбаев ат салысты және сөз сөйледі.
- 27 сәуір. Астанада ТүркАП Кеңес отырысы өтті, осы Ұйымдағы төрағалық эстафетасы Қазақстанға ауысты.
- 3 мамыр. 80 әлем елдерінен 3 мыңнан аса қатысушылар жиналған IV Астаналық экономикалық форум өтті.
- 18 мамыр. Астанада Н. Назарбаевтің төрағалығымен ҚР Президенті жанында шетелдік инвесторлардың пленарлық Кеңесінің мәжілісі өтті.
- 7–9 маусым. Қазақстанның астанасында VII Бүкіләлемдік ислам экономикалық форумы өтті.
- 15 маусым. Астанада Н. Назарбаевтің төрағалығымен ШЫҰ мерейтойлық саммит өтті.
- 18 шілде. Ұлттық «Казсат-2» байланыс серігі жер сыртындағы орбитаға шығарылды.
- 21 шілде. ҚР Президентінің Жарлығымен мемлекеттік қызметтің жаңа үлгілік тұжырымдамасы бекітілді.
- 21 қазан. Президент Н. Назарбаевтің төрағалығымен Алматыда түркі тілді мемлекеттердің ынтымақтастық Кеңесінің Саммиті өтті.
- 10 желтоқсан. ҚР Парламент Сенаты ҚР мемлекеттік тәуелсіздік Декларациясын қабылдады.

## Мазмұны

Кіріспе .....	3
<b>Ғазалиев А.М.</b> Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің өнегесінде қазақстандық отаншылдықты қалыптастыру (ҚарМТУ тәжірибесінен).....	5
<b>Матвеевкова Л.Г.</b> Отаншылдық әлеуметтік өмір құбылысы ретінде.....	8
<b>Смағұлов Н.Қ.</b> Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті .....	11
<b>Шаймұханова С.Д.</b> Н.Ә. Назарбаевтың өмірлік жолы .....	17
<b>Волкова А.В.</b> Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлауы мен дамуындағы Н.Ә. Назарбаевтың ролі. «Қазақстан - 2030» стратегиясы. Қазақстан Республикасының 2020 жылдарға дейінгі стратегиялық даму жоспары .....	19
<b>Колесникова Л.И.</b> Қазақстанның экономикалық стратегиясын әзірлеудегі Н.Ә. Назарбаевтың ролі.....	25
<b>Колесникова Л.И.</b> Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдары үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы.....	29
<b>Сиводедова А.В.</b> Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясат.....	36
<b>Ивлева Е.Н.</b> Қазақстан Республикасындағы жастар саясат.....	44
<b>Матвеевкова Л.Г.</b> Н.Ә. Назарбаевтың ішкі саяси тұрақтылықты нығайту және қазақстандық қоғамды біріктіру бойынша бастамалары.....	52
<b>Матвеевкова Л.Г.</b> Н.Ә. Назарбаевтың ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтудағы ролі.....	59
<b>Матвеевкова Л.Г.</b> Қазақстан халқының ассамблеясы– ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің теңдессіз институты.....	65
<b>Матвеевкова Л.Г.</b> Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттік сәйкестікті құру стратегиясын әзірлеудегі ролі.....	71
<b>Баймұханова Ә.М, Нөкербекова Ә.Х.</b> Ұлтаралық келісім – Н.Ә. Назарбаев саясатының стратегиялық векторы.....	77
<b>Жұмақанова Ұ.С., Марченко К.С.</b> Толеранттық және өзара құрмет – Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық қарым-қатынастар принциптері.....	82

**Нығметова Н.Т.** Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасындағы тілдердің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етудегі инициативасы.....89

**Қарасартова М.М., Шорманбаева Д.Г.** Н.Ә. Назарбаевтың қазақстандық қоғамды демократияландыру мен заңды мемлекетті қалыптастырудағы рөлі.....95

**Сүлейменова М.Ж.** Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы – қоғам дамуының стратегиялық бағыты.....102

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың стратегиялық маңызды бастамаларының жылнамасы .....117

**ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ТҮЛҒАСЫНЫҢ  
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТАНШЫЛДЫҚТЫ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РОЛІ**

**1-кітап**

2-ші басылым, өңдел. және толық.

**Құрастырушы авторлар:** Байжабагинова Г.А., Матвеевкова Л.Г., Волкова А.В., Сламбекова А.К., Смағұлов Н.Қ., Шаймұханова С.Д., Колесникова Л.И., Сиводедова А.В., Нығметова Н.Т., Нөкербекова Ә.Х., Баймұханова Ә.М., Марченко К.С., Жұмақанова Ұ.С., Ивлева Е.Н., Қарасартова М.М., Шорманбаева Д.Г., Сүлейменова М.Ж.

31.03.2004 ж. берілген № 50 мемл.баспа лиц.  
Басуға 15.12.2011 ж. қол қойылды. Тапсырыс 1920.  
Пішімі 60x84x16. Есептік баспа табағы 4,5. Таралымы 3 дана.  
Бағасы келісімді.  
ҚарМТУ баспасы. 100027. Қарағанды. Бейбітшілік бульвары, 56